

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

**Казахский язык и литература
в русской школе**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

7/2012 ШІЛДЕ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ,
Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия
КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Мұғалімдерге көмек

Қаламқас ШАКИМОВА.	Мәтінмен жұмыс – тіл ұстартудағы басты құрал.....	3
Айдос ӘБДІХАЛЫҚОВ,	Қазақ тілін деңгейлеп оқыту үдерісінде	
Мира САДУАҚАСОВА,	тіл менгеру деңгейін бағалау	
Жанар БЕЙСЕМБАЕВА.	құралдарын пайдалану.....	10
Айнаш АБДУЛЛАБЕКОВА.	Орыс дәрісханасында буын үндестігіне бағынбай- тын сөздерді оқыту барысындағы	
	интеллектуалдық ойын.....	20
Арайлым ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ.	Орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың ұтымды жолдары.....	24

Тамыз мәслихатының талқысына

Айжан РАХИМОВА.	Халықтық педагогика – тәрбиенің қайнар көзі.....	26
Зәуреш ҚАРСАҚБАЕВА.	Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне қызығушылығын ояту.....	30
Гүлденді ТОҚТАУБАЙҚЫЗЫ.	Заман талабы – үштілділік.....	33
Асылжамал ҚАБИДОЛДИНА.	Мемлекеттік тілді үйретуде оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді тәсілдері.....	38
Алмагүл САДУАҚАСОВА.	Грамматикалық білімде – Абылайдың түсі.....	47
Ардақ НҰРҒАЗИНА.	Грамматикалық ұғымдарды ұқтырған ұлттық аспаптар.....	54
Назым МУЛДИЯРОВА.	Адамның денсаулығы.....	60

Психологиялық тренинг

Ботагөз НАУРЫЗҒАЛИҚЫЗЫ.	Қарым-қатынас жасау данышпаны.....	68
-------------------------	------------------------------------	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Сағдат ЖАРҚЫНБЕКОВА.	Қазақтың ірі ақыны - Қасым Аманжолов.....	76
----------------------	-------------------------------------------	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Әсемгүл ҚАЛИЛАҚЫЗЫ.	Сөздік қор мен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?».....	86
Қалжан АШИМХАНОВА.	Талғаулықты салалас пен Балқаш тарихи-өлкетану мұражайы.....	91
Лаура НҰРЫШЕВА.	Салалас құрмалас сөйлемдерді пысықтау.....	95
Ақбал КЕЖЕНОВА.	Тіл ұстартқан менің қалам.....	98
Дәмежан ЖАНБЕКОВА.	Буын және менің отбасым.....	102
Назигүл ШАҚПАҚБАЕВА.	Модульдік технологияны қолдану әдістемесі...	106
Жұмакүл ДОСМАҒАНБЕТОВА.	Мемлекеттік рәміздер тарихы мен сөздігі.....	112
Гүлназ БЕЙСЕНОВА.	Тілдер мерекесі.....	115
Қапиза АСАИНОВА.	Есімдік, оның түрлерінде түлеген төрт түлік.....	118
Олеся КОЗЫРЕВА.	Сын есімдерге бай Қазақстан.....	122

Интеграциялық сабақ

Бибігүл МЫРЗАНОВА,	Халықтың салт-дәстүрлерін	
Марина ТЕРНОВА,	мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас	
Елена ЛАТЫПОВА.	сөйлеммен оқыту.....	127

Білім сынағында

Жанар ҚҰСАЙЫНОВА.	Жыл мезгілдері бойынша деңгейлік тапсырмалар.....	135
Райхан ЖЕТПІСОВА.	Қазақ тілі пәніне арналған кеспе қағаздар.....	138

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС – ТІЛ ҰСТАРТУДАҒЫ БАСТЫ ҚҰРАЛ

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі сабағын жүргізудегі мәселенің бірі – тіл дамыту. Қазақ тілін оқытуда ерекше назар аударатын мәселе – орыс мектептеріндегі оқушылар құрамы сан алуан ұлт өкілдерін құрайтынын назардан тыс қалдырмау. Орыс балалары қазақ тілін екінші тіл ретінде оқып, үйренеді. Оқушылардың қазақ тілін үйренуі – танымдылық үрдіс, соның нәтижесінде олар ана тілінен басқа тілді де меңгере алады.

Орыс мектебінде оқылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгертуді, туған республикасының тыныс-тіршілігімен жан-жақты, терең таныстыру. Сабақ өткізу – оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі.

Қазақ тілі сабағының бір мақсаты – сөйлеу тілін қалыптастыру. Тілді оқыту әдістемесінде «мәтін» ұғымы «кең» және «тар» деген көлемде түсіндіріледі. Мектеп оқулықтарында мәтін ұғымы «кең» көлемде беріледі.

«Мәтін» – мазмұны мен грамматикалық жағынан байланысқан сөйлемдер тобы.

Мәтінмен жұмыс сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

- Дыбыстармен жұмыс;
- Сөздіктермен жұмыс;
- Сөздік қорларын жетілдіру;

- Тіл дамыту,
- Ережемен жұмыс;
- Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Мәтінмен жұмыс жасағанда әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Сол қолданылатын әдіс-тәсілдердің мақсаты оқушыларға айқын болуы керек. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балаларды қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше дайындалуға дағдыландыру. Міне, осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі.

Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай келуі керек. Осыған байланысты мәтінмен жұмысты түрлі әдістермен жүргізуге болады.

Ол үшін қазақ тілінде оқудың төмендегідей ерекшеліктерін меңгерткен жөн:

- а) қазақ тіліне тән айтылуы, жазылуы;
- б) ол дыбыстарды айтылу және жазылу жағынан бір-бірінен ажырата білу;
- в) «О» дыбысының қазақ тілінде ешқандай өзгеріссіз болатынын орысша айтылуымен салыстыра түсіндіру.

Пайдаланып жүрген мәтінді оқудың мынадай түрлері бар:

1. Дауыстап оқу;
2. Іштей оқу;
3. Араласып оқу, кезекпен оқу;
4. Буынға бөліп оқу;
5. Мәнерлеп оқу;
6. Сөйлемдерді мазмұнына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.

Мәтін – тіл үйретудің негізгі бірліктерінің бірі. Оқушылардың тілін дамыту үшін бір тақырыпқа бірнеше мәтін алған дұрыс. Тіл үйретудің алғашқы кезеңінде көлемі шағын, мазмұны күрделі емес арнайы құрастырылған мәтіндер арқылы жұмыс істеу тиімді болмақ, лексикалық материалдың қызметі жөнінде ұғым бере отырып, сөйлеуге дайындаймыз. Қазақ тілі сабақтарында мәтінді пайдалану тек тіл дамыту жұмыстары үшін ғана пайдалы емес, оқушы зейінін дамытады, оқу мәнерін жақсартады, сауатты жазу дағдыларын да қалыптастырады. Мәтіндегі мәліметтің жаңа, қайталанбаған болуы оқушының қызығушылығы мен ойлау қабілетін арттырып, сөздік қорының баюына жол ашады.

Сондықтан мәтін таңдағанда мазмұнының қызықты, оқушы түсінігіне сай болуын ойластырумен қатар танымдық, тәрбиелік мәнін естен шығармаған жөн.

Мәтін бойынша жұмыс істеу барысында оқушының тілі баюымен қатар грамматикалық формаларды түсініп, меңгереді, синтаксистік конструкцияларды ажырататын болады. Мәнерлеп оқу, сөйлеу дағдылары қалыптасады, оқу үшін тапсырмалар белгілі бір жүйеде жүргізілуі қажет.

Мәтін бойынша берілетін тапсырманы мәтінмен танысқанға дейін, анализдерді талдау барысында немесе мәтінмен танысқан соң берген тиімді. Мәтін оқушыға білім береді, ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді. Мәтін осы қызметтерді толық атқару үшін оған мынадай талаптар қойылады:

а) Мәтін оқушының жас ерекшелігіне, түсінігіне сәйкес болуы керек. Осымен байланыстыра әр сыныпта оқылатын мәтін әр түрлі деңгейде болады.

ә) Мәтін мазмұнында әр сыныптың оқушыларының білім деңгейіне, дүниетанымына сай болуы керек, оқушыларға таныс емес, оқушы түсінбейтін мазмұнды мәтін алынбау

керек.

б) мәтіннің мазмұны оқушыны қызықтыратындай болуы керек. Қызықтыратын мәтіндерді оқушы жақсы меңгереді.

Мектепте қазақ тілі сабағы сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелеу, түсінгенін айту, аударма түрінде өткізіледі. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, күйтабақтар, диафильм үзінділері пайдаланылады. Қазақ тілін үйренуде мектеп оқушыларына қойылатын талаптар төмендегідей:

- мұғалімнің айтқанына түсіну;
- мәтінді дауыстап оқу;
- мәтінді біршама шапшаң оқуға дағдылану;
- мәтінді түсініп оқуға дағдылану;
- мәтінді мәнерлеп оқуға дағдылану;
- мәтін бойынша сұраққа жауап беру;
- мәтіннен жаңа сөз, сөйлемдерді таба алу;
- екі тілдік аударма жасауға дағдылану;

Сонымен мәтін бойынша жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарына:

- ерекше дыбыстарды меңгерту;
- мәтін оқу;
- сұрақтарға жауап беру;
- сұрақтарды қоя білу;
- оқығанын өз сөзімен ауызша айта білу;
- сөздікпен жұмыс;
- суретпен жұмыс жатады.

Мәтінмен танысқаннан кейінгі тапсырма:

1. Мәтінді оқимыз. Мысалда қанша кейіпкер бар?
2. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар.
3. Мәтін мазмұнына сүйеніп, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Дұрыс таңдалған (қысқа мазмұнды, оқиғасы қызғылықты, грамматикалық материалға сай, оқушы қабылдауына ыңғайлы) мәтін, нақтылы іріктелген тапсырмалар оқушы тілін

дамытатыны сөзсіз, әрине, жұмыстың жүйелі жүргізілуі негізгі шарттың бірі болмақ, оны тәжірибе көрсетіп отыр.

Оқушының сөздік қорын байытуда тірек сөздердің негізінде сөз туындату жолдарын мемлекеттік тілде оқымайтын мектептерде пайдаланудың да тиімділігі көп.

Оқушыларға арнайы сызба ұсына отырып, тірек дыбыстарды ғана белгілеп, сөз жасату арқылы оқушылардың белсенділігін арттырамыз.

Мысалы: 1. А () ата, апа, аға, ана, аса, ара.

2. () А () қаз, қас, қал, қар, қат.

Қас-у, қаш-у, қаз-у, қал-у, қар-у.

Бұл сызбаларға дыбыстар қоса отырып, лексикалық мағынасы бар сөз тізбегін жасатуға болады. Оқушылар сөз мағынасына көңіл бөле отырып, сөз тіркесін жасайды.

Егер оны сызба түрінде белгілесек, сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлем құратуға дағдыландырамыз.

1. Алма-ағаш.

2. Алма – жеміс ағашы.

3. Алма – көпжылдық жеміс ағашы.

Сөйлемдегі сөздерден алма ағаш, көпжылдық ағаш, жеміс ағашы, т.б. бірнеше сөз тіркесін жасата отырып, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуді үйретеміз. Мәтінмен, сөздікпен, оқулықпен жұмыс жүргізуде оқушының оқығанын өмірде іске асыруға, өз көзқарасын, пікірін білдіруге қабілеті қандай екендігін анықтаймыз. Оқушылар мәтіндегі сөз мағынасына көңіл бөле отырып, ұғынуға ауыр сөздерді дәптерлеріне жазып, аудармасын табады. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда диалог, монолог, жағдаят, сұхбат арқылы оқушылардың тілін дамытамыз.

Орыс мектептерінде қазақ тілін нәтижелі үйрету үшін оқушыларға ана тілі мен қазақ тілі арасындағы айырмашылықтарды еске ала отырып, соларға негіздей

оқытқанда ғана сабақ табысты және тиімді болады.

Қазақ тілінің негізгі мақсаты – оқушыларға қазақша үйрету болғандықтан, мұндағы негізгі жұмыс – сөз үйрету.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда ұстаз белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі ерекше орын алады.

Тіл үйретудің нәтижелі болуы көптеген жағдайларға байланысты:

- Оқушының қабілеті;
- Мұғалімнің шеберлігі;
- Мұғалімнің тіл үйрету тәжірибесі;
- Оқыту тәсілдері;
- Көрнекілікті дұрыс қолдануы;
- Оқушының тілді үйренуге деген ынтасы.

Әр мәтінмен жұмыс жасаған кезде таныс емес сөздерге қоса омоним, синоним, антоним сөздерінің де аудармасын меңгертіп, аударма жұмыстарын жасатып, қорытынды жасауға дағдыландыра отыру қажет.

Қазіргі заман және бағдарлама талаптарына сай оқу дағдысы бойынша нәтижеге жету үшін оқулықтардағы мәтіндер балаларды қызықтыратындай болғаны тиімді. Қазақ тілі пәні арқылы қазақ тілінің байлығы, көркемдігі, әуезділігі, сөйлеу мәдениеті, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық нормалары мен өзіндік ерекшеліктері танылады және оны қолдануда пайдалану дағдылары меңгеріледі. Оқушыны терең әрі жинақы біліммен қаруландыру ұстаздың жаңаша ойлап, жаңаша жұмыс істеуін талап етеді. Яғни, оларды дамыта оқыту керек. Ал дамыта оқыту – оқушыны болашақ өмірге дайындау деген сөз.

Дамыта оқытудың идеяларын жүйелі қолға алғанда ғана оқушыларымыз жылдың соңында өткізілетін сынақ жұмыстарында дұрыс нәтиже береді.

«Қазақ тілі» пәні сөз өнері, сөйлеу үлгісі, сөздің қолданудағы мағыналық бояуларының ерекшеліктері арқылы оқушының сезіміне, ақыл-ойына әсер етіп дамытады. Мұнда тілдің танымдық, тәрбиелік және дамытушылық қуаты, мүмкіндіктері ашылып, тіл үйренушінің қызығушылығы артады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деген еңбегінде былай дейді: «Қазақ ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі тұғыр – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту... ана тілінен артық бұл дүниеде қымбат не бар екен?»

Тіл – халықтың байлығы, айнасы. Оның тазалығын сақтау – үйретуден.

Осы туралы Н.Ә.Назарбаев былай деген: «Қазақ тілі – өте әдемі, көркем тіл, сондықтан бұл тілді білмеу мүмкін емес»

Сол себепті мемлекеттік тілді үйретуде бар күш-жігерімізді пайдаланып, білімімізді жетілдіріп, жаңа технологияларды қолданып, қажымай еңбек етуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана. 2007.
2. Ж.Адамбаева. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №5, 2001ж., №3, 2002.
3. Т.Мейірманқұлова. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №10, 2002.
4. Ж.Досымбекқызы. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №6, 2005.
5. Қ.Шоразова. Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 1994.



Айдос ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Мира САДУАҚАСОВА,
Жанар БЕЙСЕМБАЕВА,
Ұлттық тестілеу орталығының
Мемлекеттік тілді дамыту
басқармасының қызметкерлері.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТІЛ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

(Соңы. Басы өткен санда)

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тест құрамы тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктерден тұратыны белгілі. Әрбір бөліктер бойынша тапсырмалар «өте оңай тапсырмадан күрделіге» қағидатын негізге ала отырып құрастырылған. Тест тапсырмаларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттар негізінде анықталады.

Тапсырмалардың өзі тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негіздеп, тілдік ортада тіл қолдану мүмкіндіктері салаларына бағытталған. Деңгейден деңгейге өтуде сабақтастық қағидаты сақталып отырады, төменгі деңгейде белгілі біртақырып бойынша өте қарапайым тапсырма берілсе, одан жоғары деңгейде дәл сол тақырып қарастырылып, бірақ сөздік қоры да күрделірек, тапсырма түрі де қиынырақ болып келеді.

Осы ретте қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау емтиханына дайындалудың оқу-әдістемелік құралдары әзірленді [4]. Оның ерекшелігі жоғарыда айтылғандай тест

құрамындағы сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларына тоқталып, талдап, қорытынды тест тапсыру арқылы тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен, ендігі жерде қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтаудың ҚАЗТЕСТ тестілеу емтихандарына дайындалудың «ТІЛ-ҚҰРАЛ» оқу-әдістемелік құралдары қолданысқа енгізілді. Бұл да тілді меңгеруге деген ынтаның септігі болады, яғни, тілдік емтихандарға «қандай оқулықпен дайындалу керек?» деген сұрақтың жауабы бола алады. Дей тұрғанмен, ендігі ретте сол тест тапсырмаларының мазмұнымен тікелей бетпе-бет келуді және ол емтиханнан мүдірмей өтуді әрбір тіл үйренуші армандайтыны анық. Сондықтан сол тест тапсырмаларының өзіне тікелей тоқталайық.

Тыңдап түсінгенін бағалауға арналған Тыңдалым бөлігінің тест тапсырмалары туралы мәлімет берейік. Тапсырмалар тіл меңгеру деңгейіне байланысты бір репликадан тұратын тілдік қатысымдардан төрт немесе бес адам қатысатын полилогтардан тұрады. Мәтіннің мазмұнына сәйкес диалогты жалғастырыңыз, сөйлемді толықтырыңыз, мәтін мазмұны бойынша дұрыс ақпарат пен дұрыс емес ақпаратты көрсетіңіз және т.б. тапсырма түрлері тіл меңгеруге деген ынтаны арттыруға септігін тигізеді. Мысалы, қарапайым деңгейге арналған келесі репликаны талдап өтейік:

- Қасыңыздағы қарындасыңыз ба?
- Иә,

Осы репликаны жалғастыру арқылы диалогты толықтыру керек. Диалог бойынша тест тапсырмасы келесідей:

Диалогты толықтырыңыз.

- А) ағамның қызы;
- Ә) әйелімнің сіңлісі;
- Б) әпкемнің баласы;
- В) ағамның жолдасы.

Ғалым В.Аванесовтың тұжырымы бойынша тест тапсырмасын қалыптастыру барысында әрбір әзірлеуші дайын болған тапсырма мазмұнынан «О чем это задание?» деген сұраққа жауап таба алуы керек [5]. Сол себепті осындағы туыстық атауларды тіл үйренушінің сөздік қорында болуын бағалауға арналған *қарындас, аға, әйел, әпке, жолдас* сөздері қамтылған. Бұл сөздер қарапайым деңгейдің сөздік қорында бар, яғни, қарапайым деңгейде туыстық атаулардың біразын білуі қажет. Сонымен бірге ағасының қызы сұхбаттасушыға қарындас болатынын білуі де және әйелінің сіңлісі, әпкесінің баласы, ағасының жолдасы қарындас бола алмайтынын білуі тіл меңгеру деңгейін анықтауға септігін тигізеді. Сұхбат тақырыбы – күнделікті әлеуметтік тақырып, яғни, қарапайым деңгейдің қарастыру тақырыбы көлемінде. Енді, жауап нұсқасы ретінде келтірілген дұрыс емес жауап нұсқаларына талдау жасай кетейік. «Әпкемнің баласы» нұсқасы «әлсіз» нұсқа болады, өйткені тіл үйренуші тілдегі сөздер мен сөз тіркестерін қажетті көлемде қалыптастырған болса, ұл балаға «қарындас» деп айтылмайтынын білуі керек, сондықтан бірден жауап нұсқасы бола алмайтын нұсқа ретінде шығарып тастайды. «Ағамның жолдасы» нұсқасына келсек, ағасының жасы сұхбаттасушыдан үлкен, сондықтан оның жолдасы оған қарындас бола алмайды, екіншіден, қазақ тілінде «жолдас» сөзін ер кісінің әйелі ретінде де қарастырады, сондықтан бұл нұсқа да дұрыс емес жауап нұсқасы, бірақ алдыңғы нұсқаға қарағанда «күштірек». «Әйелімнің сіңлісі» нұсқасы «өте күшті» жауап нұсқасы болады, өйткені сұхбаттасушының әйелінің сіңлісі сұхбаттасушыдан жасы кіші, сондықтан қазақ халқында

калыптасқан үрдіс бойынша өзінен жасы кіші қыз балаға ер адам қарындас деп сұхбаттасуы мүмкін. Алайда ер кісінің әйелінің сіндісі оған қарындас деп айтылмайды. Жауап нұсқасы ретінде ер адамның әйелінің сіндісі оған «балдыз» деп аталатынын көрсетіп, жауап нұсқасы ретінде де көрсете алмаймыз, өйткені бұл сөз қарапайым деңгейдің сөздік қорында жоқ.

Қарапайым деңгейге арналған келесі тағы бір тапсырманы қарастырайық.

Тыңдаңыз.

- Танысып қойыңдар. Бұл – Асқар, Тараздан.

- Қуаныштымын. Менің атым – Қайнар.

Егер жай ғана тыңдағанын есте сақтау тапсырмасын құрастыру керек болса, онда тест тапсырмасы келесідей болар еді.

Диалог бойынша тест тапсырмасы.

Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Асқар ... келген.

А) Тараздан;

Ә) Шымкенттен;

Б) Қызылордадан;

В) Маңғыстаудан.

Енді мұндағы Шымкенттен, Қызылордадан,

Маңғыстаудан дистаркторлары өте әлсіз жауап нұсқалары. Өйткені диалог барысында мұндай қалалар туралы мүлде айтылған жоқ. Тек есте сақтау қабілеттерін ғана бағалауға арналған бұл тапсырма тіл меңгеруге деген ынтаға ешқандай септігін тигізбейді. Оның орнына,

Сөйлемді толықтырыңыз.

Асқар ... келген.

А) батыстан;

Ә) шығыстан;

Б) оңтүстіктен;

В) солтүстіктен.

Тест тапсырмасын ұсыну арқылы тіл үйренушінің бағыттардың қазақша атауын білу қабілетін, Тараз қаласы оңтүстік аймаққа жататындығын білу арқылы тіл үйренушінің мәдени-әлеуметтік құзыреттілігін бағалауға болады. Батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік сөздері бойынша сөздік қорын бағалауға, екіншіден, мәдени-әлеуметтік танымының жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы арқылы тіл меңгеруге деген ынтаны тудырады. Тапсырмада пайдаланылған сөздер де деңгейдің сөздік қорынан шығып кеткен жоқ [6].

Әрбір тест тапсырмаларын мақсатқа лайықтау барысында ғылыми ізденіс талап етіледі. Тіл меңгеру деңгейіне байланысты әдеби шығармалардан, ақындардың өлеңдерінен үзінділер келтіру арқылы тіл меңгеруге деген ынтаны арттыруға ықпал етерліктей тест тапсырмаларын әзірлеуді қарастыру қажет. Әрине, сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер деңгейдің сөздік қоры көлемінде болуы керек.

Мысалы, базалық деңгейге арналған лексика-грамматикалық құрылымға арналған тест тапсырмасын қарастырайық.

Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз.

Өзімнің есебімде,

Мен биыл дәл қырықтың бесеуінде ...

(М.Мақатаев, Өзімнің есебімше)

А) Ол қырық беске келді.

Ә) Қырық бес жасқа толады.

Б) Биыл ол қырық алтыға толды.

В) Оның жасы биыл қырық жаста.

Осындағы «қырықтың бесеуі» тіркесі арқылы ақын қырық бес жасты айтып отырғанын түсінгенін бағалауға болады. Сан есімнің түрленуін түсінгенін және оны тіл

қолдануда пайдалана билетіндігін бағалауға арналған тест тапсырмасы бола алады.

Лексика-грамматикалық құрылымды бағалауға арналған бірнеше тест тапсырмасын келтірейік.

Қарапайым деңгей.

1. Айтылуы жіңішке сөзді белгілеңіз.

А) ат;

Ә) дос;

Б) есім;

В) бала.

2. «Үлкен» сөзіне қарама-қарсы сөзді табыңыз.

А) кіші;

Ә) биік;

Б) ұзын;

В) күшті.

Бұл тест тапсырмалары қазақ тіліндегі айтылуы жіңішке, жуан сөздерді ажырата білу және олардың мағынасын түсіну, сөздердің қарама-қарсы мағыналарын білу құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталған. Жауап нұсқаларының қаншалықты «әлсіз», «күшті», тіл меңгеруге деген ынтаны арттыруға септігін тигізетінін білу қиын емес.

Оқып-түсінуге арналған келесі «Оқылым» бөлігінің базалық деңгейге арналған мәтінін тест тапсырмаларымен бірге қарастырайық.

1-мәтін.

Пойызбен сапар шегу қолайлы.

Мен ертең Астана қаласына сапар шегемін. Ауа райы сапар шегуге қолайлы болып тұр. Алматы – Астана бағытында жүретін жүрдек пойызына билет алу үшін кассаға тапсырыс бердім. Пойызбен сапар шегу қолайлы. Пойызда төсек орынға жайғасуға болады. Пойызға отырғанда жолсерік билетті, төлқұжатты тексереді. Сондықтан қажетті төлқұжаттарды, билетті ұмытпау керек. Пойыздың терезесінен даланың сұлу

табиғатын көруге болады.

Астанаға барғанда қонақ үйге тапсырыс беремін.
Астанада тамаша ғимараттар көп. Кешке қаладағы әдемі
ғимараттарды тамашалауға болады.

1. Оқыған сөйлемді жалғастырыңыз.

Астанаға сапарға

- А) шығады;
- Ә) шығасыз;
- Б) шығамын;
- В) шығасындар.

2. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

- А) Пойызда газет оқығанды ұнатамын.
- Ә) Астанаға автобуспен барған қолайлы.
- Б) Алматыдан Астанаға пойыз үш тәулік жүреді.
- В) Билет алу үшін кассаға тапсырыс беруге болады.

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- А) Мен Астанада тұрамын.
- Ә) Бүгін мен сапарға шығамын.
- Б) Астанаға пойызбен барамын.
- В) Ертең Астанада күн суық болады.

4. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты таңдаңыз.

Пойызға отыру үшін ... қажет.

- А) жолсерік пен бекет;
- Ә) тамақ пен сусындар;
- Б) газет пен теледидар;
- В) билет пен төлқұжат.

5. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- А) Астанаға сапарға шығу;
- Ә) Астанада қонақүйге орналасу;
- Б) Астанадағы ғимараттарды көру;
- В) Пойызбен сапарға шығудың қолайлылығы туралы.

Базалық деңгейге сәйкес сөздер мен сөз тіркестерінің минималды қорына негізделіп әзірленгенімен, мәтіннің өзінде «төлқұжат», «жайғасу», «тамашалау» сияқты таныс емес сөздер үлесі де бар. Алайда бұл сөздердің мағынасын толық түсінуге арналған арнайы тест тапсырмасы жоқ. Олай болса, 5-10 пайызға дейін келесі деңгейдің сөздік қорынан алынған сөздер мен сөз тіркестері тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейін әрі қарай жетілдіре беруіне ықпал етпесе, кедергі келтірмесі анық және ол ғылыми тұрғыда дәлелденген [6]. **Жолсерік, ғимарат, сапар шегу, жүрдек пойыз, қолайлы, тапсырыс беру, сұлу табиғат, кешкі қала** секілді сөздер мен сөз тіркестері тіл үйренушінің күнделікті әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында ғана алынып, сөздік қордың қалыптасуына тағы да септігін тигізеді.

Жалпы ҚАЗТЕСТ жүйесі тест тапсырмаларының мақсатқа лайықтылық дәрежесі бірнеше ғылыми ізденістермен дәлелденген. Әр тест тапсырмасының қиындық үлесі, жалпы тест сенімділігі сияқты қасиеттерінің анықтау мақсатында арнайы статистикалық бағдарламалық жабдықтаулар көмегімен анықтау тест тапсырмаларының сапасын көтеру мақсатындағы әдеттегі іс-шараға айналған. Тапсырмалардың сапасын тәжірибе көрсетіп отырғандығын әр түрлі мақсатты топтардағы байқау сынақтарынан көруге болады. 2006 жылдан бері алты жыл ішінде 20 000-ға жуық тіл үйренуші ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы байқау сынақтарынан өткен. Әрбір сынақтан соң ерікті түрде сауалнамалар өткізіледі. Сауалнамада «Тест тапсырмалары Сіз үшін қаншалықты қиын?», «Тапсырмаларды түсіндіңіз бе?», «Аудиоматериалдарды түсіндіңіз бе?», «Өзіңізді қазақ тілін қандай деңгейде меңгергенмін деп ойлайсыз?» деген сауалдар арқылы тапсырмалардың сапасын көтерудің тағы да бір қырын анықтап, сол бойынша оңтайлы шешімдер мен кезектен тыс сараптамалар ұйымдастырып келеді.

Қазіргі таңда ҚАЗТЕСТ жүйесі азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауға негізгі тетік ретінде енгізуге дайын. Тіл саясатындағы негізгі тірек – мемлекеттік тілді кімнің қай деңгейде білуі тиіс деген сұрақтың да жауабын беруге әзір бірден-бір механизм ретінде де мақсатқа лайықты жүйе болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру»;

ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру»;

ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру»;

ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру»;

ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».

2. Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері бойынша Тест спецификациясы, ҚАЗТЕСТ жүйесі (тыңдалым, лексика-грамматика, оқылым бөліктері бойынша), Ұлттық тестілеу орталығы, 2008.

3. Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық-лексикалық минимумы. Қарапайым деңгей. Авторлар ұжымы, ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, Ұлттық тестілеу орталығы, Астана, 2011.

Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық-лексикалық минимумы. Базалық деңгей. Авторлар ұжымы, ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, Ұлттық тестілеу орталығы, Астана, 2011.

Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық-лексикалық минимумы. Орта деңгей. Авторлар ұжымы, ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, Ұлттық тестілеу орталығы,

Астана, 2011.

Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық-лексикалық минимумы. Ортадан жоғары деңгей. Авторлар ұжымы, ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, Ұлттық тестілеу орталығы, Астана, 2011.

Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық-лексикалық минимумы. Жоғары деңгей. Авторлар ұжымы, ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, Ұлттық тестілеу орталығы, Астана, 2011.

4. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындалудың оқу-әдістемелік құралы, «ТІЛ-ҚҰРАЛ», Қарапайым деңгей, Астана, 2011, 250-б.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындалудың оқу-әдістемелік құралы, «ТІЛ-ҚҰРАЛ», Базалық деңгей, Астана, 2011, 270-б.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындалудың оқу-әдістемелік құралы, «ТІЛ-ҚҰРАЛ», Орта деңгей, Астана, 2011, 252-б.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындалудың оқу-әдістемелік құралы, «ТІЛ-ҚҰРАЛ», Ортадан жоғары деңгей, Астана, 2011, 244-б.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындалудың оқу-әдістемелік құралы, «ТІЛ-ҚҰРАЛ», Жоғары деңгей, Астана, 2011, 268-б.

5. В.С.Аванесов. Форма тестовых заданий, Москва, Центр тестирования, 2006, 156-с.

6. А.Н.Щукин. Методика преподавания русского языка как иностранного, М., «Высшая школа», 2003, 334-с.



ОРЫС ДӘРІСХАНАСЫНДА БУЫН ҮНДЕСТІГІНЕ БАҒЫНБАЙТЫН СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН

Орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – студенттерді қазақша сөйлеуге, өз ойын еркін айта алуға, сонымен бірге студенттерге келешек маман ретінде қарап, оларды өз мамандығы бойынша тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Медицина саласындағы орыс топтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарында интеллектуалдық ойын түрінде оқыту – студенттердің сөйлеу, баяндау арқылы сөз байлықтары артып, сөйлесу шеберліктері мен мәдениеті ұштаса түседі. Үндестік заңы туралы түсінік беруде қазақ тіліне тән сөздерде жуан дауысты дыбыстардан кейін жуан дауыстылар, жіңішке дауыстылардан кейін жіңішке дауыстылар келетіні, тек араб тілінен енген кейбір сөздердің бұл заңға бағынбайтынын ойындар жүргізу арқылы меңгертуге болады.

Интеллектуалдық ойын 4 кезеңнен тұрады. Студенттер топқа бөлінбей, барлығы жеке-жеке қатысады. Себебі “мен” деген ерекше аталады. Алдымен слайдтан “Қазақстан халықтарының тілі” тақырыбындағы мәтін көрсетіледі. Ондағы буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар ерекшеленіп көрсетілген. Оның себебін студенттер айтады. Жаңа сабақты еске түсіреді. Ойынның мақсатын түсінеді.

Сабақтың тақырыбы: Қазақстан халықтарының тілі.

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.

Мақсаттары:

1. Білімділік: мәтін мазмұнынан ой түйіп, өз пікірін ашық айтуға, нақты жауап беруге, жеке және бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру.

2. Дамытушылық: сөздік қорларын байыту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Оқығанын, естігенін белгілі мөлшерде түсіне білу. Ізденімпаздық қасиеттерін арттыру, ой-өрісін дамыту.

3. Тәрбиелік: ізденуге, еңбектенуге, тереңінен түсіне білуге, Отанды, тілді сүйуге және сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа сабақты меңгеру.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, интеллектуалдық ойын.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.


II. Үй тапсырмасын сұрау.

III. Жаңа сабақ.

1998 жылдан бастап 22 қыркүйек “Қазақстан халықтарының тілі” күні ретінде аталып келеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Тіл халықпен бірге өмір сүреді. М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы сияқты жазушылардың тіл туралы өлеңдері, нақыл сөздері егеменді елдің ертеңін тәрбиелейді. Білімпаз халық өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауы тиіс.


I кезең. Менің айтар сөзім бар.

Слайдта әріптер берілген, сол әріптерден буын үндестігіне бағынбайтын сөздер құрайды. Әрбір студент бір сөзден айтады, себебін түсіндіреді.



II кезең. Мен білемін.

Ұяшықта буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар берілген. Әр студент осы қосымшаларды пайдалана отырып, мысал келтіреді.



III кезең. Мен жылдаммын. Слайдта берілген сөздермен сөйлем құрау.

Дәріхана

Шекара

Сәнқой

Өнерпаз

Білімқұмар

Жемқор

IV кезең. Мен өнерлімін.

Білімпаз

Саудагер

Жұмыскер

Туған тілде сыры терең...

..... **Д.Әбілов.**

Туған тілім -тірлігімнің...

..... **Ә.Тәжібаев.**



ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп, түрлі әдіс-тәсілдерді инновациялық үдерістермен алмастыру арқылы білім сапасын арттыру көзделген. Осыған орай әрбір мұғалім озық технологияларды пайдалана отырып, өзіне тиімдісін таңдауы тиіс.

Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Ұлт мектебінде қазақ тілін сапалы оқыту ізденістері – келелі мәселелердің бірі.

Оқу орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Пәннің негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпы, тарихын танып білуге талпындырып, тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Оқушының жеке басының жауапкершілігін арттыру, ізденімпаздығын жетілдіру, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, сезімін ояту қасиеттері қалыптасады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?

1. Сабақтың басталуын тиімді ұйымдастыру.
2. Оқушыларды сабаққа қатыстыра алатындай сұрақтар қою.
3. Жаңа сабақты түсіндіру барысында жаңа сабақты өткен сабақтан алған білімдерімен байланыстыру.

Оқушыларға қазақ тілін толық меңгерту үшін өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру керек. Өз бетімен жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу, білім, білік дағдыларын қалыптастыру және оқу еңбегіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру болып табылады.

Қазіргі таңда біздің алдымызға қойылған басты міндет — шығармашыл, құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Алайда тіл байлығы төмен, ойлау қабілеті дамымаған оқушылардан шығармашыл тұлғаны қалай қалыптастырамыз? Осы мақсатта біз, ең бастысы, әрбір сабағымызды шығармашылық негізде құрып, тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуіміз керек. Сонда ғана оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасай аламыз.

Оқушылардың әдеби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету, дұрыс сөйлеу дағдыларын, сөйлеу тіліне жаттықтыру, өлеңдер мен әндерді жаттату, көркем шығармалардың өз түсінігі бойынша мазмұнын айтқызу секілді жұмыстардың мәні зор.

Сонымен қатар оқушылардың тіл байлығының артуына, әдемі, жүйелі сөйлеуге дағды беруде синоним сөздерді үйретудің маңызы зор.

Сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті бойынша енгізіліп отырған талдаудың жаңа «Сатылай кешенді талдау» үлгісі де оқушының ауызша әдеби сөйлеуге дағдыландырады. Үздіксіз әрі тиянақты жүргізілетін сатылай талдау мынадай нәтижелерге жеткізеді:

А) Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Ә) Оқушы тілдің әрбір саласы бойынша қажетті білімді, теориялық материалды жан-жақты меңгереді.

Б) Тілдік талдау барысында қажетті білімді еске түсіретін отырып, пәндік байланыстың қажеттілігін сезінеді.

В) Жазба жұмыстарын сауатты әрі көркем жазуға, айтуға үйренеді, өз бетінше жұмыс істеуге қалыптасады.

Айжан РАХИМОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Бородулиха ауданындағы
Комаров атындағы
орта мектептің мұғалімі.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА – ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Әр халықтың өз бойына жинақтаған барлық тәрбие құралдарын біз халық педагогикасы деп атаймыз. Халық педагогикасы – ақыл-ойдың мол қазынасы, ол ғасырлар қойнауынан бізге жетіп, адам баласының мыңдаған ұрпағының зердесін ашып, тәрбие құралы қажетіне жарады. Әр халықтың өз ұрпағын өмірге әзірлеуде, баулып тәрбиелеуде өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктері, ең алдымен, сол халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, тұрмысы мен дәстүріне байланысты қалыптасады. Халқымыздың бітім-болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық. Қаз дауысты Қазыбек бидің сөзімен айтқанда: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-

тұзды ақтай білген елміз» - деген.

Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тәжірибесіне сүйеніп, болашақ ұрпақты еңбекке баулып, өнер-білімді меңгеріп, отбасы, ауыл-аймақтың, туған Отанның ар-намысын қорғауға және тағы басқа ізгі адамгершілік-инабаттылық қасиеттерге тәрбиелеу. Жастарға ән айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге алу, жамбы ату, күрес тағы басқа ойындарын үйрету – тәрбиенің негізгі көзі болған. Кішіпейілділік, сыпайылық, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау халықтық тәрбиеде ерекше бағаланатын қасиеттерге жатқызылған. Баланы бүкіл ауыл-аймақ болып тәрбиелеу ежелден ел дәстүріне айналған. Қазақ халқының: «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол; қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол» деген сөзінде үлкен тәрбиелік мән-мағына бар. Жастарды өнерге, еңбекке, адамгершілік ізгі қасиеттерге, имандылыққа баули отырып, қазақ ауылында жасөспірімді елді, жерді, Отанды қорғау, ар-намыс үшін күресе білуге тәрбиелеу мәселесі бірінші орында тұрған. Ар-намыс, ұждан – бұлар барлық халықта ғасырлар бойы қастерленіп келе жатқан қасиетті ұғымдар. «Жаным – арымның садағасы», «Ер – намыстың құлы», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал-мәтелдер сан жылдар бойы қағида тұтылып, ерекше қастерленген.

Қазақ халқының өлең-жырларында Ер Тарғын, Қобыланды және Қамбар батырларды дәріптеп жырлау – жастарды Отан сүюшілікке, ерлікке тәрбиелеуден туған ой-пікірдің ауыз әдебиетіндегі айқын көрінісі. Халықтың тәлім-тәрбие дәстүрі оның күйі, биі, фольклорлық шығармалары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа таралған.

Қазақ өміріндегі той-мерекелерде көптеген ойындар өткізіледі. Бұл ойындардың көпшілігі ашық далада, атындағы үстінде ойналатын спорттық сипаттағы ойындар. Олар: «мүше алып қашу», «Қыз қуар», «Көкпар тарту», «Теңге алу», «Жамбы ату», «Ат шаптыру», «Ат қарғыту», «Жорға салу», «Аударыспақ ойнау», т.б.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт-дәстүрлерімен, ырымдарымен, той-мереке, тағы басқа да жол-жосықтарымен талай елді таң қалдырып келеді. Салт-дәстүр дегеніміз, түптеп келгенде, ұлттық болмысты басқалардан алабөтен айырықшалап, даралап тұратын ішкі бір рухани айнама іспетті. Онсыз халық болмайды. Кешегісіз бүгін де, ертең де – тұл. Ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартатын ендігі болашақ – ұрпақтың өз қолында. Сондай-ақ қазақ халқының әдет-ғұрпында ақ тілек, ізгі ниет білдіру – есте жоқ ескі заманнан бері бар үрдіс. Ол өлең, тақпақ, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры болып қалыптасқан. Бата – өмірдің пайдалы да тәрбиелік жақтарын алға тартып, күнделікті тіршілікте жаңсақ қадам, жаман әрекеттен сақтандыра отырып, адамдық іс-қаракет, асыл мінез-құлықта сәт-сапар, оң жол тілейтін өсиет сөз іспетті. Айталық, белгілі бір істі бастарда, ұзақ жолға шығарда ақсақалдардың ақ батасын алу – қазақтың ежелгі дәстүрі.

Комаров білім ордасында халқымыздың көне мұрасына деген құрмет ұлтымыздың салт-дәстүрлерін сақтап, жасөспірім тәрбиесіне лайық сипатта жүргізіледі. Жастарымызды адамгершілік, имандылық қасиеттеріне, әдептілікке үйрету сияқты істер кеңінен қолға алынуда.

Мысалы, мен мектепте Наурыз мерекесіне арналған «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» тақырыбында сыныптан тыс мерекелік іс-шара өткіздім. Кеште қазақ халқының Наурызды қарсы алу дәстүрлері түгелдей көрсетілді.

Той ақсақалдың батасымен басталып, шашу шашылды. Оқушылар бір-бірімен қол алысып:

- Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

- Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін!- деп бір-біріне жылы лебіздерін, тілектерін білдірді.

Бір топ оқушы күннің атуын қарсы алды, бір топ бұлақтың көзін ашса, қалған топ тал отырғызады.

Жастарға «Селт еткізер» дәстүрі көрсетілді. Бойжеткен ұнатқан жігітіне ет тағамы – «Ұйқы ашар» дайындайды. Ал, жігіт болса, бойжеткенге айна, тарақ сыйлайды.

Ұлттық киімдегі қыздар мың бұралып биледі. Сахнада киіз үйдің іші безендірілді. Ортадағы дөңгелек үстелде ұлттық тағамдардың барлық түрлері пісіріліп қойылды. Келген қонақтар, оқушылар Наурыз көженің дәмін татты. Наурыз мейрамы екі ауылдың ақындарының айтысымен жалғасты. Ұлттық ойындар көрсетілді. Ортаға балуандар шығып, өнерлерін көрсетті. «Жамбы ату», «Итеріспек», «Жаяу жарыс» ойындары көрсетілді. Меніңше, Наурыз мейрамы адамзатты еңбексүйгіштікке, тәлім-тәрбиелі болуға, мейірбандылыққа баулиды.

Қазақта жеті саны – қасиетті сан. Сабақтарымда қазақ балаларына өзінің жеті атасын, яғни, өз әкесінің, атасының, одан арғы бабаларының (жеті буындағы аталарының) есімін білуге міндетті екенін әрқашанда түсіндіріп, естеріне салып отырамын. Сонымен қатар, қазақ халқының аса бай, киелі ұғымы «жеті қазынаға»

1. Ер жігіт; 2. Сұлу әйел; 3. Ақыл, білім; 4. Жүйрік ат; 5. Қыран бүркіт; 6. Берен мылтық; 7. Құмай тазы) кеңінен тоқталып, әрбір қазынаның астында жатқан үлкен мағынаның сыры мен мәніне түсінік беріп, оқушылардың бойында рухани-адамгершілік тәрбиенің қалыптасуына көп көңіл бөлемін.

Қорытындылай келе, менің қазақ тілі пәнін оқытудағы басты міндетім – мемлекеттік тілде терең ойлауға, сөйлеуге, жазуға үйрете отырып, жастарымыздың бойына халықтық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды дарыту. Бүгінгі күні егемен еліміздің болашағы – жастарға білім, тәрбие беруде халықтық педагогиканың маңызы зор екендігін айқындайды.



Зәуреш ҚАРСАҚБАЕВА,
№2 «Затобол» орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Қостанай ауданы.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ

Қазіргі орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін үйрету жеңіл мәселе деп айта алмайсың. Әсіресе, бастауыш

сыныптарда. Бүгінгі қазақ тілі сабағы басқа пәндер сабағынан жоғары өтпесе, төмен болмауға тиісті. Елбасымыздың назары бойынша, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды, сондықтан қазақ тілі мұғалімдерінің жауапкершілігі де өте жоғары және маңызды.

Мен бірнеше жылдан бері бастауыш сыныптарында қазақ тілін бұлдіршіндерге үйретіп келе жатырмын. Кішкентай оқушыларымның қызығу сезімдерін оята алмасам, жоғары сыныптарда олардың жақсы, білімді, сауатты болуы қиын жағдайға ұшырайды. Сондықтан мен өз сабақтарымда ойын арқылы мемлекеттік тілге белсенді көзқарас тәрбиелеуін мақсаттаймын.

Бастауыш сыныптарында қазақ тілі сабағын балалар күтіп жүреді, мұғалімді құшақ жайып қарсы алады. Сондықтан да сабағымды қызықты өткізу үшін лексикалық сәттерден бастап, ойынға аударамын. Мысалы: «Отбасы» тақырыбына мынадай ойындарды қолданамын.

1-ші қадам: балалалар хормен «ата» дейді.

2-ші қадам: «әже» дейді.

3-ші қадам: «әке» дейді.

4-ші қадам: «шеше (ана)» дейді.

5-ші қадам: «аға» дейді.

6-шы қадам: «әпке» дейді.

7-ші қадам: «сіңлі (қарындас)» дейді.

8-ші қадам: «іні» дейді.

9-шы қадам: «мен» дейді.

10-шы қадам: «сүйікті отбасым» дейді де, қайта бұрылып, кері санайды.

9-шы қадамнан бастап, кері басып, отбасыға байланысты сөздерді бекітеді.

Бұл сәтте грамматикалық «Сан есім» тақырыбын пысықтаймын.

- Балалар, сонымен неше қадам шықты?

- Барлығы – 10.

- Енді, онға дейін санап үйренейік. (Балалар саусақтарын көрсетеді: 1 – ата; 2 – әже; 3 – ана (шеше); 4 – әке; 5 – әпке; 6 – сіңлі (қарындас); 7 – аға; 8 – іні; 9 – мен; 10 – кішкентай бөбек).

Келесі сәт: реттік сан есім жұрнақтарын немесе тәуелдік жалғауларын пайдалануын үйретуге болады. Алдымен түсініктеме жұмысын өткіземін, қазақ тілінің байлығын ашу үшін 1-саусақты көрсеткенде: 1-жұрнақ қосқанда - бірінші (1-ші) болады. Тек 6, 9, 10-сан есімдердің жуан жұрнақтарын ерекше түсіндіремін де, ойынымызды жалғастырамыз. Сонымен, 1-саусақ «менің атам»- деп балалар хормен айтады. 2-саусақ «менің әжем», 3-саусақ «менің әкем», 4-саусақ «менің анам (шешем)», 5-саусақ «менің ағам», 6-саусақ «менің әпкем», 7-саусақ «менің сіңлім (қарындасым)», 8-саусақ «менің інім», 9-саусақ «мен», 10-саусақ «кішкентай бөбек».

Осындай ойын ретінде жіктік жалғауларын меңгеруге болады. Кезі келгенде жіктік жалғауының II және III жақтарын игеруге жол ашамын.

Ойын арқылы балалардың кеңістік бағдарларын да бекітуге болады. Мысалы, балаларға түсінік беремін: келесі ойынды үшбұрыш қадам арқылы орындаймыз: 1-қадам: алға басып, «менің атам» деп хормен айтады, 2-қадам: оң жаққа басып, «менің әжем»; ал 3-қадам: артқа басып, «менің әке-шешем»- дейді. Осылай, реттеп, өзімше грамматикалық тақырыпты да, лексикалық тақырыпты да қайталап отырамын. Оқушыларым қызығып ойнауына көп күш-ойларымды саламын.

Ойын арқылы алынған білім – терең, нағыз білім!

Гүлденді ТОҚТАУБАЙҚЫЗЫ,
“№35 орта мектеп” коммуналды
мемлекеттік мекемесінің
оқу ісінің меңгерушісі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы.

ЗАМАН ТАЛАБЫ – ҮШТІЛДІЛІК

Бүгінгі күнде егеменді еліміз – жалпы тарихи тағдыры ұштасқан, жүз отыздан астам этникалық топтар өкілдерінің ұлт бірлігі топтасқан, серпінді даму үстіндегі ел. Бұл – тәуелсіз елімізді «өз Отаным» деп санайтын ұлт өкілдерінің бірлікте, татулықта өмір сүруі – ел үшін аса маңызды жағдайлардың бірі. Өйткені қазақ халқында “Бірлік түбі – тірлік” деген қағидалы сөз бар. Барлық биік шыңдар, аңсаған армандар тек бірліктің, татулықтың арқасында жүзеге асады. Көп диаспоралы мемлекетіміздің алға дамуының ең негізгі шарттарының бірі – осы деп толық сеніммен айтуға болады.

«Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген халық қағидасы бар. Кез келген адам үшін осы қағиданың маңызы зор. Аталған маңыздылық Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқын көрсетілген: «Көпұлттылық пен көптілділік осы құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Қазақ тілі біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда ресми түрде орыс тілі пайдаланылады. Бұл – біздің Конституциямыздың нормасы. Оны бұзуға ешкімге жол берілмейді».

Көріп отырғанымыздай, бүгінгі күндегі басты

бағдаралды құжатымызда қазақ тілінің де, орыс тілінің де мәртебесі айқын, анық, нақты көрсетілген.

20 жылдық тарихы бар Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Біздің елімізде орыс тілінің алар орыны ерекше. Біріншіден, орыс тілі әлемдік тілдердің бірі, екіншіден, орыс тілі Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдерінің бірі, үшіншіден, Қазақстанда орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі. Орыс тілі – ұлы Пушкиннің, Лермонтовтың, Толстойдың тілі. Қазағымыздың бас ақыны – Абай орыс тілін, орыс мәдениетін, орыс әдебиетін білуге, үйренуге шақырған.

Бүгінгі күнде Елбасы Н.Ә.Назарбаев әрбір жас жеткіншектің бірнеше тіл білуін өз тарапынан қолдайды. Соның бірі – ағылшын тілі. Өйткені ағылшын тілі – халықаралық тіл. Бұл тіл – Уильям Шекспирдің, Джорж Гордан Байронның, Джек Лондонның, Теодор Драйзердің тілі. Біздің еліміздегі жастардың әлемдік деңгейге сай білім алып, кәсіби шеберлігі жоғары білікті маман иесі болып шығуы үшін ағылшын тілін жетік білудің аса маңызы зор. Пән мұғалімдері тарапынан бүгінгі күнде оқушы бойына ағылшын тілін меңгерудің, пәннің қажеттілігін түсіндіре білу – басты міндеттердің бірі болып саналады.

Әр тілдің өзіндік құдіреті бар. Жаһандану жағдайында ел мен елді, халық пен халықты жақындастыратын – тіл.

Осы мақсат пен міндеттерді шешу барысында үш жылдық тарихы бар қаламыздағы мемлекеттік тілде білім беретін Өскемен қаласы әкімдігінің «№35 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы көптеген игі істер атқаруда. Пән мұғалімдерінің міндеті – оқушы бойына бүгінгі күндегі заманауи қажеттіліктің бірі – үштілділікті меңгеруді жете түсіндіре білу. Мектебімізде әр сәрсенбі – Тілдер күні болып жоспарланған. Осы күні үштілділікті

меңгеру мақсатында әр түрлі қызықты, танымдылық деңгейі жоғары шаралар өткізіледі. Аталған шаралар оқушылар тарапынан пәндерге деген қызушылықтарын арттыра отырып, ана тілін, орыс тілін, ағылшын тілін жете меңгерудің қажеттілігін бойына сіңіреді. Атап айтсақ, “Тіл – ұлттық ұлы мұра” атты ғылыми-практикалық конференция, “Үштілділіктің бүгінгі күндегі қазақ жастарына қажеттілігі” атты дебат-сайыс, “Язык – душа народа” атты мәнерлеп оқу сайысы шәкірт бойына тілдің қадір-қасиетін түсіне білуге, олардың дұрыс, таза, мәнді, мағыналы сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда. Аталған мақсат пен міндеттерді шешуде пән апталықтарының берер тағылымы мол. “Ана тілім – ардағым” тақырыбымен өткен қазақ тілі мен әдебиеті апталығы туған тілге, ана тіліне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыруды, тілдің шұбарланбауын көздейді, жас буынның бойына тілдің ерекшеліктерін білуді, мемлекеттік тілдің мәртебесін үнемі жоғары ұстауды мақсат тұтады. Жоғары деңгейде өткен ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар – білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарды қатар шеше отырып, оқушылардың ой-өрістерін дамытуда, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруде, тілдік мәдениеттілікті көтеруде маңызы зор. Пән мұғалімдері тарапынан қолданылған әр түрлі әдіс-тәсілдер, заманауи технологиялар өз нәтижелерін беруде. “Великий, могучий русский язык” атты орыс тілі мен әдебиеті апталығы аталған пәннің құдіреттілігін, біздің еліміздегі орыс тілінің алар орынын, осы тілді білудің қажеттілігін оқушы санасына сіңіру болып табылды. Бастауыш сыныптарда өткен “Что за прелесть эти сказки!” ертегілер мерекесі, 7-сыныптарда өткен “Модный приговор” әдеби-танымдық байқауы, 6-сыныптарда

өткен “Язык мой – друг мой” көңілділер мен тапқырлар сайысы, 8-10-сыныптар арасында өткен “Знаем русский” интеллектуалдық-танымдық ойыны, “Мы славим женщину – мать” әдеби-музыкалық композициясы апталықтың басты мақсаты – ұлттық мектептердегі орыс тілінің практикалық түрде қолданылуы, орыс тілінің ерекшеліктерін жете түсіну, тілдік сауаттылықты жетілдіру, орыс тілінде еркін сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруды іс жүзіне асыру болып табылды.

Ал, ағылшын тілі пән апталығын өткізудің мақсаты – заман талабына сай, халықаралық деңгейде білім алу үшін, бүгінгі күндегі пәннің алар орынын оқушыға түсіндіру, шәкірт бойына пән бойынша білімділікті, біліктілікті сіңіру, ағылшын тілін білудің қажеттілігін түсіндіретін отырып, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Осыған орай пән апталығы барысында “Ағылшын тілі – халықаралық тіл” газеттер сайысы, “Ағылшын тілінде сөйлейміз” сахналық көріністер байқауы, “Достық” фестивалі және т.б. шаралар тәрбиелілік деңгейлерінің жоғары болуымен ерекшеленді.

Үштілділікті жүзеге асыру барысындағы оқушыларымыздың қала көлеміндегі жетістіктері де аз емес. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-да өткен “Болашақ филолог” атты пәндік олимпиадада 10-сынып оқушысы Сағдархан Ақбота 1-орынды иеленіп, ректордың атаулы шәкіртақысының иегері атанса, Алиханова Наргиз арнайы сертификатпен марапатталды. Дәстүрлі қалалық “Абай оқулары” сайысында “Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда” номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Азат Белес 1-жүлде, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша 8-сынып оқушысы Идаятұлы Кәшап 2-орын, “Көңілім әнді ұғады” номинациясы бойынша

әнші-дуэтіміз Толқынбекова Айым мен Қаршығаева
Камила 2-орын алды. Қалалық “Рахмет саған, анашым”
эссе байқауында 10-сынып оқушысы Мұқышева Роза
Бас жүлде иегері атанып, Республикалық сайысқа
жолдама алды. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдері
пәндерінен өткен аймақтық «Полиглот» олимпиадасына
қатысқаны үшін 8-сынып оқушысы Нұртаза Әкежан
арнайы сертификат иегері атанды. Ағылшын тілі пәні
мұғалімі Абылғазина Мираның жетекшілігімен мектеп
оқушылар командасы “Кітаптар күні” мерекесінде
белсенділіктері үшін Мақтау грамотасымен марапатталды.
“Ахметтану білгірлері” қалалық сайысында 7-сынып
оқушысы Азат Ақжол, 10-сынып оқушысы Жанбосынов
Шалқар, 8-сынып оқушысы Нұртаза Әкежан Мақтау
грамотасымен мадақталды. Облыстық “Дарын” орталығы
ұйымдастырған “Айналайын”, “Ақбота” интеллектуалдық
марафондарында оқушыларымыз үнемі алдыңғы қатарда.
9-сынып оқушысы Артурова Мадина қалалық орыс тілі
олимпиадасында 2-орын, 11-сынып оқушысы Сейілханова
Диляра 2-орынды иеленді.

Аталған істен ұстаздар қауымы да артта қалған емес.
Мектебімізде мұғалімдер арасында да орыс және ағылшын
тілін деңгейлеп үйрену курсы жүргізілуде. Өйткені
ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жете
меңгеру – заман талабы. Бұл да заман ағысымен бірге жүру
деп саналады.

Әрине, бұл аталған жетістіктерімізді біз үлкен жеңістер-
дің тек бастауы деп ұғамыз. Осы істе ұстаздарымыздың
еңбегі ерекше. Мұғалім еңбегі оқушының жетістігімен
бағаланады. Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытын-
дылай келе, алар асуларымыз әлі алда деп толық айтуға
сеніміміз мол.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытудың сапасын арттыру мұғалімнің оқыту әдістерін дұрыс таңдауымен тікелей байланысты. Оқыту әдістерін тілді сапалы оқытып үйрету мақсатына сәйкес іріктеуде көптеген жайларды ескерген жөн.

Материалды біртіндеп, жеңілден қиынға қарай, өтілген грамматикалық материалдарды игеру деңгейін үнемі тексеріп, бағалап, жетілдіріп отыру, үнемі қайталап, қатемен жұмыстар жүргізу қажет. Демек, оқушылардың білім деңгейі мұғалім тәжірибесі мен оқушылардың ынта-жігерінен тұрады.

Қазақ тілінің оқыту сапасын зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше: «Қазақ тілін оқыту методикасы – әлі аяғынан тік тұра алмай келе жатқан ғылым».

Дидактикалық ғалымдардың, мысалы, чехтың көрнекті педагогы Я.А.Коменскийдің 1637 жылы жазған «Ұлы дидактика» еңбегін, орыстың көрнекті педагогы К.Д.Ушинскийдің дидактикасының «Бала әлемі» (1861) еңбегін, қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсариннің қазақ балаларын оқытудың үлгісі – «Қазақ хрестоматиясы» еңбегін (1879), зерттеу жұмыстарын басшылыққа ала отырып, «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің жіктелуі» сипаттамасын педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жәния Нұржан ұсынды. Осы әдістерді тиімді,

орынды пайдалану – көп нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Олар:

1. Тиімді оқыту (оптимизация);
2. Бағдарламалық оқыту;
3. Интеграциялай оқыту;
4. Блокпен оқыту;
5. Проблемалық оқыту;
6. Модульдік оқыту;
7. Деңгейлік оқыту;
8. Демонстрациялық оқыту.

Қазақ тілі әдістемесінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» деген мақаласында айтқандай, қай әдісті қалай пайдаланамын десе де, мұғалімнің өз еркі. Осы әдістеменің бәрін ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да жетік игерсе, беріліп отырған тақырыптың мазмұнына сай қай әдісті пайдалану қажет екенін ой елегінен өткізіп алып, сабақтың жоспарын жасауына болады.

Мұғалім аталған әдістерді шеберлікпен меңгере білсе, күнделікті сабақтың тақырыбына, мазмұнына қарай күніне 6-7 әдісті бір сабақта пайдалануына болады. Мысалы, түсіндіру әдісі, баяндау әдісі, сұрақ-жауап әдісі, көрнекілік әдісі, техникалық жұмыс істеу – компьютерді пайдалану әдісі, жаттығу әдісі, үйге тапсырма беру әдісі, т.б. жұмыстармен аяқталады.

Осы аталған әдіс-тәсілдерді лицей мұғалімдері қазақ тілін оқытуда кеңінен пайдаланып отыр десек артық болмас еді. Бұл жұмыстың нәтижесін жылда 11-сыныптарда өтетін ұлттық тестілеу нәтижесінен көруге болады.

Мысалы, 2010 жылы лицей бітірушілер қорытынды 119 ұпай жинақтаса, 2011 жылы 115,2 ұпай құрады.

Әр істің нәтижелілігі оның осыған дейін атқарылған жұмысының мазмұнына көп байланысты екені мәлім. Әр тоқсан лицейде 2-сынып оқушыларынан бастап, 11-сыныпқа

дейін қорытынды тест жұмыстарын жазумен аяқталады. Әрине, оқыту – өз алдына үлкен жауапты үдеріс болса, ал оқушының алған білімін жүйелі тексеру – оларды жақсы нәтижелерге жетелейтін оқытудың тағы бір тиімді жолы.

Тілдерді үйрету мәселесі заман талабына сай, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Қазіргі біздің оқулықтар модульдік тақырыптарға негізделген. Әр модульдің соңында «Нәтиже сабақ» деп аталатын, яғни, қайталауға арналған оқу тақырыптары бар. Бұл, әрине, өте жақсы, дегенмен, бүгінгі таңда қатысымдық бағыттағы ұстаным қазақ тілі пәні мұғалімдеріне аса жоғары, биік талаптар қойып отыр. Ол – мемлекеттік тілде сөйлесу мәдениетін қалыптастыру.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған.

Олар: сөйлесу, оқу, жазу, түсіну.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Қазақ тілі» әдістемелік нұсқауында (авторлары педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш.Оразбаева, филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Т.Аяпова) жан-жақты тәжірибелерге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөледі.

Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім.

Ғалымдардың пікірінше – қазақ тілінде бұл мәселе бұрын-соңды арнайы сөз болмағандықтан, сөйлесім әрекетінің түрлері де бір жүйемен аталып, өзіндік терминдер әлі қалыптаспаған.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш – түсіну. Кейіпкердің айтқанын түсініп тұрмын, бірақ айта алмаймын деген пікірді жиі естиміз. Ол – жалған ұғым. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу де жүзеге аспайды.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлері сөйлеу үшін қажет.

Құрметті ұстаздар! Сіздер де бұл пікірді қоштар, құп алар деген ойдамын. Тіл үйрету мәселесінде оқылым үдерісінің алатын орыны ерекше. Оқушы өзі көзімен көріп, санасымен қабылдап, көкірегіне түймесе, ол оқудың сапалылығына мені күмәнданамын. Өздеріңіз байқап жүрген де боларсыздар, оқылым мәселесіне орыс мектептерінде орыс тілін оқытуда айырықша көңіл бөлінеді. «Техника чтения» деген – өзінше үлкен бір тексеру саласы.

Оқылым талай оқымыстылармен зерттелген тіл ғылымының бір маңызды саласы, сапалы білім алудың тиімді жолдарының бірі десек еш қателеспейміз.

Оқылымның түрлері қолдану мақсаты мен тапсырмалық көрсеткіштеріне қарай бөлінген.

Олар: танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым, аналитикалық оқылым, іштей оқу, дауыстап оқу.

Осы мәселенің төңірегінде мәтіндерді оқытуда Нұрғазинаның топтық оқыту тәсілін, Мулдиярованың деңгейлеп, даралап оқыту тәсілін, Садуақасованың интерактивті белсені оқыту тәсілдерін тілге тиек етуге тұрарлық.

Бұдан шығарар қорытынды – бір жақты, тек қана оқытушының «білім беруі» түрінде жүргізілетін сабақтар тіл үйретуде тиісті нәтиже бере алмайды. Жеке тұлғалар арасындағы белсенді, тілдік қатынасты дұрыс жолға қою арқылы ғана оңды нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Оқылымның түрлері әдістемелік еңбектерде тұрақты орын алып, бекітіліп қана қойған жоқ, сонымен қатар әлі ізденіс үстінде. Сондықтан бұл тақырып бойынша айтар сөзіміз әлі алда болмақ.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс: бұл – тілдесім. Осы мақсатпен Өскемен, Солтүстік Қазақстан, Алматы қаласының оқу орындарында жеделдету жолымен тіл үйрету әдісі жолға қойылған. Соның бір үлгісін біз бастауыш сыныптарда пайдаланып отырмыз. Ол – полилог. Ол – жан-жақты сөйлесу тәсілі. Бұл тәсіл орыс тілін шетелдіктерге жеделдетіп оқытудың негізін қалаушы Г.А.Китайгородскаяның еңбектерінен алынған. Егер орынды пайдаланса, көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Бұл жерде фонетика, грамматикалық байланыс, сөздік қоры, сұрақ-жауап, пікір алмасу, ой қорыту, таңырқау, құптау, т.б. Ең бастысы – дұрыс айта алмай қаламын ба деген алаңдаушылық немесе қорқыныш сезімі оқушының сөйлеу қабілетін төмендете алмайды.

Қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі – теориялық білімді практикалық жолмен ұштастырып отыру. Оқушының тілді пайдалану аясын кеңейту. Мектеп көлемінде оның бірден-бір тәсілі: сыныптан тыс жұмыстар мен мәдени іс-шаралар.

Сіздерге белгілі қыркүйек айының 22-сі «Тіл мерекесі» деген күн Қазақстан бойынша белгіленген. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, осы мерекенің оқу жылының басына келгені – өте бір келісті жай. Себебі тілге қатысы жоқ пән мектепте бар ма? Жоқ, қай пәнді алсаңыз да оны жете меңгеру мәселесі тілге көп байланысты. Сіздердің көкейлеріңізде бұл орыс тілді лицей ғой деген сұрақ туындап тұр. Иә, бұл тұрғыдан «үштілділік» саясатқа үңілсек, мемлекеттік тілді өз ана тіліндей жоғары дәрежеде меңгерту, екі тілде бірдей сөйлету мәселесін шешуге үлкен мүмкіндіктер бар.

Лицейде осы күнге орай оқу жылы «қазақ тілі апталығынан» басталады. Ашық сабақтар, тәрбиелік іс-шаралар апталық көлемінде жоғары деңгейде іске асып, жыл бойына жететін бағыт-бағдарлама, ерекше шабыт беріп

жатады. Биылғы 2011-2012 оқу жылы дәл осылай басталып, бірде-бір мұғалім тыс қалмай, ашық сабақ үлгісін жаңа оқу технологиясына сай деңгейде өткізді.

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған іс-шаралар жеке жоспар бойынша жүзеге асырылып, ұжым ішінде өзінің тиісті бағасын алып жатты.

Қазіргі бағыттағы орта буында өтетін іс-шаралардың басым көпшілігі білім сайысына негізделген, яғни, бір параллельдегі сынып оқушылары топ-топқа бөлініп, белгілі тақырып төңірегінде жарысқа түсіп, алған білім сапасын көрсетеді.

Мысалы, 5-6, 7-8-сыныптар арасында өткен сыныптан тыс жұмыстар Н.О.Шаяхметова, А.М.Нұрғазина, Н.А.Мулдиярова, Б.С.Қабыжанова сияқты беделді ұстаздардың басқаруымен мерекеге ұласып, қазақ халқының салт-дәстүрінің тартымды жақтарын дәріптейтін өзінің жаңашылдығымен ерекшеленді.

Мемлекеттік тілді үйретудің тиімді жолдарының бірі — Абай, Мұқағали, Махамбет оқуларын өткізіп, оқушылардың арасында қазақ поэзиясының құдіретін дәріптеу, қазақ ақындарының ұлылығын жоғары дәрежеде жеткізе білу — үлкен табандылықты, ұзақ даярлықты талап етеді.

Мысалы, М.Мақатаевқа арналған «Есіңе мені алғайсың...!», Абай Құнанбаевқа арналған «Ғылым таппай, мақтанба!» сияқты іс-шараларды поэзиялық, әдеби-музыкалық сипатта өткізуді жолға қойдық. Көрме ұйымдастырып, ақын өлеңдерін түпнұсқасында оқи отырып, арасында әнмен әрлеп, тартымды өткізу өте үлкен әсер береді. Абай оқуларына биыл оқушыларды 3-сыныптан бастап орыс, қазақ деп ұлтына бөлмей даярладық. Абайды неге қазақтың баласы оқымауы керек — бұл бір. Екінші, орыс мектебіндегі қазақ баласы — қазақ тілінің көшбасшысы, жаршысы болуы керек.

Тағы бір өзекті мәселе – ғылыми жобалар. Бұл жұмыс оқытушылар тарапынан өте үлкен ізденіс пен жігерлілікті, уақыт өлшемі жағынан алып қарасақ, онымен есептеспей еңбек етуді талап ететін шығармашылық жұмыс.

Әр түрлі пән бойынша мектепішілік «ғылыми жобаларды» жазып, қорғауға бастауыш, орта, жоғары сынып оқушылары үшін қалалық, аудандық оқу бөлімінің әдістемелік кабинетінің талаптарын ескере отырып, сонау қыркүйек айынан бастап тақырыптар тағайындалып, даярлық кезеңі басталып кетеді.

2010 жылы ғылыми жобадан қазақ тілі пәні бойынша А.А.Садуақасова ғылыми жетекшілік етуімен 9-сынып оқушысы Ферштей Анастасия «Тіл білімі» тақырыбы бойынша қорғап, жүлделі 3 орынға ие болды.

Ал, қазақ тілінен биылғы оқу жылында 3-сынып оқушылары Әліпбаев Әлішер «Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы перзенті», ғылыми жетекшісі А.К.Қабидолдина, Старченко Анастасия «Киіз үй», ғылыми жетекшісі Г.К.Искакова, тақырыптарын қорғап, ғылымды үйренуге бетбұрыс жасады.

Оның үлкен тәрбиелік мәні бар. Баланы өз ойын жинақтауға, тіпті, қазіргі кезеңде кітапқа үңілуіне әсер ету, ең күрделісі – білім алудың ауыр интеллектуалды жұмыс екенін біліп өсуі қандай ғанибет. Әбу Насыр әл Фараби бабамыз айтқандай, «балаға тәрбиесіз берілген жалаң білім оны қасіретке ұшыратады».

Мұхит та бастауын бұлақтан алмай ма?!

Сол сияқты аудан, қала, облыс, республика көлемінде өтіп жатқан олимпиадалар да – мектептен басталатын кішкентай істердің жиынтығы.

Жыл сайын көктемгі демалыста лицейде 2-7-сынып оқушылары арасында мектепішілік пәндік олимпиадалар өткізу дәстүрге айналған. Биылғы өткен олимпиадаға

тек қазақ тілі бойынша 50 оқушы қатысып, соның 33-і жүлделі орынға ие болды. Бұл шара да – мемлекеттік тілді меңгертудің тиімді жолдарының бірі болса керек. Оқушы өз білім деңгейін тексеруді үйреніп, болашаққа сеніммен қарайды.

Кезекті оқу үрдісіндегі басты мәселе – оқу кабинеттері. Лицейде, өздеріңіз көргендей, 6 сертификациядан өткен қазақ тілі кабинеті бар. Оқу кабинеттерінің атқарар рөлі өте жоғары. Олардың оқушыларға берер эстетикалық, танымдық тәрбиесі – өз алдына жеке әңгіме. Кабинеттер техникалық оқу құралдарымен жабдықталған.

Кабинеттегі оқу құралдарын жүйелеуге аудандық, қалалық оқу бөлімдерінің қағидаттық талабы да үлкен үлес қосты.

Жүйелеуді әлі үйреніп жатырмыз. Бұл тоқтаусыз, толассыз жүргізілуге тиісті үдеріс екені сіздерге мәлім.

Оқу кабинеттерінде көптеген әдістемелік нұсқаулар, қазақ тілін терең оқытуға бағытталған әдеби оқу-құралдар, тақырыптық қаттамалар, үлестірмелі материалдар, оқылым мәтіндері, модульдік тақырыптарға жазылған тестілер көптеп табылады.

Сонымен бірге лицей ұстаздары өздерінің жинақтаған іс-тәжірибелерін баспа беттеріне ұсынып, оқырман ұстаздарға әдістемелік көмек көрсетіп жүр. 2011 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» әдістемелік журналының 3-нөміріне Н.О.Шаяхметованың «Ағаш ек» сабағының толық жобасы жарық көрді. Осы журналдың редакциясынан Г.К.Искакованың 2010 жылғы №2, 3, 4 сандарында «Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту», «Наурыз көже», «Қазақ тілі кабинеті – қазақ тілі сабағының айнасы» атты мақалалары шықты.

Оқытушылар қауымына әжептәуір танымал болып қалған ақпараттық-әдістемелік «Алматы ұстазы» журналында

2012 жылы лицей шығармашылығы жайында екі бас мақала: «Тәуелсіз елдің табысты мектебі», «Білімді ұрпақ – Қазақстанның болашағы» деген атпен жарық көрді.

Биылғы 2011-2012 оқу жылында күрделі жөндеуден өткен қазақтың салт-дәстүріне арналған лицей мұражайы танымдық, тәрбиелік маңызымен қоса, оқушылардың қазақ тілін білуге ерекше құштарлығын арттыруға да өз үлесін қосуда. Жеке жоспар бойынша әр сынып оқушыларымен экскурсиялар ұйымдастырылып, мұражайға қойылған өткен ғасыр жәдігерлерімен таныстыру, зергерлік бұйымдар, қазақтың ұлттық киімдері, тұрмысқа қажетті заттар, бір сөзбен айтқанда, «ұлттық мұра» деген атпен қазақ халқының тарихын насихаттайтын тәрбиелік сағат қазақ тілінде жүреді.

Қорыта келе айтпағым, білімді, сауатты ұстаздар біздің елде де, қалада да көп-ақ. Бірақ бәрі бірдей діттеген мақсаттарына жете бермейді, көбінесе кәсіби шеберлігін дамыту мәселесі аяққа оралғы болып жатады. Қазіргі заманның жаңа мектептеріне оқу – техника құралдарын толық меңгерген, өзі сабақ беріп жүрген пәні бойынша теориялық білімі бай, педагогикалық шеберлігін үнемі шыңдап отыратын кәсіби маман керек. Ондай нәтижеге, күйбің тірліктің соңында жүре бермей, күнделікті білім жинақтап, өз ой-өрісін өрбітіп отырғанда ғана қол жеткізуге болады. Бір ғұлама педагог «40 жыл мұғалім болсаң да, 45 минуттық сабаққа дайындал» дегенде осыны меңзесе керек.

Бүгін сіздерге №90 лицейдің қазақ тілі бірлестігі мұғалімдерінің тәжірибе қоржынынан кішігірім көрме ұйымдастырып, ірілі-ұсақты жинақталған ой-пікірімізді, іс-шараларымыздың қорытындысын ортаға салып отырмыз. Осы істің барлығы да – мемлекеттік тілді үйретуде оқушыларды еркін сөйлесу дәрежесіне жеткізу үшін жасалып жатқан ауқымды жұмыс. Бұл істің бір шетінде өздеріңіз де жүрсіздер.

Құрметті ұстаздар! Мұғалім деген мамандық иелерінің істеген жұмысынан әлі істелмей жатқаны көп. Барлықтарыңызға намыстарыңызды жігерлеріңізге жанып, көптің бірі болған да жақсы ғой, дегенмен, көптің алды болыңыздар, егеменді еліміздің мақтанышына айналыңыздар дегім келеді.

Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет!



Алмагүл САДУАҚАСОВА,
Алматы қаласындағы
№90 лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ГРАММАТИКАЛЫҚ БІЛІМДЕ – АБЫЛАЙДЫҢ ТҮСІ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен сабақта оқылған «Абылайдың түсі» үзіндісі бойынша түсініктерін, сөздік қорлары мен білімдерін бекіту; сөз таптары мен құрамына, сөйлем мүшелері мен түрлеріне байланысты грамматикалық білімдерін тексеру; **дамытушылық** – тақырып бойынша сөздік қорларын байыту, ауызша және жазбаша сауаттылықтарын арттыру, сөйлеу тілдерін дамыту, дүниетанымдарын, тарихи білімдерін кеңейту; **тәрбиелік** – тарихты, әдебиетті білуге, құрметтеуге баулу.

Типі: алған білімдерін жетілдіру, толықтыру. **Түрі:** тақырып бойынша білім мен іс-әрекет әдістерін жетілдіру. **Дидактикалық қамтамасыз етілуі:** портрет, интербел-

сенді тақта, фильм, тақырып бойынша көркем әдебиет көрмесі, аудиотаспа-мәтін, грамматикалық кесте, қима тапсырмалар, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Кіріспе:

- Біз өткен сабақта керемет бір тіркеспен танысқан едік. Бүгінгі сабағымызға «игі жақсылар» - избранные деген қаламыздың мектептеріндегі мемлекеттік тілді оқытушы және оны жақсы меңгеруші игі жақсылары жиналып қалған екен. Ендеше, сабақтың пайдалы, әсерлі болуына ат салысайық!

Бүгінгі сабақ «Абылайдың түсі» тақырыбына берілген екінші сабақ болмақ.

Демек, оқулығымызда берілген мәтін бойынша лексика-грамматикалық тапсырмаларды орындауды жалғастырып, қазақ халқының басын біріктірген көреген хан Абылай туралы білімімізді жетілдіріп, грамматикалық сауаттылығымызды шыңдайтын боламыз. Ендеше, сәт-сапар!

Тіл дамыту:

1. Жоруын айтшы түсімнің...» деп аталатын тапсырманы орындайық.

Мысалы, Демежан: «Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар», - деп бастап, Алдымнан бір арыстан тұра қашты», - дегенде, 2-оқушы: «Жалынқұйрыққа мінгенің – хан тағына мінгенің. Ал, алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады екен», - деп жориды. Демежан түсті жалғастырып айтады. Ары қарай түсті басқа оқушылар кезекпен жорып береді.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

I. Міндеттік деңгей:

мәтін бойынша сөздікті жаттау.

II. Мүмкіндік деңгей:

1-қатар: Абылайдың түсін өз сөздерімен айтып беру (144-бет, 2-тапсырма);

2-қатар: Бұқар жыраудың түсті қалай жорығанын әңгімелеу (144-бет, 3-тапсырма).

III. Шығармашылық деңгей:

3 оқушыға жүктелген еді (Анастасия, Динара және Дәмежан). Бүгін біз орындайтын тапсырмаларды ұйымдастырушылар – бүгінгі мұғалімдер. Алдымен сендерді бүгін 3 топқа бөліп, жұмыстарын бағалап, қиналған кездерінде көмек көрсетіп отыруды үш жетекші оқушыға тапсыру.

- Настя, сабақта 1-қатардағы 4 оқушы сенің қарамағыңда болмақ. Динара, соңғы парталарда отырған Эрик, Артем және Марина сенен қолдау тапса, Дәмежан, сен Руслан, Влад, Карасева Настяның жұмыстарына жетекшілік етесің.

I. «Сөзтізбек» ойыны: бұл ойынның шартын жақсы білесіңдер. Ойынның мақсаты – белгілі бір өтілген, үйге берілген мәтін бойынша сөздік қорларымызды тексеру, бекіту; сонымен қатар есте сақтау, мұқият тыңдау қабілеттерімізді дамыту болып табылады. Сонымен, мәтін бойынша, 1-оқушы бір сөз немесе сөз тіркесін айтады, 2-оқушы оның айтқанын қайталап, өз сөзін қосады, осылайша тізбек барған сайын күрделеніп, жалғаса береді. Соңғы оқушы барлық оқушының айтқанын ретімен қайталап, өз сөзін атауы керек.

Ойын Барзут Настядан басталып, қатар бойынша өрбиді.

II. 2,3-тапсырмалар (2 оқушыдан сұралады).

Бекіту: - Әңгіме кімнің атынан айтылады?

- Кенесары Қасымұлы кім?

- Бұқар деген кім?

Жазбаша үй тапсырмасын тексеру:

Жару, бастау деген омоним сөздермен сөйлемдер құрып жазу, талдау.

III. Жаңа сабақ:

1. Кіріспе.

Бұл үзіндінің І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Қаһар» романынан алынғанын өткен сабақта айтқан едік. Шығарма тақырыбы – ел тағдыры, жер тағдыры, туған жер, туған ел үшін ерлік жасаған қоғам, тарих қайраткерлері деп ой түйген едік. Осы бір күрделі де қызықты тақырыпты жалғастыра отырып, компьютерде өздеріңе арнап құрылған фонетикалық жаттығуды орындайық.

2. Фонетикалық жаттығу (компьютерден жаттығуды орындау:

Туған жердің ауасы да шипа.

Бітеу буынды, ұяң дауыссыз дыбысты табу;

Интерактивті тақтаға шығарып, бір оқушының жауабын тексеру.

3. Дәмежанның тапсырмасы: 9-тапсырма.

4. Жару, бастау омонимдерімен сөйлем құру, синтаксистік талдау жасау:

1-жарыс: «Көп сөйлем»;

2-жарыс: «Дұрыс талдау».

5. Динараның тапсырмасы: 1) мәтінді оқу, түсіндіру;

3-жарыс: жеке сөздерді аудару (15-бет, «Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан);

1-топқа тапсырма:

Абылай, Әбілмансұр (1713-1781, Оңтүстік Қазақстан, Арыс жағасы) – ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат және күйші. Арғы тегі – Жошы хан, бергі бабалары Қазақ хандығының негізін салған Әз Жәнібек, Есім хан, Жәңгір хан, Жәңгірден Уәлибақы, одан Абылай, Абылайдан Көркем, Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаш жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап, Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады.

2-топқа тапсырма:

1730-1733 жылдар аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың қас батыры Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» шапқан Әбілмансұр жеңістен соң Орта жүздің сұлтаны болып танылады. Бұдан соң оның Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады. 1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салады. Оның орынына Түркістанда Абылайды хан көтереді.

3-топқа тапсырма:

Абылай қаһарлы хан болумен қатар, дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол – халыққа кеңінен таралған «Ақтолқын», «Алабайрақ», «Қайран елім», «Қара жорға», «Шаңды жорық», т.б. күйлердің авторы. Абылай өмір жолын жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қыз қалды.

4-жарыс: кесте бойынша сөз таптарын жазып, морфологиялық талдау жасау.

1-топ: зат есім; 2-топ: етістік; 3-топ: сын есім.

1-қима тапсырма: мәтіннен зат есімдерді жазып, морфологиялық талдау жасау.

Оқылған сөз	Сөз табы	Құрамына қарай	Тұлғасына қарай	Мағынасына қарай	Құрылысы
кітапты	зат есім	дара	негізгі	жалпы, жансыз, деректі	табыс септік

2-қима тапсырма: мәтіннен етістіктерді жазып, морфологиялық талдау жасау.

Оқылған сөз	Сөз табы	Құрамына қарай	Тұлғасына қарай	Мағынасына қарай	Құрылысы
беріңіз	етістік	дара	негізгі	болымды, сабақты	жіктік жалғау

3-қима тапсырма: мәтіннен сын есімдерді жазып, морфологиялық талдау жасау;

Оқылған сөз	Сөз табы	Құрамына қарай	Тұлғасына қарай	Мағынасына қарай	Құрылысы
көрікті	сын есім	дара	туынды	қатыстық	жай шырай

6. Настяның тапсырмасы: «Көшпенділер» фильмінен үзінді көру. Берілген мәтін бойынша фильмді дыбыстау.

1-бөлім:

- Жібер мені, тоқта, жібер, жібер, жібер мені, жібер!

Сарбаз:

- Абылай мырза, мына жоңғардың күшігін не істейміз, бауыздаймыз ба?

Абылай:

- Жоқ, сәбиге тимендер! Ордаға апар!

2-бөлім:

- Уа, халайық, ақ түйенің қарыны жарылды! Дұшпан жер болды! Ұланым ер болды! Алаш жұрты бір тудың астынан табылды. Осы бірлігіміз баянды болсын! Қазақ ордасының қазығы болған бабаң Абылайдың қылышын өз қолыңа аманат етем!

Абылай:

- Халқым үшін жаным құрбан! ...Аруақ!

Сарбаздар:

- Аруақ! Аруақ! Аруақ!

3-бөлім: Жоңғарлар:

- Кімсіңдер?

Қазақтар:

- Елшіміз, арнайы тапсырмамен келеміз.

Бала:

- Баба, баба!

Жоңғар ханы:

- Келе ғой!

Жоңғарлар:

- Рұқсат па, хан ием?

Жоңғар ханы:

- Бұл не домалақ?

Жоңғарлар:

- Бұл домалақ – жердің үлгісі. Ұлықбек жасаған.
«Ғылабас» деп аталады.

- Міне, мынау – Ерен қабырға атаулары. Мынау – Үндіс пен Ауған жері. Ал мынау – Қазақия, қандай үлкен!

Жоңғар ханы:

- Бұны кім жіберді?

Бала:

- Абылай хан.

Жоңғарлар оқиды:

- Ұлан-ғайыр атырап – Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасы – қазақтың алтын бесік – атамекені.

Жоңғар ханы оқиды:

- Ұлан-ғайыр атырап – Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасы – қазақтың алтын бесік – ата жұрты. Әгәрәки, кімде-кім осынау бір қасиетті жерімізге көз алартып, шырқымызды бұзар болса, өз қанына өзін тұншықтыратынымызды біліп қойғаны абзал. Төсекте басымыз қосылмаса да, төскейде малымыз қосылған қай көршімізге де айтарымыз – осы. Дос болғанға – құшағы ашық туыспыз! Қас қылғанға – қиып түсер қылышпыз! Қазақтың

ханы – Абылай!

7. Үй тапсырмасы: фильмді рөлмен дыбыстауға дайындалу (жаттау).

9-тапсырма. Орау, жару сөздерімен омоним екендігін дәлелдеп, сөйлемдер құру, синтаксистік талдау жасау.

8. Қорыту: не білдік? Не білгілерің келеді?

9. Бағалау.

Оқушы	Тіл дамыту	Үй тапсырмасы	Фонетикалық жаттығу	Мәтінмен жұмыс	Кестемен жұмыс	Жазба жұмысы	Сабактың бағасы	Фильммен жұмыс

10. Рефлексия: күй; оқушылардың бір-біріне тілегі; мұғалімнің тілегі.



Ардақ НҰРҒАЗИНА,
Алматы қаласындағы
№90 лицейдің мұғалімі.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҰҚТЫРҒАН ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР

(7-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – оқушыларға жаңа тақырыпты жан-жақты меңгерту, оқушылардың сөздік қорын молайту, оқушыларды ұлттық аспаптармен таныстыру,

өткен грамматикалық ұғымдарды қайталау, оның ішінде септік жалғаулары, септеулік шылаулар; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетіне баулу, алған білімдерін ізденіспен қолдана білуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың эстетикалық сезімін оятуға, музыканы түсініп сүйеге, өнер адамдарын қадірлей білуге үйрету;

Түрі: жаңа сабақ. **Типі:** сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, талдау. **Көрнекілігі:** күй, музыкалық аспаптардың суреті.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

- Амандасу;
- Оқушыларды түгелдеу;
- Сабаққа дайындықтарын тексеру;
- Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:

«Ұлттық ойындар» тақырыбы бойынша үй тапсырмасын пысықтау. Сыныпты үш топқа бөліп, келесі тапсырмаларды орындату.

1-топ: «Алтыбақан» ойыны туралы, 2-топ: «Асық» ойыны туралы, 3-топ: «Арқан тарту» ойыны туралы қысқаша әңгімелеп, ерекшеліктерін атап береді.

Үй тапсырмасын тексеру кезеңін бекіту:

1. Оқушылар, ұлттық ойындар қазіргі кезге дейін сақталды ма?
2. Сендер тағы қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?
3. Осындай ұлттық ойындар көбінесе қай уақыттарда өткізіледі?

Оқушының субъективті іс-тәжірибесін өзектілеу кезеңі:

Сөзжұмбақты шешіп, өткенді қайталау арқылы жаңа тақырыпқа шығу.

Тапсырмалар:

1-топқа – «Домбыра»:

1. Атақты күйші, «Бұлбұл» күйінің авторы – ...
2. *Мереке* сөзінің синонимі – ...
3. 100 жасаған ақын – ...
4. Аптаның алтыншы күні – ...
5. Үшінші септік ...
6. Етістіктің шағы ...
7. Құтты қонаққа тәтті не?

2-топқа – «Даңғыра»:

1. Құрманғазының атақты күйі ...
2. Елтаңбаның бір элементі ...
3. Жылдың бірінші айы ...
4. «Общество» сөзінің аудармасы ...
5. «Тез» сөзінің синонимі ...
6. Қазақ халқының әнші-композиторы - Ақан ...
7. Бесінші септік ...

3-топқа – «Сыбызғы»:

1. Мақалды жалғастыр: Жер – қазына, ... – алтын.
2. Төртінші септік ...
3. Тудың бір элементі ...
4. «Ұзын» сөзінің антонимі ...
5. «Дәуір» сөзінің синонимі ...
6. Қалау райдың жұрнағы ...
7. 1986 жылы құрылған мемлекеттік би ансамблі ...

Оқушының субъективті іс-тәжірибесінің өзектілеу

кезеңін бекіту:

1. 1-топ, сендер сөзжұмбақты шешкенде қандай сөз шықты?
2. 2-топ, сендерде ше?
3. 3-топ, сендерде ше?
4. Сөзжұмбақ сұрақтары күрделі болды ма?

- Жақсы, балалар, ендеше, айтындаршы, бұл шыққан сөздер нелердің атауы? Осы музыкалық аспаптар арқылы не ойналады, композиторлар өздерінің керемет туындыларын қалай жеткізе алады? Әрине, күй, музыка, әуен.

Осы сөзжұмбақты шешу арқылы жаңа тақырыпқа көшу.

Жаңа тақырыпты оқып-білу кезеңі:

1. Күй тыңдау. Сұрақтар:

- Оқушылар, біз не тыңдадық?
- Күйді немен ойнайды?
- Күйді кім шығарады?

Кітаппен жұмыс. Барлығымыз кітапқа қараймыз, алдарыңызда «Қобыз» атты мәтін, мәтінде кездескен жаңа сөздермен, керекті сөздермен жұмыс істейік.

2. Сөздік жұмысы, жаңа сөздерді меңгерту:

- *Шерту – спокойно играть на струнных инструментах;*
- *Қызғалдақ гүлі – тюльпан;*
- *Тынысы – дыхание;*
- *Сыбдыр – шелест, шорох;*
- *Мәңгілік – вечность;*
- *Толғану – задуматься, раздумывать;*
- *Ішекті – струнный;*
- *Тұжырым – заключение;*
- *Жалғасу – продолжать.*

- Ал, балалар, кітапта қобыз туралы жазылған тағы қандай музыкалық аспаптар бар екен, бәріміз көңіл аударайық.

Слайд арқылы ұлттық аспаптардың суреті көрсетіліп, таныстырылады.

Мәтінмен жұмыс:

Тыңдаңызшы... Бұл – ғасырлар бойы дала қазағының қуанышы мен мұңын шерткен қобыз үні! Қобыз үнінде қызғалдақ гүлі жайқалып, құлпырған көктемгі дала тынысы бар. Даладағы қоңыр салқын жібек желдің сыбдыры бар.

Одан елін, жерін қорғап, батыр атанған ұлдарының ерлігін жырлайтын үн естіледі. Аңыз бойынша қобызды жасаған Қорқыт ата дейді. Ол: «Өмірде не мәңгілік?» деп көп ойланады.

Байқаса адамның, жануардың, өсімдіктің өмірі қысқа. Содан мұнайып отырып, көп ойланып, толғанып, ішекті қобыз жасап, күй шығарады. Сол күй өлмей, біздің дәуірге жетеді. Бұл аңыздан жасайтын тұжырым: өнер – мәңгілік.

1. Мәтінді 3 бөлікке бөліп, әр топқа тарату.
2. Мәтінді мәнерлеп оқып, аудару.
3. Мәтіннен ең негізгі ойды бөлу, кілт сөздерді теріп жазу.
4. Мәтіннен септік жалғаулы сөзді теріп жазып, қай септік екенін анықтау.

5. Септік жалғаулары мен септеулік шылауларға байланысты тест жұмысы, әр топқа 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмалары беріліп, тексеріледі.

Тест жұмысының сұрақтары:

1. Қазақ тілінде неше септік бар?

А) 6; Ә) 7; Б) 5; В) 4.

2. Табыс септігінің жалғауын жалғап тұрған сөзді көрсет.

А) кітапта; Ә) өзінің; Б) баласын; В) мектепке.

3. Көп нүктенің орнына қай шылау сәйкес келеді?

Мен соғыс ... көп оқыдым.

А) үшін; Ә) дейін; Б) кейін; В) туралы.

4. Көп нүктенің орнына қандай жалғау сәйкес келеді?

Ол сабақтан кітапханаға барады.

А) кейін; Ә) шейін; Б) арқылы; В) бірге.

5. Қайсысы дұрыс?

А) анаммен үшін; Ә) сен дейін; Б) менен кейін; В) одан туралы.

6. Асты сызылған сөз қандай сұраққа жауап береді?

Ол анасының сұрағына жауап берді.

А) ненің? Ә) кім? Б) кіммен? В) кімнің?

7. Көмектес септігінің септеулігін көрсет.

А) үшін; Ә) кейін; Б) бірге; В) шейін.

Жаңа сабақты оқып-білу кезеңін бекіту:

- Ал, оқушылар, біз сендермен көптеген музыкалық аспаптармен таныстық. Не білдік:

1. Қандай музыкалық аспаптармен таныстық?
2. Олар туралы сендер бұрын білдіңдер ме?
3. Қай музыкалық аспап сендерге таныс?
4. Бұл музыкалық аспаптар неден жасалады екен?
5. Осындай музыкалық аспаптарды сендер қайдан көрдіңдер?

6. Ал, енді, арамызда осы аталған музыкалық аспаптардың бірінде ойнай алатын оқушы бар ма екен? (... ортаға шақырайық онда, не ойнап бересің?)

Бекіту кезеңі:

1. Сабақты қорытындылау: ұлттық аспаптардың суретін көрсету арқылы атауларын сұрау, ерекшеліктерін атау. Тест сұрақтарын тексеру арқылы грамматиканы қайталау, дұрыс жауаптарын атап көрсету.

2. Оқушылар жұмысын бағалау, оның ішінде белсенді оқушылардың жұмысын атап өту.

Үй тапсырмасы туралы мәлімет беру: 128-бет, 2-тапсырма, өзара сөйлесу.

Рефлексия:

- Оқушылар, бүгін біз сабақта жұмыстың бірнеше түрін өткіздік, олар: *ауызша, жазбаша, нақтырақ айтатын болсақ: сөзжұмбақ шешу, сөздік жұмысы, мәтінмен жұмыс, тест жұмысы, слайд көру, күй тыңдау.*

- Ендеше, оқушылар, сендерге сұрақ: осы тапсырмалардың ішінде қай тапсырма: *1. қызықты; 2. күрделі, яғни, қиындау болды; 3. қиындықсыз тез орындалды.*

АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгерте отырып, олармен сауатты, дұрыс сөйлемдер құрастыра білуге жаттықтыру. Шылауларды басқа сөз таптарынан ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Сөз бен сөзді байланыстыра білуге, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдана білуге дағдыландыру. Тілдерін, сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – дене мүшелерін, денені таза ұстауға үйрету. Тазалық туралы әңгімелер жүргізе отырып, денсаулықтарын күтуге баулу.

Түрі: жарыс сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, аудирование, сұрақ-жауап, сөйлесу, көрнекілік, тіл дамыту, аударма, топтастыру, ойын. **Дидактикалық қамтамасыз етілуі:** әр түрлі суреттер, электронды оқулық, сөздер жазылған қағаздар, үлестірмелі материалдар, кесте.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу.
2. ҚР-ның әнұраны.
3. Сыныптағы оқушыларды түгелдеу, келмеу себебін сұрау, білу.
4. Оқушылардың көңілін сабаққа бейімдеу, ыңғайлау.

5. Тіл дамыту сәтін өткізу.

«Денсаулық – зор байлық».

Оқы, аудар, мағынасын түсіндір, сөздерді сөз құрамына талда.

Денсаулық: *ден* – түбір, зат есім, жалпы; *сау* – түбір, сын есім; *лық* – зат есім тудырушы жұрнақ.

II. Жаңа сабақтың тақырыбы мен өту барысын талқылау.

1. Кіріспе: - Балалар, біз сендермен бүгінгі сабағымызда «Адамның денсаулығы» деген тақырыппен танысамыз. Сабақтың мақсаты: тақырып бойынша сауатты сөйлемдер құрастыра білу, шылауларды ажырата білу.

Біздің бүгінгі сабағымыз ерекше. Сабақта біз 3 топқа бөлініп жарысамыз.

Жарыс 6 кезеңнен тұрады:

I кезең. «Денсаулық – зор байлық».

1. 3 топ берілген тақырыптар бойынша жобаларын қорғайды.

2. Мәтінмен жұмыс.

II кезең. «Сөз көркі – мақал».

1. Мақал жарыс.

2. Терме диктанты.

III кезең. «Тазалық – саулық негізі».

1. Аударма жұмысы.

2. Грамматикалық тапсырма.

IV кезең. «Шынықсаң – шымыр боласың».

1. Суретпен жұмыс.

2. Деңгейлік тапсырма.

V кезең. «Ас – адамның арқауы».

1. Аудирование.

2. «Не пайдалы, не зиянды» ойыны.

VI кезең. «Бірінші байлық-денсаулық».

«Денсаулықты қалай күту керек?» топтастыру.

III. Өткен сабақты пысықтау:

I кезең. «Денсаулық – зор байлық».

а) Әр топ өз жобаларын қорғайды.

I топ. «Адамның дене құрылымы».



* Жер бетінде 6 миллиардтан астам адам өмір сүреді.

* Барлық адамдардың дене құрылымы бірдей.

* Олардың қызметтері де бірдей, т.б.

II топ. «Ұялы телефон мен компьютердің денсаулыққа зияндығы».



* Компьютерден денсаулыққа зиянды сәулелер бөлінеді.

* Компьютердің алдында ұзақ отыруға болмайды.

* Ұялы телефоннан бөлінген зиянды сәулелер миға, адамның ішкі құрылысына әсер етеді.

* Ұялы телефонды 16 жасқа дейін пайдалануға болмайды, т.б.

III топ. «Адам денсаулығына ұйқының тигізетін пайдасы».



*Ұйқы сергектік береді.

* Ұйықтар алдында аяқ-қолыңды жу, бөлмені желдет.

* Ұйықтайтын бөлме таза, тыныш болуы тиіс.

* Төсегің жайлы, жастығың аласа болсын.

ә) Мәтінмен жұмыс.

1. Жаңа сөздерді меңгерту.

Күту – ухаживать;

кірлеу – грязнеть;

Нығайту – укреплять;

ауыстыру – менять;

Қадағалау – следить;

әсіресе – особенно;

бұлшық ет – мускулы;

қатаю – затвердесть;

сергектік – бодрость.

2. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу.

Әрбір адам денсаулығын күтуі және нығайтуы тиіс.

Ол үшін тазалық сақтап, өзінің денесін қадағалауы керек. Адамның терісі кірлейді, сондықтан күнделікті жуынып, киімдерін ауыстыруы қажет. Әсіресе, денсаулық үшін әр түрлі дене жаттығулары өте пайдалы. Спорттық жаттығулар мен ойындар біздің бұлшық еттерімізді қатайтып, бізге сергектік сыйлайды.

3. Аударма жұмысы.

1. Каждый человек должен укреплять свое здоровье.

2. Для хорошего здоровья особенно полезны разные физические упражнения.

3. Кожа человека загрязняется, поэтому нужно мыться каждый день.

4. Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді теріп жаз:

денсаулығын-табыс септік

өзінің-ілік септік

денесін-табыс септік

адамның-ілік септік

киімдерін-табыс септік

еттерімізді-табыс септік

бізге-барыс септік

Қорытынды: - Балалар, «Денсаулық – зор байлық»

кезеңінде жобаларымыз арқылы денсаулықты сақтау үшін бізге не керек екенін, мәтінді оқып, денсаулықты қалай сақтау керектігі туралы білдік, білімімізді тексеріп көрейік:

Денсаулықты күту үшін не істеу керек?

** тазалық сақтау;*

** дене жаттығуларын жасау;*

** дұрыс тамақтану.*

II кезең. «Сөз көркі – мақал».

а) Денсаулық тақырыбына мақал-мәтелдер айт:

1. Денсаулығыңды күт!

2. Денсаулық – басты байлық.

3. Денсаулық – зор байлық.

4. Жаман ауруға – жақсы ас.

5. Бірінші байлық – денсаулық.

6. Көзің ауырса, қолыңды тый,

Ішің ауырса, тамағыңды тый.

ә) Терме диктантын жазу (тақтамен жұмыс).

Көзің ауырмаса да жылына бір рет көз дәрігеріне

көрін.

I топ. Қатаң дауыссыз дыбыстар: **к, с, т.**

II топ. Ұяң дауыссыз дыбыстар: **з, д, ж, б.**

III топ. Үнді дауыссыз дыбыстар: **ң, у, р, м, л, н.**

Қорытынды. Бұл кезеңде біз нені қайталадық?
(фонетиканы)

III кезең. «Тазалық – саулық негізі».

а) (үлестірмелі материал түрінде таратып беру, оқушылар оқып аударды).

I топ. Тазалықты сақтау үшін киімді үнемі ауыстырып тұру керек.

Киім кірлеген кезде таза киім киген дұрыс.

II топ. Су мен сабын микробтардан арылуға көмектеседі.

Даладан келгенде қолыңды міндетті түрде жу.

III топ. Жуынып болғаннан кейін құлағыңның, мұрнының ішін тазала, тырнағыңды ал.

Мұрынды тазалау арқылы біз бактериядан құтыламыз.

ә) Осы кеңестерге сұраулық шылауларды қойып айтып көрейік. (ма? ме? ба? бе? па? пе?)

Қорытынды: -Бұл кезеңнен біз нені үйрендік? Қандай тақырыпты қайталадық? (шылау)

IV кезең. «Шынықсаң – шымыр боласың».

а) Суретпен жұмыс: 3 топ берілген суреттер бойынша мәтін жазады (жүзу, жаттығу, жүгіру).

ә) Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей. Қандай спорттық ойындарды білесіңдер?

II деңгей. Септік жалғаулы сөзді тап: Денсаулықты сақта. Спортпен айналыс. Таза ауада серуенде.

III деңгей. «Денсаулық» тақырыбына жұмбақ айт немесе өлең оқы.

Қорытынды: - Балалар, «Шынықсаң шымыр боласың» кезеңі несімен ұнады? Сендер нені үйрендіңдер?

V кезең. «Ас – адамның арқауы».

а) Аудирование: «Қалай дұрыс тамақтану керек?»

Адам ағзасы сау және күшті болуы үшін тағамның құрамы түрлі болу керек. Ас ішер алдында қолыңды жу. Ал, тамақтану кезінде теледидар қарауға, кітап оқуға болмайды, өйткені сенің ағзаң да алаңдайды. Тағамды асықпай әбден шайнап же. Тамақтанған кезде тоюға бір-екі қасықтай қалғанын сезген сәтте тоқтаған дұрыс. Артық тағаммен ағзаның жүгін көбейтпеген жөн.

(Оқушылар не түсінгендерін айтып береді).

ә) Ойын: «Зиянды, пайдалы».

Тағамдардың қайсысы денсаулыққа зиянды, қайсысы пайдалы?

Неге пайдалы?

Неге зиян?

Зиянды тағамдар

чипсы, пицца,
гамбургер,
кола, газды
сусындар.

Пайдалы тағамдар

сүт, айран,
жемістер,
көкөністер, таза су.

Қорытынды: - «Ас – адамның арқауы» кезеңінен не білдің? Өз ойларыңды айтыңдар.

V. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын қорытындылау, жүйелеу кезеңі.

Сабакты оқушылардың өздеріне қорытынды жасату, сөйлету, дағдыландыру, қалыптастыру. Сөйлеу тілін

дамытуға бейімдеу, сөйлей білуге үйрете отыра, дағдыға айналдыру.

VI кезең. «Бірінші байлық – денсаулық»

а) Топтастыру стратегиясы:



Сабақ бойынша бірнеше сұрақтар беру:

1. Біз бүгін қандай тақырыппен таныстық?
2. Қандай тақырыптарды қайталадық?
3. Қандай жұмыстарды орындадық?

VI. Үй тапсырмасын беру: I деңгей: *денсаулық* сөзін септе; II деңгей: шылауды қолданып 3 сөйлем жаз; III деңгей: «Денсаулық – зор байлық» тақырыбына шығарма жазу.

VII. Рефлексия.

1. Бұл сабақ не туралы?
2. Мен нені білдім?
3. Маған сабақ ұнады (неге?)

VIII. Бағалау: бағалау парақтары мен оқушылардың белсенділіктерін ескере отырып, оларды бағалау.

Ботагөз НАУРЫЗҒАЛИҚЫЗЫ,
Батыс Қазақстан облысының
Ақжайық аудандық
балалар шығармашылығы орталығының
педагог-психологы.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ДАНЫШПАНЫ

**Қосымша білім беру ұйымдарындағы
психологиялық ахуал**

Балаларға қосымша білім беру – жасөспірімнің білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үдерісі және баланың жеке тұлға ретінде дамуына, кәсіптік бағдар алуына тиімді жағдай жасаушы жүйе, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Бүгінгі күнгі барлығымызға ортақ мақсат – жасөспірімге білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасау. Үйірме жұмыстарына жағымды психологиялық ахуал жасау мақсатында түрлі қызықты тренингтер ұсынамын.

Тренингтің мақсаты:

Жасөспірімдерде құрбыларымен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, «Мен-хабарлама» техникасымен таныстыру (коммуникативтік құзыреттілікті арттыру);

Әлеуметтік іс-әрекеттің үш негізгі түрі: сенімділік, сенімсіздік, агрессивтілік туралы ұсыныс беру;

Тренингке қатысушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыру.

Сәлемдесу жоралғысы.

Мақсаты:

Сенімділік және құрметтілік атмосферасын жасау.

Жаттығу сұхбат алу нысанында өтеді. Тренингке қатысушылар бөлме ішінде еркін жүреді, бір-бірімен амандасады және әңгімелеседі. Ойнаушылардың міндеті – сөйлескен адамдарының бір-біріне ұқсастығын және ерекшелігін табу. Неғұрлым көп адамнан сұраса және ұқсастықтар мен ерекшеліктері қызықтырақ болса, соғұрлым жақсы болады.

Ойынның басында жүргізуші мысалдар келтіруі мүмкін /мен де, ол да бір үйде тұрамыз, бірақ менде ит бар, ал онда жануарлар жоқ/

Жетекші әрқайсысына пакеттен бір-бір жаңғақ алуды сұрайды. Бір минут ішінде мұқият қарап, өз жаңғағын есте сақтау қажет /оған белгі салуға болмайды. Бір минуттан кейін барлық жаңғақтар пакетке қайта жиналады. Жүргізуші оларды араластырып, шеңбердің ортасына төгеді және әрқайсысына өз жаңғақтарын тауып алуды ұсынады.

- Қандай белгілер бойынша өз жаңғағыңды табуға мүмкіндік болды, ол басқалардан қалай ерекшеленді?

1-сабақ. «Мен өзім туралы не білемін?»

Мақсаты: топтық бірігушілікті дамыту, жасөспірімдердегі «Мен» бейнесін талдауға жағдай туғызу.

Қажетті құрал: қалам, қағаз.

Өтілу барысы:

1. *Қызықтыру.* «Жиырма МЕН».

Жасөспірімдерге 15 минут ішінде «Мен кімін?» деген сұраққа жауап қайтару қажет. Бұл жауапқа 20 сөз немесе сөз тіркестерін жазуға болады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін қорытындысы талданады. Зерттелушілерге жауаптарындағы ұнайтын қасиеттеріне «-» белгісін, ұнамайтын қасиеттеріне «+» белгісін қоюды ұсынады.

Жұмыс қорытындысы анонимді түрде талқыланады. Бұл сұраққа кейбіреулері 30-ға жуық жауап жазса, кейбіреулерінің 10-ға да жеткізбегендері де кездеседі.

2. *Қоштасу дәстүрі.*

2-сабақ. «Суреттегі МЕН және болашақтағы МЕН».

Мақсаты: Тұлғаның өзін-өзі тани білуі, өзін-өзі бағалауы.

Қажетті құрал: қалам, қағаз.

Өтілу барысы:

1. *Қызықтыру.*

Қатынасушыларға парақ таратылады да, әрқайсысы өз еріктерімен «Мен шындығында», «Мен – болашақта» тақырыптарына сурет салулары сұралады. Әрбір қатынасушы суреттерін салуды аяқтағаннан кейін әрбіреуі суреттеріне сипаттама береді. Суреттер топ ішінде талданады.

2. *Қоштасу дәстүрі.*

3-сабақ. «Мағыналы күлкі».

Қазіргі уақытта көтеріңкі көңіл-күймен күліп жүрген адамдарды сиректеу кездестіреміз. Ендеше, бір-

бірімізге күлкі сыйлап көрейік.

1. Қызықтыру.

Тренингтің шарты: көрген жерде жымыып амандасу, әңгімені күлкімен бастау. Қазір бір-біріңізге қарама-қарсы тұрып, жылы, жақсы сөздер айтыңыз, мейіріммен күліңіз, енді өзіңіздің сезіміңізге көңіл бөліңіз. Күлген сәтте қандай сезімдесіз? Күлкінің әсері бар ма? Егер сізге біреу арнайы жымиса ше? Қиындықты күлкімен жеңе аласыз ба? 10 минут табысып, араласқаннан кейінгі ойларды ортаға саламыз.

Қорытынды: мейірімді күлкі, әдемі жымыыспен де кедергілерді жеңуге болады. Неғұрлым адам көңілді жүрсе, айналасына жақсы адамдар мен жақсылық өзі-ақ топталады.

4-сабақ. «Менің «жағымды» және «жағымсыз» жақтарым».

Мақсаты: жасөспірімдердегі өзін-өзі бағалауын анықтау және басқа адамдар тарапынан өзінің жағымды және жағымсыз жақтарын кері байланыс арқылы анықтау.

Қажетті құрал: қалам, қағаз, алдын-ала дайындалған кесте, аяқталмаған сөйлемдер жазылған кәртішкелер.

Өтілу барысы:

1. Қызықтыру. «Мен туралы не айтылды?»

Зерттелушілерге өзінің құрдастары тарапынан өзі туралы не айтылғанын табуды ұсынады. Өздері туралы үш сөйлеммен өз парақтарына жазады. Талқыланатын сұрақ: өзінің жағымды және жағымсыз жақтарының қайсысын талдау оңайға соқты? Неліктен көпшілік адамдарға жағымды жақтан гөрі жағымсыз жағын

Менің жағымсыз жақтарым туралы өзге адамдардың көзқарасы	Менің жағымды жақтарым туралы өзге адамдардың көзқарасы

2. «Кері байланыс».

Зерттелушілерге құрдастары тарапынан олар туралы жазылған ақ парақ алынады. Берілген парақтағы жағымды және жағымсыз жақтарын талқылайды. Бұған 20 минут уақыт беріледі.

«Өзіңнің жағымды жақтарыңды айт».

Аяқталмаған сөйлемдер жазылған кәртішкелер суырылады. Бұл сөйлемдерді дауыстап оқып, аяқтаулары қажет.

Маған.....

(ақылды, әдемі джинсы киетінім, қаттылығым...)

ұнайды.

Кеше жақсы іс жасадым.....

(бөлmemді жинадым, үй тапсырмасын орындадым,

ыдыс жудым)

Менің жақсы сапаларым.....

(мен өзіме-өзім тұра аламын, мейірімдімін....)

Менің мақтауға тұрарлықтай қылықтарым,

мысалы,.....

(мен басқалар секілді өсек айтпаймын....)

Мен сендерге өзімнің жақсы істерімді айтайын. Бір

күні

(мен досыма би кешіне өз билетімді бердім, өйткені би кешіне оның жақсы көретін досы барған еді.)

2.1.Рефлексия. Жеке жұмыс.

Өзімнің жағымды жақтарымды айта отырып қандай күйде болдым?

*Өзімді мақтағандай
сезімде болдым.*

Әсемгүл Е.

*Өзімнің жағымды жақтарымды
айту қиынға соқты.*

Берік М.

Енді мен туралы бәрі біледі.

Нурия Қ.

5-сабақ. «Ұжымдық сурет».

Мақсаты: Жеке тұлғаның топ қатынасушыларымен келісімдік деңгейін анықтауға бағытталады. Жеке тұлғаның ұжыммен келісімділік қасиетін туғызу.

Көрнекіліктер: парақ қағаз, қарындаш.

Мазмұны: Барлық қатысушыға таза ақ парақ ұсынылады. Парақтың келесі бетіне өзі салғысы келген суреттің атын жазады. Содан кейін келесі бетіне суреттің бір деталын салып, парақты оң жақтағы көршісіне береді. Ол суретті жалғастырып салады. Сөйтіп суретті салу әрі қарай жалғаса береді. Парақ барлық қатынасушыларды айналып авторға келеді. Автордан басқасы ұжым болып суретке ат қояды. Қойылған ат суретке сай болуы керек. Мұнда автордың ойлағанымен топ қатынасушыларының келісімділігі байқалады.

6-сабақ. «Сыйлық».

Мақсаты: Оқушыларда сөздік емес қарым-қатынас арқылы жақсы көңіл-күй тудыру, мимикаларын дамытуға мүмкіндік жасау.

Шарты: Оқушылар бір-біріне қарама-қарсы отырып, бірі екіншісіне мимика арқылы қандай да бір сыйлық ұсынып жатқандығын бейнелеп көрсетеді, ал екіншісі оның қандай зат екенін біліп, өзінің ризашылығын оларда мимика арқылы көрсетіп береді.

Қорытынды кезеңі.

Мақсаты: семинар-тренингте жасөспірімдердің жеткен жетістіктерін талдау үшін жағдай жасау.

Қажетті құрал: қалам, ақ парақ.

Өтілу барысы:

1. Сәлемдесу.

2.1. Қызықтыру.

Семинар-тренингте немен шұғылдандық? Неліктен? Семинар-тренингте не біліп, ұғындық? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін алдыңғы жұмыстарын қарай отырып, өзіне ұнаған семинар-тренинг туралы талқылау. «Мен өзім туралы не білемін?», «Менің «жағымды» және «жағымсыз» жақтарым», «Жасөспірім» тақырыбы және т.б. семинар-тренинг туралы талдау жасау.

2.2. «Менің өзіме тілейтінім...»

- Қазір әркім өзіне тілейтін тілектерін жазуға болады, бірақ «осы шақта» емес, «болашаққа» бағыттауы тиіс. Неге өзіңді 20 жасыңмен құттықтамасқа? Бұл хаттарды өз қалаулары бойынша дауыстап оқытады.

Мен өзіме 5 жылдан кейін институтта заң бөліміне түсіп,

*жақсы білім алып
және қызықты жұмысқа
орналасуымды тілеймін.*

Юлия С.

*Мен өзіме барлық жақсылықты
және бай жолдас, бақыт
және достарымның
көптігін тілеймін.*

Алмагүл М.

*Мен өзіме ештеңе тілемеймін.
Өйткені ертеңгі күнімді
болжай алмаймын.*

Гаухар К.

3. Сабақтың соңы. Қоштасу дәстүрі.

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек» деген белгілі педагог К.Д.Ушинский. Сондықтан да үйірме мүшелерімен жұмыстана отырып, жан-жақты қолдау көрсетіп, ұлттың кемелденуіне өз үлесін қосуына бағыттауымыз қажет.

Үйірме жұмыстарына қызығушылықпен қарайтын, болашағынан үміт күттіретін оқушылар болашағымыздың жарқын болуына өз үлестерін қосатындарына кәміл сенемін.



Сағдат ЖАРҚЫНБЕКОВА,
«Көктіңкөлі» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы.

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІ АҚЫНЫ – ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

Мақсаты: оқушыларды Қасым Аманжоловтың шығармашылығымен таныстыру, білім деңгейін көтеру.

Міндеті: оқушыларға Қасымның өлеңін жатқа оқыту.

Көрнекілігі: мультимедия тақтасы.

Барысы:

Мұғалім:

- Қасым Аманжолов – қазақтың аса ірі ақындарының бірі. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ақынның әдеби мол мұрасын 7-8 поэмасы мен алуан тақырыптағы лирикалары құрайды.

Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне зор шабытпен аударды.

Қ.Аманжолов – өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандарының сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.

Айдана:

- Қасым Аманжолов қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыл деген жерде 1911 жылы дүниеге келген. Майданнан өлеңмен жазған “Ағайыма” деген хатындағы: “Қыс. Қыстау. Атамекен Қызылдағы” дегендегі Қызыл – сол туған жері. Әкесі де сонда қайтыс болады. Жас болса да Қасым соның бәрін есінде жақсы сақтап қалған. Әке-шешеден жастай жетім қалған ол біраз жыл ағасының қолында өседі. Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейін, 1924 жылы, ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт “Лениншіл жас” газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында “Екпінді құрылыс” газетіне қызметке орналасады. Жас ақынның көптеген өлеңдері осы газетте жарық көреді. Әншілік, әртістік өнерге бейім, домбыра, мандолина бастаған бірсыпыра музыкалық аспаптарда еркін ойнайтын ақ көңіл, жайсаң жанды “ерке Қасымның” Оралда болған, әсіресе, 1935-1936 жылдары Оралдағы қазақ театрындағы

қызмет еткен кезі өміріндегі ең бір қызықты, қымбатшағы болып қалады. Оның бойындағы туа бітті зор таланты да осында белгі беріп, ақындық жолына біржолата бет бұрады. 1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы “*Өмір сыры*” деген атпен жарық көреді. Жинаққа енген өлеңдерден болашақтағы кемелденген ақын поэзиясының отты, лепті, сыршыл мінезі танылатын жекелеген жол, шумақтар табылғанымен, тұтастай алғанда, жинақ ақынның әлі де үйрену, еліктеу үстінде екенін көрсететін еді. Әсіресе, ауыз әдебиетінің 7-8 буынды терме, толғау үлгілеріне бой ұруы көзге жиі шалынатын. Өлеңіне арқау етіп алған өмір құбылыстарын сырттай таңырқап, тамашалауға, көрген-білгенін тәптіштеп, тізбелеп суреттеуге әуестік байқалатын.

Жұлдыз:

- Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін алып шықса, қиын ба!..
Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.
Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар,
Іш пыстырып, жалт-жұлт қарап, жай басып.
Жығылсам да, жүгірумен өтемін,
Аяңшылдың ақылын мен не етемін.
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетермін.

Люда:

- Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,

Қабағын жаба түксиген.

Өмірден үміт жоқ өзге,

Даланың тердім тезегін.

Әкем боп таптың сол кезде,

Қайран да менің өз елім.

Қасымның ауыр толғақ, жан күйзелістері үстінде 1938 жылдың өзінде-ақ жазған белгілі өлеңі — «Сұлтанмахмұт туралы балладасы». Ақын онда сол кезде екінің бірі батылдық жасай алмайтын шындықты айта алды. Сұлтанмахмұтты жақтайтын жас ақын мен оны жау санайтын әдебиетші ақын қабірінің басында пікір таластырады.

Бірі айтты: — **Сұлтанмахмұт тірі**, — деді,

Мәңгіге өлмес жанның бірі, — деді.

Қазақтың кең даласын аралап жүр,

Өзіндей өжет оның жыры, — деді.

Бірі айтты: — **Қателеспе, өлген**, — деді,

Жырын да, өзін де оның көмген, — деді.

Болған соң өзі дұшпан, өзі арам,

Тарихқа жазып солай бергем, — деді.

Сол арада Сұлтанмахмұт қабірінен шыға келіп: «**Өлгем жоқ!**» — деп дауыстайды. Жас ақынды қолтықтап алып, Жазушылар одағынан мүшелік билетін алуға кетіп бара жатып:

Сен, жігіт, өсек айтып жүргенше құр,

Моламды мен қайтқанша күзете тұр, —

деп, масқаралап кетеді. Ол жылдарда мұндай өлең жазу нағыз жүрек жұтқан ерлік болатын. Ал, Қасым бір бұл емес, мұндай бірнеше өлең жазған. Оның «Біз кім?», «Ақынның мінезі», «Күлемін де жылаймын» секілді

өлендері сондай дүниелер.

Әлия:

- Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым, менің Оралым.
Қол созып қызыл вагоннан
Үстіңнен өтіп барамын, –
Оралым, сенің қойнында
Ойнақтап өткен жылдарым.
Жарқылдап Жайық бойында
Достармен сайран құрғамын.
Шағанның бойы көк шалғын,
Шалқамнан жатқам шаңқай түс.
Гүл болып менің құшағым,
Кеудеме қонған бұлбұл құс.
Кеудесі гүл болып,
Бұлбұл қонған бұла жастың
Бақыты қандай ыстық.

Сонау бір шетте, сонау үй,
Кетер ме, сірә, көңілден.

Алушы ед тартып мені ылғи,
Махаббат, жастық лебімен.

Терезе алды – жас терек,
Тұр екен кімдер сүйеніп?
Жүр екен кімдер еркіндеп,
Жүрегін ұстап, үйге еніп?..

Біз де ақынмен бірге сол үй, сол терекке қызыға,
тіпті, күрсіне қарағандаймыз...

Қош болшы енді, Оралым,
Күле бер шалқып, сайранда.

Айтпақшы, қайда бораның

Кетейін алып майданға, –

Талғат:

- Бармын мен бұл дүниеде, жүрмін тірі,
Жоқсың деп жала жабар құдың бірі.

Түссем де отқа, суға тозар емен,
Солдаттың етігіндей жаным сірі.

Ринат:

- Қорықпаймын жұтар деп оқ,
Қаршыға жаз жүрегім.

Қорықпаймын бір есерсоқ,
Салар деп қан шеңгелін.

Қорықпаймын жұрт сөзінен
«Тым арзан өлді» деген, –

Коля:

- Табиғат – анама мен туғам тартып,
Күн болып күлемін мен балқып, шалқып,
Кек дауыл көкірегімде күрсінгенде,
Бұлт болып арпалысам, жалын шарпып.

Нұрбек:

- Күтудеміз тұрсақ та әзілдесіп,
Арпалысып жүрсек те қан-сөл кешіп.
Күтудеміз сонау сұр окоптарда,
Өліп бара жатсақ та талып, өшіп.
Мейлі күтіп шыдамай темір сынсын,
Мейлі көлдер суалсын, тас үгілсін.
Қасарысып біз күттік! Шыда, жүрек,
Бұл ақырғы, ең ауыр болсын бір сын.

Кенжебай:

- Егер мен де түссем қолға,
Қамар ең-ау темір торға.
Олай болмай, бұлай болды,
Біздің бақыт, сіздің сорға.
Сен фашиссің, мен қазақпын,
Өзің айтқан «азиатпын».
Таң қаларсың, «философым»,
Ғажабына табиғаттың.

Жұлдыз:

- Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін,
Теңселтіп темір топан дүние жүзін.
Бетіне туған жердің өшпестей ғып,
Ер жазды өз қанымен жүрген ізін.
Нақ сол кез естідім мен ер дүбірін,
Атағы атын алып келді бұрын.
Үстінде туған елдің тұрды толқып
«Бауыржан Момышұлы» деген бір үн.
Ақынның ақ сұңқардай жүрегі бар,
Алқындым бір көруге болып құмар.
Көктемде күркіреген күн дауысын
Жер естіп, желкілдеген гүл ынтызар.

Айдана:

- Ішімде жанартаудай жатыр жырым,
Ұшқындап, іште қайнап сұрапылым.
Көрерсіз соның бұрқап атылғанын;
Жаңғыртып жан түкпірін, ойдың шыңын.
Өлеңнің қаптатармын отты селін,
Толассыз топанындай ертегінің.

Білерсіз кім екенін сонда, Секе,
Бұл күнде от шайнаған тентек інің.

Сәкен:

- Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далаға жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

Әлішер:

- Қасқая шықтық майданға,
Қасқая жауды мерт қылдық.
Халқымыз анттан тайған ба,
Құлшына түстік, серт қылдық.
Қираған сәнді қаламыз,
Қаусаған алып заводтар.
Құлпыртып қайта саламыз,
Жағамыз, – дедік, – жаңа оттар!
Өртенген орман, күйінбе,
Сені де қайта егеміз.
Баяғы балғын күйіңе
Келесің қайта дегеміз!
Қайғырма, туған жеріміз,
Жиренген жауың жеңілді.
Бөлейміз нуға сені біз,
Жайқалтып алтын егінді.

Айдана:

- Шықшы тауға, қарашы кең далаға,
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.

О шеті мен бұ шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Неңдей күйге жүрегімді бөледің!
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем –
Арманым жоқ бұл дүниеде, – дер едім.

Бегендік:

- Ризамын туғанымға адам болып,
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
Адамзат сапарының мейманымыз
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.
Бір күні от өмірім қалса өшіп,
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.
Торқадай жамылып ап топырағын,
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.
Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Мадияр:

- Нұрлы дүние – думанды елім,
Жарқылдайсың жас айбынмен.
Бір сен үшін туған едім,
Бір сен үшін жасаймын мен!

Әлия:

- Қасиет күші ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,

Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл, жүрек!

Азат:

- Қара толқын орман шашын
Жұлды талдап снарядтар.
Мәңгі мекен көл жағасын
Тастап, суға сүңгіді жар.

Асылжан:

- Қызыл-жасыл киінген өрт
Көрінді оған боп қыз ойнақ.
Толқып торғын, жайнап букет,
Тым сиқырлы билеп, ойнап.
Ашып отқа омырауын,
Естісін, – деп, – қырсық жауым,
Айтты ол шырқап өрт ішінде
Сүйген әні «Қарғам-ауын».
Қайсар батыр от киінген
Күш-қайратын тіске жиып,
Жаңағы ақшыл ер жүзінен
Жалын тілі тұрды сүйіп...

Бақтияр:

- Шұғыла шашқан кешкі бұлттай,
Толқын шашты оттар ойнап.
Өрт топанын кешіп Нұхтай,
Жалғыз өзі тұрды бойлап.

Мұғалім: - Келгендеріңізге көп-көп рахмет. Қош сау
болыңыздар.

СӨЗДІК ҚОР МЕН «ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ НЕГЕ АЙЫР?»

(«Ұшқан ұя» романынан үзінді, 5-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – белгілі жазушы Б.Момышұлы туралы түсінік беру, өмір жолы, шығармашылығымен қысқаша таныстыру. Жазушының «Ұшқан ұя» повесінен алынған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» үзінді ертегінің мазмұнымен, түйінімен таныстыру; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз пікірлерін айтуға дағдыландыру, дүниетанымын дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың жауынгер жазушыға деген сыйластық, құрмет сезімдерін тәрбиелеу, әдебиетке деген қызығушылығын ояту.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, ойтолғау, тірек-сызбалар.

Көрнекіліктер: Б.Момышұлының портреті, мақал-мәтелдер, буклеттер, ертегі кейіпкерлері туралы слайд.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, қазақ тілі, дүниетану, информатика.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабактың мақсат-міндеттерін түсіндіру.

III. Жаңа сабақ:

1. Мұғалімнің сөзі (слайд арқылы көрсету).

2. Интерактивтік тақтада сөздік жұмысын жүргізу.
3. Ертегінің мәтінімен жұмыс.
4. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.
5. Ертегі мазмұны бойынша сахналық көрініс көрсету.
6. Қорытындылау.
7. Бағалау.

Үй тапсырмасын сұрау.

Жаңа сабақ.

Сұрақ: - Ертегіні жақсы көресіңдер ме? Орыс және қазақ халқының қандай ертегілерін білесіңдер?

- Бұл сызбада ертегілердің 3 түрге бөлінетінін көріңіз. Осы ертегілер туралы өзіңіздің өмір тәжірибеңізді айтып беріңіз.



- Біз 5-сыныпта қандай ертегілермен таныстық?

Жаңа сабақты түсіндіру:

Мұғалім сөзі: (Слайд арқылы көрсету)

- Бүгінгі сабақта біз «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен танысамыз. Бұл ертегіні Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» романында жазған. Ертегіні өтпес бұрын Б.Момышұлы туралы білгеніміз дұрыс.

Бауыржан Момышұлы – қазақ елінің ардақты ұлы, халық батыры. Отанымызды жаудан қорғаған, соғыста генерал Панфилов басқарған дивизияның атақты қолбасшысы болған адам. Майданда жауынгерлердің соғыста көрсеткен ерлігі туралы, Отанын қаншалықты сүйгендігін батыр атамыз «Офицер күнделігі» атты жинағында жазған. Б.Момышұлының соғыс туралы, балаларға да арнап көптеген шығармалар жазған. Сондай шығармасымен біз бүгін танысамыз. «Ұшқан ұя» романында Б.Момышұлы өз отбасы туралы жазған. (Тақтада ілініп тұрған көптеген суреттерді, портреттерді көрсете әңгімелесу).

Ертегіні оқымас бұрын тақтадағы жаңа сөздермен жұмыс жүргізу.

әділдік – справедливый;

құрт-құмырсқа – черви и муравьи;

бақа-шаян – лягушки и скорпион;

тілін біліпті – знал язык (понимал);

жау шабады – наступил;

жұлып алады – вырвал;

айта алмайды – не может говорить;

ызыңдайды – жуужжит;

тап береді – набросился;

ұшып үлгереді – успеет улететь;

құйрық – хвост;

тіліп өтеді – прорезал;

шағатын жәндіктер – насекомые;

жарлық береді – дает распоряжение;

алдын тосады – ждет;

қарлығаш – ласточка;

масаны көреді – увидит комара;

тілін шығарады – высовывает язык;

менің ұрпақтарым – мое потомство;

ең тәтті қан – самая вкусная кровь;

айтқаның болсын – пусть будет по-твоему.

Мұғалім: - Қазақтардың неліктен қарлығаштың ұясын бұзбайтынын, өте қасиетті құс санайтынын айтып түсіндіреді.

Осы ертегінің сахналық көрінісін оқушылар ұйымдастырып келген екен. Соны тамашалайық. (Ертегінің бірінші бөлімін сахналайды. Қарлығаш масаның тілін жұлып, маса тілсіз қалған жеріне дейін).

Білу керек: Б.Момышұлы өмірбаянын, ертегі кейіпкерлерін, ертегілердің түрін ажырата білу. Кейінгі бөлімін оқушылар рөлге бөліп оқиды.


- Балалар, біз өткен ертегі қандай ертегі түріне жатады? Ертегі ұнады ма? Қандай кейіпкер ұнады, несімен ұнады? Ертегі кейіпкерлерінің әрқайсысына сипаттама беру.

Қорытынды. Тірек-сызбаға көңіл аударайық:

Қарлығаштың құйрығы неге айыр?



Екінші тірек-сызба қарлығаш туралы.



2. Дайындықсыз Блиц-сұрақтарына жауап беру:

- *Бауыржан Момышұлы -
- *Ұлы Отан соғысы басталды.
- *Соғыс созылды.
- *Батыр атағын алған қазақстандықтар ...
- *Қазақтың батыр қыздары ... , ...
- *Екі мәрте батыр атағын алғандар ... , ... , ...
- *Б.Момышұлының ерлігі туралы
- *... .. басқарды.
- *... ,... ,..., ... шығармаларын ... әкелді.
- *Б.Момышұлы Батыр атағын

3. Кесте толтыру:

Сүлеймен патша	Жылан		Қарлығаш	
	Ертегіде	Қосымша мәлімет	Ертегіде	Қосымша мәлімет
Қандай?	Қандай?		Қандай?	

Үй тапсырмасы: 1. Қарлығаштың қандай құс екендігі туралы қосымша мәлімет дайындау; 2. Оқулықта берілген жазушының нақыл сөздерін жаттау.

ТАЛҒАУЛЫҚТЫ САЛАЛАС ПЕН БАЛҚАШ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ

(9-сынып)

“Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер” деп Ж.Аймауытов айтқандай, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар, оқушының танымдық күшін қалыптастыруға және білімін, тілін дамытуға жағдай жасайды.

Сабақтың мақсаты: Тіл дамыту. Оқушының коммуникативтік іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік туғызу. Талғаулықты салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын, мағынасын, ерекшеліктерін меңгерту.

Сабақтың міндеттері: білімділік – әрбір оқушыны өз бетінше білім алуға үйрете отырып, жүйелілік, біліктілік талаптарын орындау, қазақ тілінде сөйлеуге танымдық бесенділігін арттыру; дамытушылық – грамматикалық тапсырмаларды дұрыс, сауатты орындау, оқушылардың дүниетанымын кеңейту; тәрбиелік – оқушылардың отансүйгіштік сезімдерін арттыру, өз туған жерін, елін құрметтеуге баулу. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, үлестірмелі қағаздар, түрлі суреттер. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:**

талдау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойқозғау. **Қолданатын стратегиялар:** «Кубизм», «Түртіп алу», «Алгоритм», «Ойқозғау», «Білесің бе?» ойындары. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, өзін-өзі тану, қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Өткенге қарайық (Үй тапсырмасын тексеру).
3. Мағынаны тану.
4. «Алгоритм».
5. Жаңа сабақты түсіндіру.
6. «Ойқозғау»
7. «Ойланайық, орындайық».
8. «Өзіңді тексер».
9. Қорытынды.
10. Бағалау.
11. Үйге тапсырма беру.

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, сабаққа дайындығын байқау.

Психологиялық ахуал. Оқушылар келген қонақтармен амандасады.

Өткенге қарайық. (Үй тапсырмасы: Шет аудандық Шортанбай жырау атындағы археологиялық–этнографиялық мұражайдың тарихын әңгімелеу).

Мағынаны тану. «Кубизм» стратегиясы бойынша:

1. Суреттеңіз. Қай жылы мұражайға ақын есімі берілді?
2. Салыстырыңыз. Мұражайдың ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізі қай бағытта жүргізілді?
3. Саралаңыз. Мұражай туралы тарихшылар, көнекөз қариялар пікірі?

«Алгоритм» ойынының сұрақтары:

1. Құрмалас сөйлемнің түрлерін ата?
2. Салалас құрмаластың неше түрі бар?
3. Соңғы тарауда біз қай салаластың түрін өттік?

Жаңа сабақты түсіндіру.

Мәтінмен жұмыс.

Балқаш қалалық тарихи-өлкетану мұражайы 1973 жылы ашылған. 1972-1985 жылы мұражай директоры Қ.Ы.Сардарбек оның негізін қалауға үлкен еңбек етті. Мұражай «Балқаш өңірінің табиғаты және этнографиясы», «Археология залы», «Балқаш өңірінің этнографиясы», «Қазіргі заманғы зал» деп аталатын 4 көрме залынан тұрады. Мұражайдың негізгі байлығы – түпнұсқа экспонаттар. Балқаш өңірінің өсімдіктері мен жануарлар әлемі кеңінен көрсетілген. Бірегей өсімдіктер гербарийі, жануарлар тұлыптарының алуан түрлері қойылған. Онда тарихи тұлғалар мен белгілі өнер шеберлері қолданған музыка аспаптары қойылған. Мұражайда 40 мыңға тарта экспонат жинақталған (2006). Балқаш мұражайы қызмет бағытында 3 негізгі кәсіпті біріктірген кешенді мұражай болып табылады (тарихи, жаратылыстану-ғылыми және этнографиялық). Балқаш қалалық тарихи-өлкетану мұражайына» жылына 10000-ға тарта адам келеді. Мұражайға келушілерге ыңғайлы болу үшін мұражай аптасына 6 күн сағ. 9.00-18.00 дейін үзіліссіз жұмыс істейді.

Ойқозғау:

1. Қаламыздағы Қарағанды өлкетану мұражайы қай жылы ашылды?
2. Мұражайдың атауы «Тарихи өлкетану» деп қашан өзгертілді?
3. «Кіріспе» залының экспозициясында немен таныса алады?
4. Қазақ даласының атақты тұлғалары қай зал экспозициясына жатады?

«Ойланайық, орындайық». Грамматикалық

тапсырмалар.

Жалғаулары: әйтпесе, я, яки, я болмаса, әлде, не, немесе.

сөйлем құраңдар.

1. Қазақ әйелдері киіз басқан. 1. Жексенбіде атамның үйіне барамын.

2. Ши, кілем тоқыған. 2. Үйде сабаққа дайындаламын.

2. Мына сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

1. Қазақ әйелдері бірде киіз басқан, бірде ши, кілем тоқыған.

2. Үстіне қызыл торғын шапан киген, омырауына алтын алқа таққан.

«Білесің бе?» ойынының шарты: мен сіздерге аяқталмаған сөйлем оқимын, ал сіздер алдарыңда жатқан парақтағы сөздерден дұрыс жауаптарын тауып, тез жауап айтуларыңыз керек.

Ойтолғаныс.

Кітаппен жұмыс. «Түртіп алу» стратегиясы бойынша 4-тапсырманы тақтаға жазып талдау.

«Өзіңді тексер».

Оқушылар тест сұрақтарын жазбаша шешеді, болған соң тақтада берілген кілт бойынша тексеріп бағалайды.

Қорытындылау:

- Балалар, біз бүгін қандай тақырып өттік?
- Бүгін сабақта қандай жұмыстар жасадық?
- Сабақтың қай кезеңі сіздерге ұнады?

Рефлексия:

Алақанымыздың жылуы арқылы бір-бірімізге жылы сөз айтайық.

Бағалау. Оқушыларды берген жауаптарына қарай, сабақта белсенділік танытқанына қарай бағалау.

Үйге тапсырма: «Балқаш тарихи-өлкетану мұражайы» мәтініне диалог құрастыру.



Лаура НҰРЫШЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Берлі ауданы,
Ақсай қаласы.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІ ПЫСЫҚТАУ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – домбыраның шығу тарихымен таныстыра отырып, оқушылардың білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, өзіндік іс-әрекетін дамыту, өз беттерімен жұмыс істей білуге машықтандыру. Салалас құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып ойларын жеткізе білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – қазақ халқының өнеріне сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін туғызу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдайды;
- Өз ойларын жеткізе біледі;
- Өз беттерімен білім алуға ұмтылады.

Сабақтың өту барысы:

I. Қызығушылығын ояту.

«Ой қозғау».

- Бұл заттар қалай аталады?
- Ұлттық аспаптар.

«Қазақтың музыка аспаптары» деген тақырыпқа «категориялық топтастыру» бойынша кластер толтырады.

Дабылды-шулы

Үрмелі

Қазақтың музыка аспаптары

Сарнамалы


Ішекті

Слайд көрсетіледі (домбыра ұстаған әнші-күйшілердің суреттері интерактивті тақтадан көрсетіледі).

Сұрақ: Мына адамдарды не ортақтастырады?

Жауап: домбыра.

«Топтастыру»



Үй тапсырмасын тексеру: қазақ әдебиеті оқулығынан салалас құрмалас сөйлемнің әр түріне сөйлем тауып жазып келу.

Мағынаны ашу.

Мұғалім: - Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының қырықтан астам түрі бар екен. Осы киелі саз аспаптарының санатында бірінші домбыра тұрады. Бұл аспаптың дүниеге келу тарихы «Қос ішек» күйімен тығыз байланысты.

Мәтінмен жұмыс. Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топқа бөлек тапсырма беріледі. Әр топтың топ басшылары сайланады. Әр топқа бағалау парақтары үлестіріледі.

Оқушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	Бағасы

I тапсырма. Мәтін үлестіріледі. ЖИГСО әдісі бойынша жұмыс істейді.

- 1-топ мәтіннің басы;
- 2-топ мәтіннің ортасы;
- 3-топ мәтіннің соңы.

Әр топ басшысы өз үзіндісін оқып түсіндіреді.

- 1-топ – 2-топқа
- 2-топ – 3-топқа
- 3-топ – 1-топқа түсіндіреді.

II тапсырма. Әр топ бөлек «Ти» кестесін толтырады.

Кейіпкер	Іс-әрекеті
Аңшы	Марал атып алды, ішек-қарынын ақтарып тастайды, дыбыс естиді.

III тапсырма. «Екі жақты күнделік толтырады». 2 топ екі жақты күнделік толтырады (салалас құрмалас сөйлем болу керек).

Мәтіндегі басты сөйлем	Менің пікірім
Ертеде бір аңшы жігіт аңға шығады да, биік таудың басынан марал атып алады.	Маралды атуға болмайды, бірақ аңшы атып алады.

IV тапсырма. «Кубизм» әдісі бойынша әр топ салалас құрмалас сөйлемнің түрлеріне сөйлем құрастырып, синтаксистік талдау жасайды.

Толғаныс. «Бес жолды тұжырымдама».

1. Зат есім. Домбыра.
2. Сын есім. Ұлттық, жаңа.
3. Етістік. тартады, ойнайды, сыйлайды.
4. Сөйлем. Домбыра – ата-бабамыздан қалған мұра.
5. Синоним. аспап.

Үйге тапсырма: белгілі ақындардың домбыра туралы өлеңдерінен үзінді тауып, жаттап келу.

Бағалау парақтары бойынша бағаланады.

ТІЛ ҰСТАРТҚАН МЕНІҢ ҚАЛАМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Батыс Қазақстан облысы туралы білімдерін толықтыру, жан-жақты мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін, жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру, грамматикалық материалдың меңгерілуін бақылау; **тәрбиелік** – Отанын, халқын, тілін сүйуге баулу, туған жерді аялауға, құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы. **Пәнаралық байланыс:** география, ағылшын тілі. **Түрі:** дәстүрлі. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, түсіндіру, іздену, пікір алмасу.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі: Сәлемдесу. Оқушы зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру: «Орал қаласының кәсіпорындары», Септіктер.

1. Мәтінді мазмұндау.

2. Сұрақ-жауап жұмысы бойынша үй тапсырмасын қорыту, бекіту.

III. Жаңа сабақ:

2. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

3. Мұғалім: - Біздің бүгінгі сабағымызға қонақтар келіп отыр. Олардың ішінде шет елден келген қонақ та бар екен. Олардың мақсаты БҚО, Орал қаласы туралы мәлімет алу. Қазір осы қонақтарға өзімізді таныстырып өтейік.

Біз – №28 жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларымыз. Биыл біз 11 «А» сыныбында оқимыз. Біздің сыныпта 17 оқушы бар. Мектепте үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын тілдерін) меңгеріп жүрміз. Келген қонаққа сөз берейік.

Қонақ: - Мен Мистер Джон Ұлыбританиядан келдім. Журналист болып қызмет істеймін. Қазақстан туралы мақалалар жазып жүрмін. Енді БҚО, Орал қаласы туралы жазғым келеді. Қонақтың сөзін аудармашылар аударып отырады.

Мұғалім: - Ал, балалар, біз өз өңіріміз туралы көп білеміз. Берілген тапсырмаларды орындау арқылы келген қонақтарға қажетті ақпарат бере аламыз деп ойлаймын.

Музыка аясында интерактивті тақта арқылы Қазақстанның табиғаты, Орал қаласының көрнекті орындары көрсетіледі.

Оқушы Ө.Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңін оқиды.

Тапсырма: Бейнекөріністен алған әсерлерін байқау үшін Орал қандай қала деген сұраққа ассоциация жазу, оқушы ойын тыңдау.

Орал өңірінің бейнекөрінісін тамашалаған соң оқушыларға өз беттерімен сызба толтыру тапсырылады.

Сызба – **Орал қаласы** (қажетті сөздер: өнеркәсіптері, тарихы табиғаты, мәдениеті, ескерткіштері).

Сұрақ-жауап жұмысы:

1. Орал қандай қала?
2. Өнеркәсібі туралы не айтуға болады?
3. Туған қаламыздың тарихы, мәдениеті туралы не білесің?

Мәтінмен жұмыс.

Үш тілді сөздік:

Көшпенді тайпалар-	кочевые племена-	nomad tribes
Қолайлы-	удобно-	cosy

Сәулетшілер-	архитекторы-	architectors
Елестер-	схожесть-	similaritu
Отарлау саясаты-	политика колонизации-	
the of colonation		
Қаз қалпында-	без изменения-	without changing
Қасбеті, келбеті-	фасад-	outciude

Мәтінді оқу. Мәтіннің мазмұнын қазақша мазмұндау.

Мәтін бойынша сұрақтар:

- БҚО географиялық орыны туралы не білесің?
- Облыста мекендейтін халықтар жөнінде не айтар едің?
- Қала тарихы туралы не білесің?

Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрау:



1-бағандағы сөздердің аудармасын 2-бағаннан табындар.

Солтүстік батыста орналасқан	добрососедские отношения
Солтүстік шекара	спорные вопросы
әкімшілік аудандар	северная граница
тарихи өткені	славные имена
халықтық көтеріліс	народное восстание
даңқты есімдер	историческое прошлое
даулы мәселелер	административные районы
көршілік қарым-қатынас	расположен на севере западе

Сөйлемдерді керекті сөздермен толтырындар.

- Орал-... қала.
- Қалада... зауыттар бар.
- Оралда... орындары көп.
- Қалада көптеген... жұмыс істейді.

IV. Бекіту. Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастыру: *саяси, мәдени, мәдениет, орындары, демалыс, ғимараттар.*

II деңгей. Берілген сөздерді етістің түрлеріне қарай бағанға бөліп жазыңдар: *жеңілді, әкелісті, өңдетті, жуынды, ақылдастым, сөйлестік, сұрат, жинасты, таранды.*

Өзгелік етіс	Өздік етіс	Ырықсыз етіс	Ортақ етіс

III деңгей. Сызба бойынша берілген тірек сөздермен мәтіндер құрастырыңдар:

1. саяси, мәдени, әкімшілік орталық, шектеседі, бұрын;
2. туған жерім, көне, іргетасы, бұрынғы аты;
3. тарихы, көне заманда, қыпшақтар, шаруалар көтерілісі, белгілі адамдар;
4. ну орман, көк шалғын, өзен, көл, қазбалар;
5. мәдениет орындары, саябақтар, демалыс;
6. жаңа, ғимараттар, жөндеу, салу.

Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын дәлелдеңдер:

1. Ұлы адамдар, ақын, жазушылар өз еңбектерін туған еліне арнаған.
2. Суретшілеріміз салған суреттен Орал қаласының жаңа бейнесін көреміз.
3. Орал қаласы – жаңа қала.
4. Батыс Қазақстан облысы Қытаймен шектеседі.

«Суретшілердің» сөзін сөз құрамына, лексико-грамматикалық мағынасына қарай сатылай талдаңдар.

V. Сабақты бекітуге арналған тестпен жұмыс орындалады.

Интерактивті тақта арқылы тест жауаптары тексеріледі. Оқушылардың жұмысы нәтижеленіп, жіберілген қателер талқыланады, оқушылар бағаланады. Өңіріміздің әнұранына айналған «Ақ Жайық – ару мекенім» әні орындалады.

VI. Үй тапсырмасы. Орал қаласы туралы шағын шығарма. **VII. Бағалау.**

БУЫН ЖӘНЕ МЕНІҢ ОТБАСЫМ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: отбасы мүшелері туралы алған білімдерін кеңейту. Өзі және өз отбасы туралы айта білуге үйрету.

Сабақтың міндеттері: оқушылардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ата-анасын сыйлауға, кішігірім ізет көрсетуге, өнегелі болуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелеу, жаттықтыру, деңгейлік тапсырмалар, интерактивтік тақта. **Көрнекілігі:** суреттер, отбасы мүшелерінің суреттері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

A) Кезекшімен сұхбат (3 мин).

- Кім кезекші?
- Сабақта неше оқушы?
- Қазір қандай сабақ?
- Қазақ тілі сабағы нешінші сабақ?
- Аптаның қай күні?
- Қазір қандай жыл мезгілі?
- Күз айларын атаңдар.
- Күзде қандай өзгерістер болады?

II. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің сөзі: (Сұрақ-жауап) (5 мин)

1-флипчарт (ағаш суреті)

- Балалар, сендер не көріп тұрсындар?

- Ағаш.

- Ағашқа ұқсайды, бірақ тағы не керек?

- Жапырақ.

- Дұрыс. Ендеше, мына жапырақтарды ағашқа ілеміз.

(Балалар интерактивті тақтада жұмыс істейді).

- Балалар, міне, ағашымыз өсті.

- Осы сөздер не туралы, қалай ойлайсындар?

- Отбасы туралы (мұғалім отбасы сөзін ағашқа іледі).

2-флипчарт (отбасы суреті)

Мұғалімнің сөзі: - Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Менің отбасым». Біз отбасымыз туралы әңгімелеуге үйренеміз. Бұл тақырып әрбіріміз үшін өте маңызды. (Дәптерге күнді, тақырыпты жазғызу):

1. Елдің, отбасының ең сыйлы адамы (ата).

2. Әкеңнің, шешеңнің анасы, балалардың тәрбиешісі, ақылшысы (әже).

3. Үйдің басшысы, асыраушысы (әке).

4. Ақ ниетті, мейірбан тәрбиеші, отбасының берекесі (ана).

5. Қазақ отбасында шаңырақ иесі, әке өмірінің жалғасы (ұл бала).

6. Елдің сәні, көркі, өмірдің гүлі, отбасының мақтанышы (қыз бала).

III. Жаңа сөздермен жұмыс.

- Балалар, қазір сөздік дәптерлеріңді ашып, бүгінгі тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді жазыңдар. (3 мин)

Тату – дружный;

Ұшқыш – летчик;

Әуежай – аэропорт;

Зейнеткер – пенсионер;

Мейірімді – добрый, ласковый;

Балабақша – детский сад.

IV. Мәтінмен жұмыс. 3-флипчарт (8 мин).

1. Мұғалім оқып шығады, сұрақ қояды:

- Отбасы қандай?

- Отбасында неше адам?

- Әке-шешесі кім болып жұмыс істейді?

- Қарындасы қандай, ол қайда барады?

2. Оқушылар тізбекпен оқып шығады.

3. Мәтін бойынша сұрақ қойыңдар.

4. Мәтіндегі мына сөздерді: **зейнеткер, ұшқыш, қарындас, аға** буынға бөліп, буын түрін анықтаңдар.

4-флипчарт (сөздерді жазу).

(Бір бала тақтада орындайды. Оқушылар дәптерлеріне жазады). (5 мин)

V. Сергіту сәті.

Бір үйде біз нешеуміз?

Кел, санайық екеуміз.

Бас бармақ – әкем,

Балаң үйрек – шешем,

Орған терек – ағам.

Шылдыр шүмек – мен,

Кішкентай бөбек – сен.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз – бесеуміз.

VI. Деңгейлік тапсырмалар. 5, 6-флипчарттар:

(Деңгейлік тапсырмалармен таныстыру, балаларға деңгейлік тапсырмалар таратылады). (10 мин)

A_1 -қарапайым деңгей. Берілген сөздерге керекті әріптерді қойып жазыңдар.

A...a, мей...рімді, қар...ндас, сі...лі, ша...ын, т...ту.

A_2 -негізгі деңгей. Берілген сөздермен сөз тіркесін құраңдар. *Бала, тәрбиеші, ұл, отбасы, үлкен.*

B₁-орта деңгей. Мына сөздерді буынға бөліп, буын түрін анықтаңдар.

Әуежай, ата, тату, бауырым, шеше, әке.

B₂-ортадан жоғары деңгей. Сұрақтарға жауап беріңдер:

Сенің отбасың үлкен бе?

Отбасыңда неше адам?

Олар кімдер?

Сенің әпкең, ағаң, інің, сіңлің (қарындасың) бар ма?

C₁-жоғары деңгей. Мына мақал-мәтелдерді аяқтаңдар:

Ата – бәйтерек,

Ата балаға

Отанды сүю – ... басталады.


Ананың сүті – бал, баланың ... бал.

C₂-жетік деңгей. Өз отбасың туралы жазыңдар.

(Деңгейлік тапсырмаларды оқушылардан тексеріп, бағалау парағына белгілеу. Орындаған соң барлық тапсырманы тексеру). (7 мин).

VI. Сабақты бекіту.

7-флипчарт. Мына сөздердің ішінен *отбасы* сөзіне байланысты сөздерді тауып орналастырыңдар. (5 мин)



Сөздер: *мектеп, ата, әке, тақта, сіңлі, дәрігер, шеше, аға, әже, қарындас, бөлме, іні, сатушы, кітап, әпке.*

Кластер бойынша сөйлемдер құратып айтқызу.

VI. Оқушыларды бағалау (2 мин).

VII. Үй жұмысы: әркім өз отбасы туралы әңгімелеп келеді. Отбасы мүшелерінің суреттерін әкелуге болады (2 мин).

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

1-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Модульдің құрамын түсіндіру.

III. Сабақтың мақсатын, жүру барысын анықтау.

Осы модульдің барысында басты грамматикалық тақырыптар қайталанады (фонетика, септік жалғаулары, етістіктің шақтары, тәуелдік жалғау, сын есім, есімдіктер).

IV. Сөздік жұмыс.

*Ыстық – жарко, жаркий,
жара;*

Хош иіс – аромат;

Ерекше – особенный;

Нөсер – ливень;

Қапырық – душный;

Шомылу – купаться;

Жүзу – плавать;

Күнге күйю –

загорать;

Сапар –

путешествие.

Мұғалім мәнерлеп оқиды.

Оқушылар қайталайды.

2-3 оқушы қазақша оқып шығады.

Сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырылады.

V. Лексикалық тақырып.

Демалыс	киім	Айлар
Еңбек	ЖАЗ	Күндер
Табиғат		Түндер
	Ауа райы	

Оқушылар мұғалімнің мына сұрақтарына жауап береді:

- Жаз айлары қандай?
- Жазда күн қандай болады?
- Түн қандай болады?
- Жазда ауа райы қандай болады?
- Жазғы табиғат туралы не айта аласыңдар?
- Адамдар жазда қандай еңбек түрімен айналысады?
- Жазда адамдар қалай демалады?
- Адамдар қалай киінеді?

Содан кейін бір оқушы тірек-сызба бойынша «Жаз» туралы әңгімелейді.

VI. Өлең мәтінімен жұмыс жасау.

1. Оқулықта берілген тапсырманы орындау.

ЖАЗ ДЕГЕН

Жаз деген	Бал дәмін алғашқы.
Көктемнің жалғасы	Жазды ыстық сүйемін,
Пісетін бұл кезде	Сайрандап жүремін.
Балбырап өрігі,	Суына шомылам.
Мейізі, алмасы...	Күніне күйемін.
Тосады аузыңа	<i>(Қ.Ыдырысов).</i>

2. Мұғалім өлеңді мәнерлеп оқиды.

Оқушылар іштей оқиды.

2-3 оқушы мәнерлеп оқиды.

3. Оқушылар оқулықтағы №2, 3-тапсырмаларды жазбаша орындайды. Содан кейін жауап үлгісі бойынша оқушы өзін-өзі тексеріп, бағалау парағын толтырады. №4, 5, 6-тапсырмалар ауызша орындалады.

Тапсырмалар:

1. Өлеңді мәнерлеп оқы.

2. Мына сөз тіркестерінің аудармасын өлеңнен тауып аудар. Продолжение весны, люблю лето, первый вкус, буду загорать, буду кататься в воде, жаркое лето, в это время.

3. Аударылған сөз тіркестерінің жұрнақ, жалғауларының анықта.

4. Жыл мезгілдерін ата, әрқайсысының өзіне тән қандай ерекшеліктері бар?

Өзің жазды ұнатасың ба, неге? Қатар отырған көршіңе осы сұрақты қой, жауабын тыңда.

Жауап үлгісі:

1. Көктемнің жалғасы, жазды сүйемін, алғашқы дәм, күніне күйемін, суына шомыламын, ыстық жаз, бұл кезде.

2. Көктемнің (ілік с.) жалғасы (т.ж. III ж.) жазды (т.с.) сүйемін (келер шақ, ж.ж. I ж.), алғашқы дәмі (т.ж. III ж.), күніне (т.ж. III ж., б.с.), күйемін (келер шақ, ж.ж. I жағы), суына (т.ж. III жағы, б.с.), шомыламын (келер шақ, ж.ж. I ж.), бұл кезде (ж.с.).

3. Жыл мезгілдері: жаз, күз, қыс, көктем. Жазда күн ыстық болады. Күзде күн салқын болады, жиі-жиі жаңбыр жауады. Жеміс, көкөніс піседі. Қыста күн суық, аязды болады. Жер беті ақ қар жамылады. Көктемде күн жылынады, ағаштар гүлдейді.

Ауызша белсенді жауап берген оқушылар да бағаланады (Бағалау парағы №1 модульде көрсетілген).

VII. Үйге тапсырма беру.

Жаңа сөздерді және өлеңді жаттап келу.

Сөйлесу бөлімі.

2-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, жүру барысын айту.

IV. Сөздік жұмыс.

Шабындық – луг; табу – находить;

Қону – садиться; қорғайды – защищают;

Мәні – значение; жайнау – пестреть.

Мұғалім мәнерлеп оқиды.

Бірнеше оқушы оқып шығады.

Сөз тіркестерін құрастыру.

V. Оқулықта берілген «Жаз» мәтінімен жұмыс.

Сынып оқушылары жұппен отырады, үстелде әр жұптың бағалау парағы жатады. 1-тапсырманы орындауға 15 минут уақыт беріледі. Әр оқушы өз бетінше, жұмыс болған соң, оқушылар дәптерлерін алмастырып, мұғалімнің жауап үлгісі бойынша бір-бірін тексереді. Бағалау парағын толтырады.

Тапсырмалар:

1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді, жұрнақ, жалғауларды қойып, дәптерлеріңе жазыңдар.

2. Көп нүктенің орнына қойған әріптер, жұрнақ пен жалғаулардың түрлерін анықтап, берілген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Гүл, мәні, жаз, мұның.

4. Қарсы отырған көршіңе мәтін бойынша сұрақтар қойып, әңгімелес.

Жаз

Шабындықта түрлі гүлдер жайнап өсіп тұр. Көбелектер гүлден гүлге қонып жүр. Ақ көбелек ақ гүлге қонады. Көк көбелек көк гүлге қонады. Мұның мәні бар. Бір кезде қарлығаш ұшып келді. Ол көбелектерді таба алмай қалды, өйткені көбелектердің түсі гүлдердің түсімен бірдей. Көбелектер өзін осылай қорғайды.

2-тапсырма.

Дайындықсыз өткізіледі. Мәтінді қатар отырған оқушылар бір-біріне түсіндіреді. Содан кейін жауап үлгісі бойынша бір-бірінің жауабының дұрыстығын тексереді, бағалау парағын толтырады.

2.

шабындықта, кезде	да, де, та, те, нда, нде - жатыс септігінің жалғаулары. Жатыс септігінің сұрақтары: кімде? неде? қашан?
-------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------

түрлі, түсі, өзін, бірдей	сингармонизм заңы бойынша ү, і жіңішке дауысты дыбыстарын жазамыз.
көбелектер, үйлер, көлдер	дар, дер, тар, тер, лар, лер - зат есімнің көптік жалғаулары.
жайнап тұр, ұшып келді, қонып жүр	етістіктің осы шағы. Осы шақтың жұрнақтары ып, іп, п, а, е, й және жатыр, тұр, жүр етістіктері.
көбелек, көк	жіңішке дауысты дыбысты сөздер.
гүлге	ге, ға, қа, ке, а, е, на, не - барыс септіктің жалғаулары. Сұрақтары: кімге? неге? қайда?
мұнын	Есімдік мағынасына қарай сілтеу есімдігі, ілік септігінде тұр. Сұрағы - ненің?
ол	Жіктеу есімдігі.
өзін	Өздік есімдік I т.ж. III ж. – табыс септігінің жалғауы.
осылай	Сілтеу есімдігінен жасалған туынды үстеу.

3. Берілген сөздерге 3 минут ішінде фонетикалық талдау жасалады.

Гүл – 1 бітеу буын.

Г – дауыссыз, ұяң.

Ү – дауыссыз, үнді.

Л – дауыссыз, үнді.

3 әріп, 3 дыбыс.

Мәні – 2 ашық буын.

М – дауыссыз, үнді.

Ә – дауысты, езулік, жіңішке.

Н – дауыссыз, үнді.

І- дауысты, жіңішке, қысаң.

4 әріп, 4 дыбыс.

Жаз – 1 бітеу буын.

Ж – дауыссыз, ұяң.

А – дауысты, езулік, жуан.

З – дауыссыз, ұяң.

З әріп, 3 дыбыс.

Мұ-ның - 2 буын. 1 – ашық буын, 2 – бітеу буын.

М – дауыссыз, үнді.

Ұ – дауысты, еріндік, жуан.

Н – дауыссыз, үнді.

Ы – дауысты, қысаң, жуан.

Ң – дауыссыз, үнді.

5 әріп, 5 дыбыс.

Бағалау парағы.

р/с	Оқушының аты-жөні	Бағалары				
		1	2	3	4	Қорытынды
1						
2						
3						

VI. Үйге тапсырма беру.

Сөздерді жаттап келу.

3-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, жүру барысын айту.

IV. «Жаз» мәтінін «Мәтін бөліктері» ойынын ойната оқыту арқылы үйрету.

Ойынның шарты:

Оқушылар мәтінді оқиды. Олар төрт топқа бөлінеді: 1-топ – «Кіріспе», 2-топ – «Негізгі бөлім», 3-топ – «Соңғы бөлім», 4-топ – «Толықтыру». Мәтін бөліктерін әңгімелеуді ретімен бастаймыз. «Толықтыру» тобы әрбір топтан кейін сөз ала алады. Ойыннан соң, мәтінді тағы бір қарап шығып, берілген ақпаратпен анықтаймыз. Жүргізуші жеңімпаздарды құттықтайды.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТАРИХЫ МЕН СӨЗДІГІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: мемлекеттік рәміздер жайлы мәлімет бере отырып, тілдік құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау, жай сөйлемнің түрлеріне шолу жасау;

Міндеттері:

Мемлекеттік рәміздер тарихынан мағлұмат алады.

Тақырып бойынша топпен, жұппен, жеке жұмыс жасай алады.

Ойларын жеткізе біледі.

Жай сөйлем түрлерін ажырата алады.

I. Қызығушылықты ояту. «Ой қозғау» стратегиясы.

Қазақстан қандай мемлекет?

Қазақстан Республикасының Президенті кім?

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білесің бе?

II. Мағынаны тану сатысы. «Түртіп алу» стратегиясы.

1. Сөздерді оқып жаттығындар.

Рәміз – символ;

қолдану – применять;

мән – значение;

ең алғаш – впервые;

пайда болу – появиться;
 адалдық – справедливость;
 тазалық – честность;
 билік – власть;
 шекара – граница;
 шексіз – бескрайний.

Мәтінмен жұмыс. «Мемлекеттік рәміздер тарихынан» тақырыбындағы мәтінді оқи отырып, белгімен жұмыс жасайды, орыс тіліне аударады.

«V» - білемін	«-» білмеймін	«+» жаңа мәлімет	«?» тереңірек білгім келеді

Оқушы жұмысы тыңдалады.

«Жұптасыңыз, талқылаңыз, ортаға салыңыз»

стратегиясы.

Оқушылар жұптаса отырып (121-тапсырманы орындайды) берілген сөз тіркестерін орыс тіліне аударады, сөз тіркестерін қатыстыра отырып сөйлем құрайды немесе сурет салады.

Ең алғаш, көне ту, латын тілі, гералдика ілімі, зерттейді, туымыздың түсі, көк түсті, жоғары баға берген, күн бейнесі, ұшқан қыран, ою-өрнек.

Жұп пікірі тыңдалады.

2. «ДЖИКСО-1» стратегиясы.

1-топ:

1. Сөйлемдерді дұрыстап құрастырыңыздар.

Міндеті /сыйлау-/ әрбір адамның /мемлекеттік рәміздерді.

2. Құрастырылған сөйлем айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем?

Сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырыңыздар.

2-топ.

1. Тудың пайда болу тарихы.
2. Көп нүктенің орнына бастауышты қойып жазындар ... ертеден келе жатқан мемлекет белгісі.

3-топ.

1. Геральдика деген не? Оның негізін салушы кім?
2. ***Төбемізде желбірей бер, туымыз!***

Берілген лепті сөйлемді хабарлы сөйлемге айналдырыңыздар.

4-топ.

1. Біздің туымызда не бейнеленген?
2. ***Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады?*** Сөйлемді хабарлы, бұйрықты сөйлемге айналдырындар.

Топ пікірлері тыңдалады.

III. Ойтолғаныс сатысы.

«Ойтолғау»:

«Мемлекеттік рәміздер – еліміздің қасиетті белгісі».

Тест сұрақтары:

Ұлттық ою-өрнек қайда бейнеленген?

- а) Әнұран; ә) Елтаңба; б) Ту.

Шұғылалы күн қайда орналасқан?

- а) тудың ортасында; ә) Елтаңбада;
б) тудың сабында.

Шәкен Ниязбеков қай рәміздің авторы?

- а) ту; ә) Елтаңба; б) Әнұран.

Кері байланыс парағы толтырылады.

Үйге тапсырма: мемлекеттік рәміздер тарихы (іздену).

Тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді бойға сіңіріп, көңілге тоқу және «Қазақстан» өлеңін жаттау.



Гүлназ БЕЙСЕНОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Тілдер мерекесінің» мәні, ерекшелігі туралы түсінік беру. Жаңа сөздермен таныстыру; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ой-өрісін, сөйлеу қабілеттерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, өз ойын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды халқын, өз туған жерін, елін, тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі емес, сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, сөйлеу, проблемалық іздендіру, логикалық әдіс, салыстыру, дәлелдеу, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, ұнтаспа, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу;

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту:

22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдер күні, елімізді мекендейтін барша халық тілдерінің мерекесі. Бүгінгі біздің сабағымыз ерекше сабақ – дәстүрлі емес сабақ. Сабағымыздың тақырыбы – «Тілдер мерекесі». Бүгінгі сабақта «Тілдер мерекесі» жайлы пікір алысамыз. Жаңа

сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырып, сөздік қорымызды байытып, тілімізді дамытамыз. Сабағымыз пікірсайыс түрінде өтеді.

II. Жаңа сабақ.

1. Сөздікпен жұмыс: (1-слайд)

а) сөздіктегі сөздерді оқу;

ә) бір-екі оқушыға оқыту;

б) дәптерге жаздыру;

в) сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырту.

(3 топ екі сөйлемнен құрастырады, сөйлемдерін дәптерге жазады).

2. Мәтінмен жұмыс (2-слайд):

1998 жылы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты. Бұл жарлықта 22 қыркүйек Қазақстанда тұратын халықтардың «Тілдер мерекесі» деп жарияланған. Сондықтан жыл сайын барлық қазақстандықтар «Тілдер мерекесін» тойлайды. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы. Өмірде адамдар тіл арқылы бір-бірімен сөйлеседі, пікір алысады. Біздің мектебімізде бұл мереке жылда атап өтіледі. «Тілдер мерекесіне» біз алдын ала дайындаламыз. Барлық сыныптарда жоспарланған іс-шаралар өткізіледі. «Тілдер мерекесі» апталығында мәнерлеп өлең оқу, ән айту, билеу, мақал-мәтелдерді жатқа айту сияқты сайыс түрлері жүргізіледі. «Тілдер мерекесі» - Қазақстанда тұратын барша халықтардың ана тіліне құрмет көрсетілетін ортақ мейрам. Тілдер мерекесі адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырады. Бұл мереке – халықтардың ынтымақтастығын, бірлігін нығайтатын мереке.

1) мәтінді ұнтаспа арқылы тыңдайды.

2) бір рет өздері оқиды.

3) 29-беттегі 3-тапсырманы орындату (сұрақтарға жауап беру).

4) топтық жұмыс «Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны ойналады.

3. Оқулықтағы 7-тапсырманы орындайды (3-слайд).

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы.

Біздің мектебімізде бұл мереке өткізілмейді.

Бұл мереке – халықтардың ынтымақтастығын, бірлігін нығайтатын мереке.

Тілдер күні – Қазақстанда тұратын барша халықтардың ана тіліне құрмет көрсетілетін ортақ мейрам.

Адамдар бір-бірімен пікір алыспайды.

Біздің елімізде бұл мереке жоғары деңгейде өткізілмейді.

4. Осы сөйлемдердің ішіндегі соңғы «*Біздің елімізде бұл мереке жоғары деңгейде өткізілмейді*» деген сөйлемге пікірсайыс өткізу. Сыныпты 3 топқа бөлеміз.

I топ: Даттаушылар тобы;

II топ: Жақтаушылар тобы;

III топ: Сараптаушылар тобы.

III. Қорытынды.

- Сонымен, балалар, бүгінгі сабақта біз алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп ойлаймын. «Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде» дегендей, өз ана тілімізді құрметтеуге, көркейтуге өз үлесімізді қоссақ, тіліміздің мәртебесі биіктей түседі.

IV. Үйге тапсырма: «Тілдер мерекесі – ғажап мереке» тақырыбына эссе жазып келу.

V. Бағалау.

ЕСІМДІК, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІНДЕ ТҮЛЕГЕН ТӨРТ ТҮЛІК

Сабақтың мақсаты: білімділік – есімдік, оның түрлері туралы білімін кеңейтіп, сөздерін орын тәртібі, сөз тіркестерін құрастыра біліктілігін жетілдіру; **дамытушылық** – есімдік түрлерін ажырату, сөздердің орын тәртібін сақтау білу, лексикалық тақырыпты өз сөзімен әңгімелеп, қорытындылай білу, икем дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – танымдық белсенділігін арттыру, қазақтың дәстүріне, кәсібіне өз халқының өміріне деген сүйспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** жаңа білім беру сабағы. **Әдісі:** өзара сөйлесу, серіктес болу, бағалау, тексеру, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: суреттер, үлестірмелі материал, тірек сызба.

Сабақтың барысы: I. Мотивациялық кезең.

Мақсаты: Қызығушылығын ояту. Мал шақыру (жұмбақ өлең):

- Балалар-ау, балалар,
Мен бір жұмбақ айтайын.
Кім жауабын айта алар,
Зерегіңді байқайын.
Ертеменен айқайлап,
Қайда екен деп ақылдым,
«Ауқау-ауқау-ауқаулап»
Қай төлді мен шақырдым?
Шұнтыңдаған неме деп,

Қойса жақсы келе деп,
«Шөре-шөре-шөрелеп»
Қай төлді мен шақырдым?
Түгелдесем мен енді,
Ұмытыппын біреуді,
«Пұшайт-пұшайт» деп
Тағы да нені шақырдым?
Бәрі... бәрі келгесін,
Бөгелейін мен несін,
Бастап кеттім жайлауға,
Суға қансын, шөп жесін.
Бала бар ма білетін,
Дәл табады мұны кім?!
Жүрмесін деп қалып қап,
Қайта-қайта дауыстап,
«Қауыс-қауыс-қауыстап»,
Қай төлді мен шақырдым?
Құйрық жалы суылдап,
Тез жетсін деп зуылдап.
Шақырғанда келетін,
Қандай-қандай түлігім?

(Ә.Ахметов)

- Балалар, бұл жұмбақ өлеңнің шешімін таптық. Қалай ойлайсындар, бүгінгі тақырыбымыз қандай?

- Дұрыс айтасындар, біздің тақырыбымыз – «Есімдік, оның түрлерінде түлеген төрт түлік».

II. Жеделдетіп оқу кезеңі. Мақсаты: Мағынаны айту.

Топтық жұмыс: әр топқа мәтін беріледі.

I топ.

Түйе

Түйе – үй жануары. Түйенің мойыны ұзын. Екі өркеші бар. Құйрығы қысқа болады. Түйеге жүк артады. Түйе шөлге шыдамды. Сүтінен шұбат жасайды. Оның емдік қасиеті бар.

Адам түйенің етін жейді. Түйенің жүні өте бағалы. Түйе – күшті мал. Түйенің жас туған ботасы сүйкімді болады.

II топ.

Жылқы

Жылқы – өте сүйкімді, ақылды, ыстыққа, суыққа шыдамды. Қазақстанның көп жерлерінде жылқы қыс бойы далада жайылады. Жылқыны адам көлік ретінде пайдаланады. Жылқыны арбаға жегеді. Сүтінен қымыз жасайды. Жылқының етін жейді. Еті өте дәмді.

III топ.

Сиыр

Сиыр – төрт түлік малдың бірі. Сиырдың адам тіршілігі үшін үлкен пайдасы бар. Сиырдың сүтінен жасалған тамақтың түрі көп. Сиырдың сүтінен май, ірімшік, айран, қаймақ жасайды. Сиырдың етін жейді, сүтін ішеді. Ертеде сиырды көлік үшін де пайдаланған.

IV топ.

Қой-ешкі.

Аса пайдалы малдардың бірі – қой. Қой адамға әрі тамақ, әрі киім болады. Қойдан ет, май, сүт, жүн, тері алады. Қойдың жүнінен мата тоқиды. Төрт түлік малдың бірі – ешкі. Оның жүні ұзын болады. Түбітінен орамал тоқиды. Оның мүйізінен түрлі бұйымдар жасайды. Ешкінің сүті ерекше дәмді болады. Ешкінің төлін лақ дейді.

«Бақытты сәт» ойыны.

1-кезең. Лексикалық бөлім.

Кестені толтыру.

Шарты: «5»-10, «4»-8, «3»-7.

Топ	Мәтінді мәнерлеп оқу	Сөздік жұмыс	Сөз тіркесі	Сұрақтар	Жалпы ұпай
I топ					
II топ					
III топ					
IV топ					

2-кезең. Грамматикалық бөлім.

«Есімдік». Оның түрлері.

Есімдер тобына жататын сөз табының бірі – есімдік.

Қазақ тілінде есімдіктер мағыналы және тұлғалық ерекшеліктеріне қарай 7 топқа бөлінеді. Олар:

1. Жіктеу есімдіктері.

2. Сұрау.

3. Жалпылау.

4. Болымсыздық.

5. Сілтеу.

6. Өздік.

7. Белгісіздік.

5-сыныпта біз есімдіктің 4 түрін ғана өтеміз.

Кітапта берілген кесте бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

I топ	II топ	III топ	IV топ
Жіктеу есімдігі. Сөйлем құру.	Сілтеу есімдігі. 2-тапсырма. Сөз тіркестерін құру.	Сұрау есімдігі. 3-тапсырма.	«өз» есімдігі және «лақ» сөзін тәуелдеу.

3-кезең. Диалог құру.

Әр топқа төрт түліктің атауы берілген. Берілген тақырыптарына диалог құрастырады.

4-кезең. «Сөз маржаны». Төрт түлік туралы мақал-мәтел айту.

III. Бағалау. Оқушылардың білімін тексеру.

IV. Рефлексия. Алған білімдерін тест түрінде тексеру. (10 сұрақ).

1. Төрт түлікке не жатады?

а) торғай; ә) аю; б) жылқы.

2. Жылқы сүтінен не жасайды?

а) нан; ә) қаймақ; б) қымыз.

3. Сиыр адамға не береді?

а) картоп; ә) сүт; б) пияз.

4. Түйенің төлі?

а) тауық; ә) бота; б) ит.

5. Ешкіні қалай шақырады?

а) ах-ах; ә) әй-әй; б) шөре-шөре.

6. Қойдың иесі?

а) Шопан ата; ә) Шекшек ата; б) Ойсыл қара.

7. Айран ненің сүтінен жасалады?

а) жылқының; ә) түйенің; б) сиырдың.

8. Ешкінің белгісі?

а) жеңілдік; ә) көңіл; б) тақырлық.

9. Еттен қандай тағам жасалады?

а) ботқа; ә) бесбармақ; б) палау.

10. Ешкі түбітінен не тоқиды?

а) орамал; ә) жемпір; б) сөмке.

Үй тапсырмасын беру.



Олеся КОЗЫРЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Риддер қаласындағы
№3 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СЫН ЕСІМДЕРГЕ БАЙ ҚАЗАҚСТАН

Сабактың мақсаты: білімділік – оқушылардың аталған тақырып бойынша алған білімдерін пысықтап, жүйелеу. Сын есімдерді қайталап, бекіту. Сын есімдерді тақырыппен байланыстырып, қолданып үйрету; **дамытушылық** –

ауызекі сөйлеу дағдыларын, қисынды ойлау қабілеттерін дамыту. Тіл мәдениетін жетілдіру; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; **валеологиялық** – сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін үнемі ескеріп отыру; **шығармашылық** – тақырыпты шығармашылықпен қабылдап, жұмыс істеуге үйрету.


Түрі: дәстүрлі. **Типі:** бекітіп, пысықтау және жүйелеу сабағы. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, география. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, жартылай ізденіс, интерактивтік, мәнерлеп оқу әдісі, кластер әдісі. **Қолданылатын технологиялардың элементтері:** деңгейлік оқыту технологиясының элементтері, қисынды ойлау. **Оқушылармен жұмыстың ұйымдастырылуы:** жаппай, жекелей, жұптық.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!?
- Отырыңдар.
- Сыныпта кезекші кім?
- Бүгін кім жоқ?
- Келіңдер, енді, балалар, «Шаттық шеңберін» құрамыз.
- ОТАН – туған үйіміз, ОТАН – туған жеріміз,
- ОТАН – ортақ үйіміз, ОТАН – көңілді ән, күйіміз.
- Балалар, Отан дегеніміз не?
- Орындарыңа отырыңдар.
- **Мына сөзжұмбақты шешейік.**

1. Қазір жылдың қай мезгілі? 2. Қыстың үшінші айы? 3. Қыста не қатады? 4. Қыстың екінші айы қалай аталады? 5. Қыстың бірінші айы қай ай? 6. Қыста күн қандай болады? 7. Қыста адамдар аяғына не киеді? 8. Қыста не жауады? 9. Қыста адамдар басына не киеді?



- Ортасында қандай сөз шықты?
- Сонымен, біздің Отанымыз қай ел?
- Біздің Отанымыз қандай екен?



- Мұғалім *тәуелсіз, егеменді, көп диаспоралы, үлкен, бай, жас* сөздерін дауыстап айтады, оқушылар қайталайды.

- Осы сөздер қай сұраққа жауап береді? Қай сөз табына жатады? Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай, қалай ойлайсыңдар?

- Біз бүгін не істейміз?

Сабақтың мақсатын айту: бүгін сабақта біз «Қазақстан» тақырыбы бойынша алған білімдерімізді пысықтап, бекітеміз. Сын есімдерді қалай меңгергенімізді көрсетеміз.

- Сын есім дегеніміз не? Сын есім қай сұрақтарға жауап береді? Сын есімдер қалай бөлінеді? Туынды сын есімнің қандай жұрнақтары бар? Мына сын есімдердің жұрнақтары бар ма екен? Сонымен олар сын есімнің қай түрлеріне жатады?

- Енді, мысалдар келтіреміз. Негізгі (туынды) сын есімдерді атаңдар.

- Енді, жұмыс дәптерлеріңді ашып, тапсырмаларды орындайық.

1-тапсырма. 3-деңгей. Берілген сөйлемдерден сын есімдерді теріп жаз. Олардың түрін ажырат.

Астана – жаңа қала. Қазақстанның жері үлкен, бай. Қазақстанның Мемлекеттік Туында ұлттық өрнек бейнеленген. Риддердің табиғаты тамаша. Біздің ел – көп диаспоралы. Қазақстанда асқар тау, жасыл жазықтар бар. М: сұлу (негізгі сын есім).

2-деңгей. «Қазақстан» тақырыбы бойынша 8 сөз тіркесін құрастыр (сын есім + зат есім). Сын есімнің түрін ажырат.

М: биік тау (негізгі сын есім).

1-деңгей. Сын есімдерді пайдаланып, «Қазақстан» тақырыбы бойынша 5-6 сөйлем құрастыр. Сын есімнің түрін ажырат (негізгі, туынды). Орындауға 5-6 минут беріледі.

- Тапсырмаларды тексереміз. Бағаларды бағалау парағына қоямыз.

- Балалар, «Қазақстан» деген сөзді естігенде, сендердің ойларыңа, естеріңе қандай сөздер келеді?



- Сызба бойынша сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрайық.

2-тапсырма. 3-деңгей.

1. Сөз тіркестерін дұрыс құрастыр:

тұңғыш	қала
ұлттық	тіл
мемлекеттік	валюта
асқар	Президент
әдемі	гүл
үлкен	мемлекет
көп диаспоралы	тау

2-деңгей. «Менің Отаным» тақырыбына әңгіме құрастыр (6-7 сөйлем).

1-деңгей. «Қазақстан» тақырыбы бойынша диалог құрастыр (жұппен жұмыс).

Тексеру.

- Қазақ халқы мақал-мәтелдерге өте бай. Отан туралы қандай мақал-мәтелдерді білеміз? Келесі тапсырмамыз – «Мақалды жалғастыр».

1. Ер елінде,
2. Отан отбасынан
3. Туған жердің жері де көрікті,
4. Отан оттан да
5. Ел іші –
6. Туған жердің күні де ыстық,
7. Әркімнің өз жері -
8. Туған жердің ауасы да
9. Отансыз адам -

Тест сұрақтарына жауап беру. Бағаларды бағалау парағына қою.

Қорытындылау. Сонымен, біз сабақта не істедік? Нені қайталадық, нені бекіттік?

Бағалау.

Үйге тапсырма: 1-деңгей – «Менің Отаным» тақырыбына шығарма жазу; 2-деңгей – «Қазақстан. Сын есім» тақырыбына тест құру (10 сұрақ); 3-деңгей – «Қазақстан» тақырыбына диалог құру.

Бибігүл МЫРЗАНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№8 жалпы орта білім беретін
эстетикалық тәрбие мектеп-кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
Марина ТЕРНОВА,
орыс тілі пәнінің мұғалімі,
Елена ЛАТЫПОВА,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

ХАЛЫҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН МАҚСАТ БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕММЕН ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – тақырып бойынша алған білімдерін жинақтап, жүйеге келтіру; **дамытушылық** – әр түрлі әдіс түрлерін қолдану арқылы оқушылардың үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) коммуникативтік мүмкіндіктерін, біліктері мен дағдыларын дамыту (сөйлеуі, әңгіме айтуы, мәнерлеп оқуы); **тәрбиелік** – халық дәстүрлерін сыйлау, бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері арқылы балаларға адамгершілік тәрбие беру. Тілдерді үйрену қажеттілігі.

Түрі: интеграциялық сабақ. **Типі:** білімді бекіту, жүйелеу, тіл дамыту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** әңгіме, сұрақ-жауап, іздендіру, көрнекі және техникалық құралдар көмегіне сүйену, аударма, тіл дамыту. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, салт-дәстүрлерге байланысты суреттер, лингафондар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.

Жеңіл музыка ойналады.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі оқушылармен, қонақтармен амандасады.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі бүгінгі сабақ өзгеше екенін айтып, сәттілік және жақсы баға алуларына тілек білдіреді.

Орыс тілі мұғалімі сабақтың мақсатымен таныстырады және сабағымыздың эпиграфын айтып кетеді.

Интерактивті тақтада үш тілде эпиграф көрсетіледі.

Эпиграф:

Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс.

Н.Назарбаев.

Қазақстан халқына Жолдауынан.

2007 ж. 28 ақпан.

Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками.

Н.Назарбаев.

Из послания народу Казахстана.

28 февраля 2007.

Kazakhstan should be perceived all over the world as the highly educated country. Which population uses three languages.

N.Nazarbayev.

From the message to the people of Kazakhstan of February 28.2007.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі осы сабақта мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем тақырыбын бекітіп, өткен сабақта жай сөйлем, құрмалас сөйлем бойынша алған білімдерін 3 тілде қайталап, әр оқушы жеке жұмыс істейтіні туралы айтады.

Қазақ тілінде тестік жұмыс, ағылшын тілінде кеспе беріледі.

Тақтада бірнеше сөйлем жазылған, сол сөйлемдерді

дәптерге жазып, сөйлемнің түрлерін ажыратады және түрлаулы мүшелердің астын сызады.

I. Сөйлемдер тақтада беріледі:

1. Қазақ баласын ағаш бесікке салып өсірген.
2. Ж...них слал невесте гр..бёнку, зеркало и к..робочку румян которые ру(с,сс)кие жен(ь)щ..ны употребляли.
3. Үй иелері мерекелік дастарқан жайды және оны тәтті тағамдармен толтырды.
4. Подарки на н..воселье гости дарили перед уходом.
5. Русский ув..жает обычаи своей страны а казах ж..вёт по традиц..ям своего народа.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі: - Какие виды предложений вы знаете?

Чем отличается простое предложение от сложного (қазақ және орыс тілінде салыстырыла айтады).

Какие виды ССП вы знаете (с соединительными союзами со значением одновременности и последовательности, с разделительными союзами со значением чередования и возможности явления одного из двух или нескольких, с противительными союзами со значением противопоставления, сопоставления).

Қорытындыны бір оқушы интерактивті тақтада талдайды.

Предложения

ПРОСТЫЕ

1 грамматическая
основа

СЛОЖНЫЕ

2 грамматические
основы
ССП
СПП
БСП

(набор схем дан, должны составить соответствие)

- Какие виды придаточных предложений вы уже знаете?

Орыс тілі пәнінің мұғалімі: - Ребята, сегодня мы поговорим об обычаях и традициях казахского, русского

и британского народа, закрепляя знания о придаточных обстоятельствах.

II. Тақтада үш тілде сөздер берілген, сол сөздердің сәйкестігін табу керек (ағылшын тілі пәнінің мұғалімі тапсырманы түсіндіріп, сәйкестіктің дұрыс табылғанын тексереді).

Шілдеhana	Вечер по поводу рождения ребёнка	a fiance
қырқынан шығару	рубашка	a baby
нәресте	обычай	a birthday party
күйеу жігіт	мёд	a shirt
бал	невеста	wedding
бесікке салу	укладывать в колыбель	honey
жейде	имущество	to cut chains
тұсау кесу	отмечать 40 дней со дня рождения ребёнка	a child
дәстүр	свадьба	to celebrate 40 days' birthday
сәби	новорожденный, младенец	customs
мүлік	разрезать путы	a bride
той	ребёнок	to put smb. into the cradle
калындық	жених	equipment

Осы сөздердің ішінен қазақ тілінде жай сөйлем, орыс тілінде құрмалас сөйлем, ағылшын тілінде сөз тіркестерін құрастырады.

III. Мәтін 3 тілде аралас беріледі, оқушылар бұл мәтінді тыңдайды (наушниктен) және интерактивті тақтадан слайдтар көрсетіледі.

У каждого народа есть вера, способная творить чудеса. Поэтому появились обычаи и традиции. Очень много обычаев и традиций у казахского народа, связанных с рождением ребёнка.

Шілдеhana, ат қою, қырқынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу, тілашар, сүндет той, атқа мінгізу, тоқым қағу.

Бесікке салу – халқымызда бесік қасиетті, құтты мүлік, сәбидің ұясы болып есептеледі.

Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бұл – халқымыздың

елеулі үлкен дәстүрі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі адамына жүктеледі. Мерекелік дастарқан жайылып, бесікке салған адамға кәде беріледі.

У русского народа тоже есть обычаи, связанные с рождением ребёнка. Например, Крещение. Для этого обряда необходима была рубашечка и чепчик. Крёстному отцу давали крестик. Священник в храме трижды опускал в святую воду ребёнка, затем одевал крестик. По обычаю воду, в которой крестили ребёнка, необходимо было вылить в то место, где не ступает нога человека. Обязательно преподносили подарки матери и ребёнку, которые называли «на зубок».

В Британии

Every nation and every country has its own customs and traditions. In Britain traditions play a more important part in the life of people than in other countries. Englishmen are proud of their traditions and carefully keep them up.

English people are traditional about their meals. Their traditional love for tea is well known. From 4 to 6 there is a very light meal called 5 o'clock tea. It is a snack of thin bread and butter and cups of tea with small cakes. They love to drink tea with milk. Englishmen have their five-o'clock tea not only at home or in offices, but also in tea-rooms and tea-shops, which can be found in every town. At this time everything stops for tea. Tea is a part of British life. 7 cups of it wake you up in the morning, 9 cups will put you to sleep at night. This became a kind ritual since about 1840.

Қазақ тілі пәні мұғалімі мәтіннен не түсінгендерін сұрайды. Осы мәтін бойынша оқушылар бір-біріне 3 тілде сұрақ қояды. Мысалы, қазақша сұрақ қойса, орысша жауап береді, орысша сұрақ қойса, ағылшынша жауап береді.

Сәйкестігі табылған сөздер тақтаға жазылады.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі: - Используя данные слова,

составьте на казахском языке СПП с придаточным цели на русском языке предложения по схемам:

1. , чтобы.... 2. Чтобы,

Қазақ тілі мен орыс тілі пәні мұғалімдері берілген тапсырманы тексереді.

Какие СПП вы составили? Какие виды придаточных предложений у вас получились?

I. На экране показан текст, в котором пропущены знаки препинания. Учащиеся переписывают данный текст, расставляют знаки препинания, выделяют грамматическую основу, устно характеризуют предложения.

Кактолькоребёнкуисполнялосьсорокднейосуществлялсяобычай «Қырқынан шығару». В доме соберутся женщины чтобы искупать ребёнка налив сорок ложек воды в ч..шу. В этот день малышу стригли первые утробные волосы и но..ти. Что (бы) н (и,е) кто (не) мог вла (вст, ст) вовать над ними бережно хранили каждый в..лосок. Хозяйева накрывали праз...ничный стол, который был украшен сладостями. Все учас...ницы этого торжества одаривались подарками что (бы) благ...получие (не) покидало их дом.

II. Выполните синтаксический разбор последнего предложения. Все участницы этого торжества одаривались подарками, чтобы благополучие не покидало их дом.

Тапсырма интерактивті тақта арқылы тексеріледі.

IV. Интерактивті тақтадан мәтін көрсетіледі және наушникпен тыңдалады. Қазақ тілі мұғалімі тапсырманы түсіндіреді.

Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жызылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Ала жіппен тұсаудың негізінде «Болашақта бала ешкімнің ала жібін аттамасын!» деген тілек бар. Жіпті қадірлі, ісі алға басып

тұрған, әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.

Қолы жеңіл, сыйлы адам тұсау кесу үшін өткір қайшы, ала жіп дайындайды. Тұсауы кесілген баланы шапшаң жүгіртпек болып, екі қолынан ұстап әрі-бері жүгіртеді.

Мәтін не туралы? Мәтін ішінен мақсат бағыныңқылы сөйлемді тауып, синтаксистік талдау жасау.

V. Мәтін интерактивті тақтада беріледі. Мәтінді оқып, орысша құрып, мәтін ішінен мақсат бағыныңқылы сөйлемдерді тауып, синтаксистік талдау жасау.

Чтобы күйеу жігіт был счастлив со своей невестой, устраивались смотрины. Қалыңдық во время смотрин была главным действующим лицом, переодеваясь в лучшие свои платья до трёх раз. Девушку подвергали испытаниям. Чтобы показать свою хозяйственность, она брала веник и мела пол при гостях. Чтобы показать ловкость, перекидывала из руки в руку коклюшки и выносила кружева, сплетённые для венчального полотенца.

Для того чтобы обсудить невесту, хозяева выходили на крыльцо. После этого мать девушки подносила жениху стакан медового питья, чтобы показать интерес к невесте. Чтобы показать симпатию к будущей супруге, жених выпивал стакан с *honey*. В противном случае он лишь пригубливал питьё и возвращал стакан. Отец невесты угощал родителей жениха, чтобы показать своё согласие и одобрение. После назначался день *wedding*. Чтобы молодые жили долго и счастливо, день выбирался в соответствии с христианскими обычаями.

Тексеріс тақтаның көмегімен әр компьютерде көрсетіледі, дұрыс қойылған сөздер аударылып көрсетіледі немесе басқа түске боялады. Содан кейін ауызша тексеріледі, оқушы сөйлемді оқып, бағыныңқы сөйлемнің түрін айтады және оған сұрақ қояды.

VI. Графикалық диктант.

1. Чтобы выбрать счастливое имя ребёнку, родители использовали разные гадания. 2. Жас нәресте өмірге келгенде арнайы адам жіберіп, сүйінші сұратқан. 3. Новый дом должен был освятить служитель церкви. 4. В каждой деревенской избе был домовый, который охранял дом, скотину, людей. 5. Халқымыз өмірге келер сәбиді асыға күткен, себебі бала - өмірдің гүлі, жалғасы. 6. Подарки, которые пригодятся всей семье, дарили на новоселье. 7. Свекровь заплетала косу невестке, а мать с отцом благословляли её. 8. Хозяйева на ночь оставляли сладости, чтобы задобрить домового.

Оқушылар бірінің дәптерін бірі алып тексереді. Дұрыс жауап тақтада көрсетіледі. Сабаққа қорытынды жасалып, үй жұмысы беріледі.

Үйде: 1. Қазақ тілінде өз отбасындағы салт-дәстүр туралы әңгіме құру; 2. Орыс тілінде СҚМ сөйлемнің түрлерін қолдана отырып, өз отбасындағы салт-дәстүр туралы мәтін құру; 3. Ағылшын тілінде отбасы туралы мақал-мәтелдер жазып келу.

Бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қалиев. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А., «Рауан», 1994, 222-б. 2. Е.Т.Джелдбулдин. Обычаи и традиции. Петропавловск., «Макс-Медиа», 2001, 136-с. 3. Т.М.Артыкова. Қазақ тілі. 9-сынып. А., «Атамұра» 2005, 49-50-б. 4. И.А.Панкеев. От крестин до поминок. М., «Яуза», 1998, 251-с. 5. И.А.Панкеев. Русские обряды и суеверия. М., «Яуза», 1998, 432-с. 6. И.А.Панкеев. Полная энциклопедия быта русского народа. Т.1.- М: ОЛМА –ПРЕСС, 1998-688 с. Т.2. – М: ОЛМА –ПРЕСС, 1998-688 с. 7. www. ahmadtea.ru. «Традиции Британии». 8. www. anqlia.ru. «Традиции Британии». 9. А.Д.Томахин. «Англоговорящие страны».

Жанар ҚҰСАЙЫНОВА,
Лавровка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ БОЙЫНША ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

(6-сынып, басы өткен санда)

ЖАЗ.

A1-деңгей: 1.Подбери слова – синонимы с парной согласной на конце слова.

Стужа –/моро..., холо.../ аяз, суық.

Люди –/наро..., публи...а,/ халық, жұрт.

Печаль –/грус..ь, тос...а/ қайғы, мұң.

Команда –/прика..., распоря..ение/ бұйрық, үкім.

2. Берілген сөз және сөз тіркестерімен сөйлемдер құра.

Ауа-райы, ыстық, жылы, күндіз, түнде, жап-жасыл, гүлден тұр, сұлу, табиғат, қарағай мен шырша, суға түсу, тамаша.

A2-деңгей: 1.Көмектесу, ағаштар сөздеріне фонетикалық талдау жаса.

2. «Жазғы табиғат» туралы сурет бойынша сұхбат құрастыр.



B1-деңгей: 1.Үстеу дегеніміз не? Үстеудің түрлерін атап, мысалдар келтір.

2. Көп нүктенің орынына тиісті әріптерді қойып, үстеудің түрлерін анықтаңдар:

Әд...йі сөйледі, б...сқа бардың, с...ниша көп балық болды, т...м ақырын, нег...рлым оқысаң, соғұрл...м көп білесің.

B2- деңгей: 1. Берілген сөздерді өрбітіп жаз. Мысалы:

сөз- сөз тіркесі- сөйлем.

Бұлбұл, көкек, емен, раушан, гүл, жел, жайлау, демалыс.

2. Сызба бойынша жаз туралы әңгімеле.

Жаз	
айлары	ауа райы
↓	
Жазғы демалыс	
шомылу	демалу
↓	
Жазғы табиғат	
көркем	тамаша


A1- деңгей: 1. «Табиғат – асыл қазына» атты тақырыпқа шағын эссе жаз.

2. Үстеулердің түрлерін жазып, мысалдар жаз.

A2-деңгей: 1.«Табиғат» тақырыбына диалог құрастыр.

2. Табиғатты сақтау үшін не істеу керек? Өз пікіріңді дәлелдеп жаз.

A1-A2 -деңгейлер: Венн диаграммасын құрастыру.



C1-C2 деңгейлер: Венн диаграммасын құрастыр.



B1-B2 деңгейлер: Кестені толтыр.

Көктемнің құбылыстары.	Қыстың құбылыстары.	Жаздың құбылыстары.	Күздің құбылыстары.

Ауа райын болжау.

A1-A2-деңгейлер: сөйлемдерді оқып, аудару, сұхбат құрастыру.

Мысық керіліп ұйқыға берілсе, онда ұзақ уақыт бойы ауа райы қолайлы болады. Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауынды-шашынды болады. Қызылқаз /қоқиқаз/ былтырғы ұясын жөндемей жұмыртқаласа, жаз құрғақшылық болады.

B1-B2-деңгейлер: сөйлемдерді оқу, аудару, етістіктерді теріп жазу және шақтарын анықтау.

Егер ескі ұяны жөндеп, биіктететін болса, жаз жаңбырлы болады. Далада көкектің «ку-ку» деген дауысын жиі естісеңіз, алдағы күндер ашық болады. Шағалалар өзен, теңіз бетінде ұшып жүрсе, күн ашық болады, егер жиекте жүрсе, күннің бұзылатындығының белгісі. Бозторғай ән салса, күн ашық.

C1-C2-деңгейлер: сөйлемдерді оқу, аудару, үстеулерді тауып, түрлерін анықтау. Сұрақтар құрастыру.

Бал аралары топтанып шырын жинауға аттанса, күн ашық, егер ұясынан ұзамаса, ауа райында өзгеріс болады. Тауық биікке қонақтаса, жаңбыр болады. Қыста тауық ерте қонақтаса, күн суытады. Қара қоңыз тығылатын жер іздей бастаса, көп ұзамай жаңбыр жауады. Қарлығаштар аспанда самғап, биіктеп ұшса, күн ашық, төмендеп ұшса, жаңбыр жауып, жел тұрады.

Жаңбыр сіркіреп тұрғанда, тауықтар далада жем іздеп жүрсе, онда ақ жаңбыр болады, яғни, жаңбыр ұзаққа созылады. Тауық жерге аунап, қанатын қағып, тазалана бастаса, жаңбыр жауады. Қаз бен үйректер суға шомылып, қиқулап, қанаттарын қомдап, мазасыздана бастаса, ауа райы бұзылады.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН КЕСПЕ ҚАҒАЗДАР

(Жалғасы. Басы өткен санда)

1. Есептік сан есімдерді реттік сан есімдермен ауыстырып жаз.	2. Сандарды сөзбен жаз. Осы сандармен 3-4 сөйлем құрап жаз.	3. Түбірлес сөздерді бір бағанға жаз. Сан есімдермен 3 сөз тіркесін құрап жаз.
Он бес, отыз, алты, он, жүз, бір, үш, бес, тоғыз, қырық, тоқсан тоғыз, мың.	9, 11, 20, 32, 25, 34, 46, 50, 19, 17, 48, 59, 6, 63, 99, 78, 84, 91, 87, 86, 100, 185.	Оқу. Жаз, оқушы, киім, киді, жазу, ас, оқушылар, жазушы, ки, аспаз, киімдер.
4. Сөздерді қазақшаға аудар.	5. Сан есімдерді цифрмен жаз.	6. Керекті сөздерді қойып жаз.
Режим дня, завтра, упражнение, сегодня, соблюдает, вчера, утром, проснулся, в полдень, умывается, вечером, кушает.	Он төрт, алпыс алты, он жеті, бес жүз тоқсан төрт, екі мың жеті, жиырма үш, жүз жеті, сексен алты, алпыс бес, екі жүз елу, бір мың төрт жүз жетпіс екі, тоқсан бес, қырық екі, екі мың үш жүз жиырма тоғыз, он бір.	Бір жылда ... ай бар. Бір айда ..., ..., ... немесе ... күн бар. Әр аптада жеті ... бар. Әр тәулікте 24 ... бар. Әр сағатта 60 ... бар. Бір жылда 4 ... бар. Әр мезгілде 3 .. бар. Бір жылда 365 (366) ... бар.
7. Сұрақтарға жауап бер.	8. Сөйлесуге ұқсас сұрақ-жауап құра.	9. Сөз тіркестердің мағынасын түсіндір.

<p>Неше жыл мезгілі бар? Бір жылда неше ай бар? Бір айда неше күн бар? Бір айда неше апта бар? Бір аптада неше күн бар? Бір тәулікте неше сағат бар? Бір сағатта неше минут бар? Бір минутта неше секунд бар?</p>	<p>- Сәлеметсің бе, Ваня! Қазір уақыт қанша болды? - Сәлеметсің бе, Аян! Сағат бір жарым. -Ваня, сен таңертең нешеде тұрдың? - Мен жетіден он минут кеткенде тұрдым. - Сағат нешеде мектепте болдың? - Сағат сегізге он минут қалғанда.</p>	<p>Екі сағат. Сағат екі. Бес сағат. Сағат бес. Он сағат. Сағат он. Он екі сағат. Сағат он екі. Мен үйде екі сағат отырдым. Мен сағат екіде үйде болдым. Асан он сағат ұйықтады. Асан сағат онда ұйықтауға жатты.</p>
<p>10. Сөйлемдерді толықтырып жаз.</p>	<p>11. Реттік сан есімдер жасап жаз.</p>	<p>12. Оқы, орыс тіліне аудар.</p>
<p>Жыл мезгілдері: Ай аттары: Апта күндері:</p>	<p>Үш... күн, жеті... вагон, отыз... бала, он... машина, екі... автобус, сегіз... қабат, бес... үй, алты... пәтер.</p>	<p>Азат жетіде тұрады. Жеті жарымда таңертеңгі тамағын ішеді. Сағат сегізде мектепке келеді.</p>
<p>13. Керекті әріптерді қойып жаз.</p>	<p>14. Керекті әріптерді қойып жаз.</p>	<p>15. Сұраққа жауап бер:</p>
<p>Д.йсенбі, сейсе. бі, ж.ма, сенб., с.рсенбі.</p>	<p>Қа.тар, а.пан, с.уір, ш.лде, .ыркүйек, .азан.</p>	<p>Сен ... қайда болдың? (9.00, 2.30, 4.15)</p>
<p>16. Сөйлемдерді толықтырып жаз.</p>	<p>17. Сөздердің аудармасын жаз.</p>	<p>18. Сөздердің аудармасын жаз.</p>
<p>Менің ... сағатым бар. Атамның ... сағаты бар. Бөлмеде ... сағаты ілулі тұр. Сөреде ... сағаты тұр. Керекті сөздер: үстел, қабырға, қол, қалта.</p>	<p>Алдында, әуежай, үстінде, саябақ, жанында, қала, ішінде, қабат, астында, дәріхана, артында, биік.</p>	<p>Ледовый каток, вопрос, болельщик, ответ, соревнование, юрта, проходит (-ят), похож, выставка, показал (-а, -и), выставлены, пригласил (-а).</p>
<p>19. Сәйкес сөздермен тіркестіріп оқы.</p>	<p>20. Тәуелдік жалғауларын қосып жаз.</p>	<p>21. Сөйлемдерді толықтырып жаз.</p>

<p>Дүкен аялдама Көше оқушы Үй мультфилм Адам аяқ Теледидар билет Мектеп арена Автобус тротуар Театр нан Цирк қабырға</p>	<p>Менің дос..., апа..., түйме..., қалам... . Сенің дос..., апа..., түйме..., қалам... . Сіздің дос..., апа..., түйме..., қалам... . Оның дос..., апа..., түйме, қалам... . Менің қарындас..., қайшы., гүл... . Сенің қарындас..., қайшы., гүл... . Сіздің қарындас..., қайшы., гүл... . Оның қарындас..., қайшы., гүл... .</p>	<p>Мен қалада тұрамын. Менің үй... Жуков көше...нде орналасқан. Үй бес қабатты, пәтерлер... жылы, жарық, кең. Менің дос.. да осы үйде тұрады. Оның пәтер... төртінші қабатта. Ал менің пәтер... екінші қабатта. Мен дос...мен бірге мектепке барамын. Ол сабағ...н үздік оқиды. Маған да сабағ...ды жақсы оқуға көмектеседі.</p>
<p>22. Тиісті сөзді қойып жаз.</p>	<p>23. Тәуелдік жалғауларды белгіле.</p>	<p>24. Тиісті тәуелдік жалғауын қосып жаз.</p>
<p>Олардың атасы мен ... ауылда тұрады. А) құрбысы; Ә) әжесі; Б) досы. Әлия мен Әсеттің ... қалада орналасқан. А) үйі; Ә) кітабы; Б) ойыншығы.</p>	<p>А) -мын, -мін; -сың, -сің; -сыз, -сіз. Ә) -қа,ке; -ға, -ге; -мен, -бен, -пен. Б) -лар,-лер; -дар,-дер; -тар, -тер. В) -ым,-ім,-м; -ың, -ің, -ң; -ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз;-ы,-і, -сы,-сі.</p>	<p>Менің уәде..., оның бала..., сіздің әке..., сенің іні..., сенің әже..., сіздің әпке..., сенің сіңлі..., сіздің ата..., оның апа..., менің мұғалім..., оның дос..., сенің құрбы..., сіздің аға..., менің қалам... .</p>
<p>25. Сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>26. Сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>27. Сұрақтарға жауап бер?</p>
<p>Сен қайда тұрасың? Қалада нелер бар? Қалада кімдер тұрады? Саған қалада ұнай ма?</p>	<p>Сен ауылда болдың ба? Ауылда нелер бар? Ауылда кімдер тұрады? Саған ауыл ұнады ма?</p>	<p>Сенің үйіңнің алдында не бар? Үйіңнің жанында не бар? Үйіңнің артында не бар? Үйіңнің астында не бар?</p>
<p>28. Сөйлемдерді толықтыр.</p>	<p>29. Сөйлемдерді толықтыр.</p>	<p>30. Қай септіктің жалғауы? Анықта.</p>

<p>ішінде... алдында... Театрдың жанында... бар. артында... қасында... сыртында...</p>	<p>...касса ... ескерткіш Театрдың ... саябақ бар. ... мектеп ... дәріхана ... машина тұрағы</p>	<p>Біздің қалаға цирк келді. Мен <u>цирке</u> алдында... <u>досыммен</u> бардым. <u>Циркте аю</u> мотоцикл жүргізді. <u>Цирктің</u> ішінде <u>клоундар</u> фокус көрсетті. Біз <u>цирктен</u> <u>үйге автобуспен</u> келдік. <u>Циркте</u> көргенімді әжеме айттып бердім.</p>
<p>31. Өлеңді мәнерлеп оқып, септік жалғауы бар сөздерге сұрақ қойыңдар.</p>	<p>32. Мына сөздердің септіктерін анықтаңдар.</p>	<p>33. Зат есім сөздердің жалғауын көрсет. Қай жалғау екенін анықта.</p>
<p>Көрші атам. Күнде үйімнің қасынан Көрші атамды көремін. Жүгіріп кеп асыға, Оған сәлем беремін. Қолымды ол күліп кеп, Иіліп тұрып алады. -Міне, нағыз жігіт! – деп, Сүйсініп бір қалады. М. Жаманбалинов.</p>	<p>Бала, әкеге, оқушының, әжені, мектептен, баламен, атадан, үйді, қызбен, хатты, қалаға, театрдың, стадионды, саябаққа, аурухананы, дәріханада, дүкеннің, циркпен, вокзалдан, әуежай, кітапханадан, мектептің, бағдаршамнан, ағаштың, билетте, көрмеден, жарыстан, мұз айдынға, жүкті, ұшақта, өзеннен, көлде, фермадан, егістікке, пошта.</p>	<p>Біздің ауыл қаланың қасында орналасқан. Ауылда мектеп, аурухана, кітапхана, дүкен, көп үйлер, фермалар бар. Ауылдың сыртында үлкен өзен бар. Өзеннің үстінде жаңа көпір бар. Көпірмен адамдарға ғана өтуге болады. Біздің ауылдың қасында тас жол бар. Көліктер осы жолмен жүреді. Ферма ауылдың сыртында. Фермада малдар көп. Ауылымыз әдемі, таза.</p>
<p>34. Керекті сөздерді қойып жаз.</p>	<p>35. Сөйлемдерді толықтыр.</p>	<p>36. Табыс септіктің жалғауын көрсет.</p>
<p>Көшеде ... тұр. Театрда ... болды. Циркте ... бар. Стадионда ... өтеді. Вокзалда ... тұр. Әуежайдың үстінде ... жүр. Керекті сөздер: ұшақ, жарыстар, пойыз, клоундар, бағдаршам, спектакль.</p>	<p>Ауылдың ішінде бар. жанында сыртында қасында артында алдында</p>	<p>Үлкенді сыйлау керек. Қызды ренжітпе. Дәптерді таза ұста. Ағашты сындырма. Жақсы досты табу қиын. Алманы же, ол дәрумен. Туған жеріңді, мектебіңді, оқытушыңды сүй. Киімді ұқыпты киіп үйрен. Үстіңді таза ұста. Тамақты асықпай іш.</p>
<p>37. Сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>38. Жатыс септіктің жалғауын көрсет.</p>	<p>39. Шығыс септіктің жалғауын көрсет.</p>

<p>Қайда барасың? (мектеп, үй) Бұл кітап кімге керек? (Әлия, Қайрат) Әкең қайда кетті? (жұмыс, стадион) Май неге керек? (сағат, машина) Гүлнар суретті қайда салды? (тақта, асфальт) Кімге мұғалім риза болды? (Оля, Сәуле)</p>	<p>Біздің қалада зауыттар, фабрикалар бар. Көшеде машиналар көп. Әкем мен шешем жұмыста. Фабрикада киім тігеді. Мектепте оқу жылы басталды. Мұғалім сыныпта отыр. Машина гаражда тұр. Мен Астанада болдым. Балалар далада ойнап жүр.</p>	<p>1) Ұстаздан шәкірт озар. 2) Тамшыдан дария болар. 3) Ине өткен жерден жіп те өтер. 4) Оқу ойдан ұзақ емес. 5) Ақыл ауыздан, мерей көзден. 6) Әкеден – ақыл, Анадан – мейір.</p>
<p>40. Барыс септігінің жалғауын көрсет.</p>	<p>41. Ілік септігінің жалғауын көрсет.</p>	<p>42. Көмектес септігінің жалғауын тап.</p>
<p>1) Өнерлі өрге жүзеді. 2) Қына тасқа бітеді, Білім басқа бітеді. 3) Батырға оқ дарымайды, Батылға жау жоламайды. 4) Адам болатын бала алысқа қарайды. 5) Қарағайға қарап тал өсер, Қатарына қарап бала өсер. 6) Өтірік сөз жанға қас.</p>	<p>1) Әдептілік, ар-ұят – Адамдықтың белгісі. 2) Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. 3) Өнерлінің өрісі кең. 4) Жақсы адам – елдің ырысы, Жақсы жер – жанның тынысы. 5) Еріншектің ісі – екі. 6) Жолдасы көптің – олжасы көп.</p>	<p>1) Білімді қара жермен кеме жүргізеді. 2) Оқу инемен құдық қазғандай. 3) Нанданмен дос болғанша, Кітаппен дос бол. 4) Сумен ойнама - бағарсың, Отпен ойнама - жанарсың. 5) Көппен көрген - ұлы той. 6) Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты.</p>
<p>43. Сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	<p>44. Сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	<p>45. Артық сөздерді көрсетіңіз.</p>
<p>Сіздің әкеңіздің туған жері қайда? Әкеңіздің білімі қандай? Петропавлда университет бар ма? Әкеңіз қайда жұмыс істейді? Әкеңіздің жұмысында болдыңыз ба?</p>	<p>Сіздің шешеніздің туған жері қайда? Шешеніздің білімі қандай? Шешеніз қай қалада білім алды? Ол қайда жұмыс істейді? Шешеніздің жұмысында болдыңыз ба?</p>	<p>1) Ұшқыш, ұшақ, тікұшақ, саябақ, әуежай. 2) темір жол, пойыз, вагон, купе, стадион. 3) дүкен, жанкүйер, жарыс, мұз айдыны. 4) суретші, цирк, көрме, сурет, пейзаж. 5) арена, цирк, көрермен, көше, фокус.</p>
<p>46. Тәндікті білдіретін қосымша.</p>	<p>47. Жіктік жалғауы нені білдіреді?</p>	<p>48. Заттың көп екенін не білдіреді?</p>
<p>А) көптік жалғау; Ә) тәуелдік жалғау; Б) жіктік жалғау; В) септік жалғау.</p>	<p>А) заттың көптігін; Ә) адамның кәсібін, мамандығын, кім екенін білдіреді.</p>	<p>А) жіктік жалғау; Ә) көптік жалғау; Б) тәуелдік жалғау; В) септік жалғау.</p>

49. Мәтінді оқы. Аудар.	50. Сөйлемдерді дұрыс құрастыр, жаз.	51. Берілген сөздерден сөйлемдер құра.
Дидар Алматыда тұратын. Олар Астанаға көшіп келді. Дидарға Астана өте ұнады. Әсіресе, Есіл өзені ұнады. Ол қаланы екіге бөліп тұрады. Дидардың үйі өзеннің оң жағасында.	1) мұражайға, барды, әкесімен, Аян. 2) жүргізді, аю, мотцикл, циркте. 3) сурет көрмесі, қалада, ашылды. 4) мұз айдыны, Алматыда, «Медеу», бар. 5) болғым келеді, ұшқыш, менің де.	1. кең, ауласы, біздің, үйдің. 2. ойнайды, балалар, аулада, біздің. 3. барамын, мектепке, досыммен, бірге. 4. кітап, оқыдым, мен, қызық. 5. тұрады, ауылда, атам, мен, әжем.
52. Сөздерді оқы. Әліпби, оны ретімен көшіріп жаз.	53. Мәтінді оқы. Сан есім сөздерге сұрақ қой.	54. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сөйлемдерге сұрақ қой.
Қарағанды, Өскемен, Алматы, Семей, Екібастұз, Талдықорған, Байқоңыр, Жетісай, Кентау, Петропавл, Шымкент, Орал, Астана, Қостанай.	Біз тоғыз қабатты жаңа үйде тұрамыз. Онда екі подъезд бар. Мен бірінші подъезде тұрамын. Менің досым Алма екінші подъезде тұрады.	Менің Отаным – Қазақстан Республикасы. Қазақстанның жері кең-байтақ. Алтайдан Атырауға дейін созылып жатыр. Жеріміз кенге де бай.
55. Аталған тақырып және тірек сөздерді пайдаланып мәтін құра.	56. Аталған тақырып және тірек сөздерді пайдаланып мәтін құра.	57. Аталған тақырып және тірек сөздерді пайдаланып мәтін құра.
Тақырып: Көше тәртібі. Тірек сөздер: көше қиылысы, көлік, бағдаршам, оң жақ, сол жақ, жаяу адамдар жүретін жол.	Тақырып: Вокзалда. Тірек сөздер: темір жол, жолаушы, жолсерік, билет, Астана, бару, касса, жүрдек пойыз, вагон, станция.	Тақырып: Театрда. Тірек сөздер: шақырды, кездестік, орталықта, көше, спектакль, касса, билет, қызық, өтті, досым, көңілді.
58. Бұл сөздерді қашан қолданасың.	59. Өлеңді жаттап ал.	60. Өлеңді жаттап ал.
Рұқсат етіңіз, мархабат етіңіз, мүмкін болса, ренжімессіз, мақұл, қалауыңыз білсін.	Кенге толы қойнауы, Төлге толы жайлауы. Ол – біздің Қазақстан!	Анамыздай тілеуі – ақ Отан бізде біреу – ақ! Ол – біздің Қазақстан!

(Жалғасы бар).

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 03.07.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1452. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№7, 2012 ж., 144 бет, Алматы.